

Министр образования и науки  
Республики Татарстан  
А.Х.И. Министр  
«27» \_\_\_\_\_ 2023 года

Министр образования и науки  
Республики Татарстан  
А.Х.И. Министр  
«27» \_\_\_\_\_ 2023 года

Исходящий номер документа: 100/2023-2024  
2023-2024 год, 2023-2024 год, 2023-2024 год

Копия документа: 100/2023-2024





## Ұлттық құндылықтыр: ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ, АР-ҰЯТ, ТАЛАП

### ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ

- Отаншыл, мемелкетшіл және намысшыл
- Мемлекеттік рәміздерді қадірлейді
- Елінің тарихын құрметтейді
- Ұлттық мирасты мәдениетті дәріптейді
- Құқықтық және экологиялық мәдениетті жоғары бағалайды

### АР-ҰЯТ

- Ар-ұят, адалдықты жоғары бағалайды
- сөзіне берік, ісіне жауапкершілікпен танытады
- Ата-анасына сүйіспеншілікпен қарайды
- Достарын, сыныптастарын сыйлайды
- Кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді

### ТАЛАП

- Жан мен тән тазалығын сақтайды
- Дұрыс тамақану мәдениетін түсінеді
- Қоршаған орта тазалығын сақтайды
- Ақпараттық медиа және қаржылық сауаттылық
- Ізденімпаз, жасампаз тұлға

### 2023-2024 оқу жылының 8 «Ә» сыныбының тәрбие жоспары

| №  | Іс-шаралар                                                                                                                                                | Орындау мерзімі | Аяқтау нысандары                     |
|----|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------|--------------------------------------|
| 1  | "Мектебім-мейірім мекені!"                                                                                                                                | 01.09.2023      | #Bilim_quni хэштегі, салтанатты жиын |
| 2  | «Отбасылық татулық, қоғамдағы татулық»                                                                                                                    | 08.09.2023      | Тәрбие сағаты                        |
| 3  | Жол ережесін білеміз бе? <b>ЖЖЕ</b> . Жол жүру ережелері                                                                                                  | 11.09.2023      | Түсіндіру, мәлімет беру              |
| 4  | «Отбасылық дәстүрлер »                                                                                                                                    | 18.09.2023      | Танымдық сабақ                       |
| 5  | "Тілім менің- ғасырлардан аманат"                                                                                                                         | 25.09.2023      | Тәрбие сағаты                        |
| 6  | "Ұстаз сенің алдыңда"                                                                                                                                     | 02.10.2023      | Тәрбие сағаты                        |
| 7  | "Денсаулықтың бшарты -таза ауа, дұрыс тамақтану, қозғалыс, тыныш ұйқы,"<br><b>ЖЖЕ</b> . Көлік құралдарының қозғалысы. Көлік құралдарының аялдама жолдары. | 09.10.2023      | Мәлімет беру                         |
| 8  | "Бір отбасы-бір кітап!" Балалар кітапханасы жобасы                                                                                                        | 16.10.2023      | Тәрбие сағаты                        |
| 9  | "Тәуелсіздік тұғырым" 25 қазан Республика күні                                                                                                            | 23.10.2023      | Тәрбие сағаты                        |
| 10 | "Оян, ар мен адалдық"                                                                                                                                     | 06.11.2023      | Тәрбие сағаты                        |
| 11 | «Ұлттық валюта теңге»<br><b>ЖЖЕ</b> . Көлік құралдарының нөмірлік, тану, белгілері мен жазбалары                                                          | 13.11.2023      | Тәрбие сағаты                        |
| 12 | «Су мен электр энергиясын үнемдеуге бағытталған Үнемділік инноваторы»                                                                                     | 20.11.2023      | Мәлімет беру                         |
| 13 | «Мейірімділікпен сенім есігін ашады»                                                                                                                      | 27.11.2023      | Тәрбие сағаты                        |

|    |                                                                                                                                           |            |                |
|----|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------|----------------|
|    |                                                                                                                                           |            |                |
| 14 | «Тарих пен тіл тамырлас»                                                                                                                  | 04.12.2023 | Тәрбие сағаты  |
| 15 | "Ұлттық рух-тәуелсіздік тірегі"                                                                                                           | 11.12.2023 | Тәрбие сағаты  |
| 16 | «Таным.Тағылым.Тәрбие.»<br><b>ЖЖЕ.</b> Жол- көлік оқиғасы уақытындағы оқушылардың мінез-құлқы                                             | 25.12.2023 | Тәрбие сағаты  |
| 17 | "Мақтан тұтар ұлы тұлға" Д.Қонаев                                                                                                         | 08.01.2024 | Танымдық сабақ |
| 18 | «Таза болса табиғат –аман болар адамзат!»<br><b>ЖЖЕ.</b> Түрлі жарақаттар алған жағдайда алғашқы медициналық көмек                        | 15.01.2021 | Тәрбие сағаты  |
| 19 | «Ұлттық ойын-ұлт қазынасы»                                                                                                                | 22.01.2024 | Тәрбие сағаты  |
| 20 | «Құқық – әділет пен парасат жолы»                                                                                                         | 29.01.2024 | Сайыс сабақ    |
| 21 | «Мұқағали Мақатаев – поэзия тұлпары»                                                                                                      | 05.02.2024 | Танымдық сабақ |
| 22 | «Мақал–сөздің азығы,жұмбақ – ойдың қазығы»                                                                                                | 12.02.2024 | Мәлімет беру   |
| 23 | «Тазалық денсаулық кепілі»<br><b>ЖЖЕ.</b> Жол қозғалысының қауіпсіздігі                                                                   | 19.02.2024 | Сайыс сабақ    |
| 24 | «Өзіңді мамандықтар әлемінде тап»                                                                                                         | 26.02.2024 | Тәрбие сағаты  |
| 25 | «Ізгіліктің бір ізі-алғыс айту                                                                                                            | 04.03.2024 | Тәрбие сағаты  |
| 26 | «Бәрі де, <b>Ана</b> , бір өзіңнен басталды»<br><b>ЖЖЕ.</b> Жол қозғалысына қатысушылардың құқықтары мен міндеттері мен жауапкершіліктері | 11.03.2024 | Тәрбие сағаты  |
| 27 | «Нұр себеле ұлыстың ұлы күні»                                                                                                             | 18.03.2024 | Тәрбие сағаты  |
| 28 | «Достық–көмекпен мықты»                                                                                                                   | 01.04.2024 | Тәрбие сағаты  |
| 29 | «Тиімді әрі пайдалы тамақтану негізі»<br><b>ЖЖЕ.</b> Жаяу жүргіншілерге арналған жол жүру ережесі.Жол қақпан                              | 08.04.2024 | Тәрбие сағаты  |
| 30 | «Сөз қадірі – өз қадірің»»                                                                                                                | 15.04.2024 | Тәрбие сағаты  |
| 31 | «Ұлттық киім–ұрпаққа мұра»                                                                                                                | 22.04.2024 | Тәрбие сағаты  |
| 32 | «Бірлігіміз жарасқан елміз»<br><b>ЖЖЕ.</b> Жол көлік оқиғасына әкеп соқтыратын жол жағдайларын зерттеу                                    | 29.04.2024 | Тәрбие сағаты  |
| 33 | «Жеңіс деген шат күлкісі баланың»                                                                                                         | 06.05.2024 | Тәрбие сағаты  |
| 34 | «Тиімді әрі пайдалы тамақтану негізі»                                                                                                     | 13.05.2024 | Тәрбие сағаты  |
| 35 | «Менің гүлзарым»<br><b>ЖЖЕ.</b> Қорытынды сабақ                                                                                           | 20.05.2024 | Тәрбие сағаты  |

## **Тақырыбы: «Мектеп–мейірім мекені»**

Сабақтың мақсаты: Жас ұрпақты Отанын сүйуге, еліміздің рәміздерін қастерлеуге, бай - қуатты ел екендігін мақтан етуге үйретіп, туған еліне, жеріне деген сүйіспеншілігін арттырып, махаббат сезімін ояту;

Құндылықтарды дарыту: Отанын, туған жерін қорғай білуге, халқымыздың талантты ақындарының өлеңдері мен ата

- бабаларымыздың өнгеге етіп қалдырған даналық сөздері арқылы оқушыларды ұлтжандылыққа, атамекенін көздің қарашығындай сақтай білуге, патриоттық сезімге тәрбиелеу;

Рәсімдеу: Презентация, көрнекілік суреттер

Сабақтың барысы: Гимн шырқалады. Білім күнімен құттықтау. -Балалар, бүгін бізде ерекше күн, бүгінгі сабағымыз біздің білім күніне, бірінші қыркүйек күніне арналған. 1-ші қыркүйек күні барлық балалбақшаларда, мектептерде басқа да білім беру мекемелерде сабақ басталады. Бұл күн сендер үшін, яғни балалар үшін және біздер үшін, ұстаздар үшін үлкен мереке күні болып саналады. Әр бір мектептерде, балабақшаларда, басқа да білім беру мекемелерде алғашқы қоңырау соғылады. Сабақ эпиграфымен таныстыру Сұрақ-жауап «Сиқырлы қорапша» 1.Қалай ойлайсың, білім не үшін қажет? 2.Білім бізді қайда жетелейді? 3.Адамға білім үшін не керек? 4.Оқу кезінде қандай қиындықтар кездеседі?

Еліміз бойынша қызықты деректермен таныстыру. 1.Халық саны – 17 202 600 адам.

Бұл әлем бойынша 62-ші орын.

2. Қазақстанда шамамен 130 ұлт өкілі бар.

3. Жылқылар алғашқы мәрте қазіргі Қазақстанның аумағында қолға үйретілді.

4. Қазақстан – тюльпан мен алманың отаны.

5. Медеу - әлемдегі ең биік орналасқан «Менің саяхатым» тақырыбы бойынша « 6 жапырақша» әдісі

1.Жаз сенің есінде несімен қалды? 2.Келесі жазды қалай елестетесің?

3.Осы жазда ойындағы нәрсені жүзеге асыра алдың ба? 4.Осы жазда қай жақтарға саяхаттадың немесе қыдырдың? 5.Осы жазда есінде қалған ерекше сәтті баянда.

6.Осы жаз сені несімен қызықтырды?

Стикер таратылады, оқушылар әсерлерімен бөліседі.

Қорытындықан мұз айдыны. 6. Мұнай өндіруденде 8 орын алады.

«Менің саяхатым» тақырыбы бойынша «6 жапырақша» әдісі 1.Жаз сенің есінде несімен қалды?

2.Келесі жазды қалай елестетесің? Қорытынды

## **Тақырыбы: «Мектеп–мейірімділік мекені»**

Мақсаты: Балалардың «мейірімділік», «қайырымдылық» құндылықтары туралы түсініктерін кеңейту.

Міндеттері:

— мейірімділіктің адам өміріндегі маңыздылығын түсіндіру;

— өзара сыйластық қарым — қатынастарын дамыту;

— мейірімділікке тәрбиелеу.

Біз бүгінгі тренингімізде адамның жақсы құндылықтарының бірі мейірімділік жайлы әңгімелесеміз.

Адамдардың бір — біріне деген мейірімділігі — әдептілік белгісі.

Мейірімділік — адамның өзге біреуге жылылығын, ізгі ниеті мен лебізін білдіру көрінісі. Мейірімділік адамдар арасындағы сыйластық, кең пейілділік, жанашырлық, ізгі ниет секілді қасиеттерге негізделеді. Мейірімділік адамның жоғары адамгершілік белгісі ретінде оның бүкіл тыныс — тіршілігін, жан дүниесін жадырататын, шат — шадыман тіршілігі үшін қажетті аса маңызды қасиеттің бірі болып саналады.

“Мейірімділік, махаббат, қайырымдылық, адалдық секілді ақ жүректен шығады” (Шәкәрім)

Қазақтың дәстүрлі әдеп жүйесінде мейірімділік адамдар арасындағы адамгершілік, ізгілік пен ізеттілік, имандылық пен инабаттылық секілді асыл қасиеттермен үндестік тапқан. Ж. Баласағұн “кір тигізбей ұста ойыңның өресін, мейірім етсең — мейірімділік көресің” деп, мейірімділікке зор мән берген.

«Мейірімді адам» бойындағы қасиеттерді атар өтсек: жақсы адам, ақкөңіл, жаны таза, шыдамды, рақымшыл, жылы жүректі. Енді осындай адам деп кімді айтар едіңдер?

— Әрине мейірімді жандардың қатарында ең бірінші біздің аналарымыз тұрады екен.

— Адамзат ненің мейіріміне бөленген?

— Күн, табиғат, ана, ұстаз, дәрігер және тағы басқалардың мейіріміне бөленеді. Ендеше мына сұрақтарға жауап беріп көрейікші:

Ойланайық, пікірлесейік

1. Мейірімділік деген не?

2. Сенің ойыңша мейірімді адам қандай болу керек?

3. Өздерің қандай мейірімді іс жасадыңдар? Үлкендер еркелеткенде қандай күйде боласыңдар?

Жақсы көретін адамдарға қандай тілек айтқың келеді?

Өздеріңе мейірімділік көрсеткен кезде қандай сезімде болдыңдар? Мейірімділікті қалай көрсетуге болады? Адамдар бір — біріне жылы сезімін білдіріп, тек жақсылық ойлау, игілік жасау арқылы мейірімділік таныта алады. Суреттерге қарап жағдаяттарды шешу.

Нақыл сөздер

«Мейірімділік — жүректен» (Халық даналығы) “Мейірімділікті анадан үйрен” ( Халық даналығы)

Ана халық ұғымында жаратушы. Олай дейтініміз табиғатты да, адамды да дүниеге әкелуші ана. Табиғаттың қай

жаратылысын алып қарамайық, бәрі де адамдарға мейірімін сыйлайды. Мәпелеп, аялап бар жақсылығын мейірімін бәріне бірдей көрсетеді. Адамдар да дәл солай жасауы тиіс. Сондықтан да халық даналары «Мейірімділікті анадан үйрен» деген.

Мақал — сөздің мәйегі

1. Ата — асқар тау Ана(бауырындағы бұлағың)
2. Ұлың өссе, Ұлы (үлгілімен ауылдас бол) Қызың өссе (Қызы үлгілімен ауылдас бол.)
- 3 Бала жас шыбық сияқты -(қалай исең солай иіледі).
4. Бала жақсы болса -(қуаныш, жаман болса — қиналыс.)
5. Ерлі — зайыптылар тату болса -(үйге береке, араз болса — елге келеке)
6. Анасы қандай болса -(баласы сондай)
7. Әкеге қарап ұл (өсер, шешеге қарап қыз өсер) “Мейірімділік” кестесі

Мейірімді істер

Мейірімді адамның қасиеттері Шығармашылық жұмыс

## **Сабақтың тақырыбы: Отбасы татулығы-қоғамдағы татулық**

**Құндылық:** Ақиқат Қасиеттер: әділдік, өз өзіне адал болу, бәрін жақсы көру.

**Сабақтың мақсаты:** Отбасындағы татулық туралы түсінік бере отырып ақиқат құндылығының мәнін ашу. Міндеттері: - отбасы ұғымдары туралы түсінік беріп өзіне адал болуға үйрету; - отбасының бәрін жақсы көруге баулу; - әділдікке тәрбиелеу. Ресурстар:

(материалдар дереккөздер)

**Сабақтың барысы:**

1. Ұйымдастыру кезеңі: Сәлемдесу түгелдеу,

5 «Т» -ны сақтау

**Тыныштық сәті:**

«Орманға саяхат»

2. Үй тапсырмасын тексеру

1. Тест сұрақтарына берген жауаптарын оқиды

2. Суретші Карим Муллашевтің «Ана мен әже» (Аялы алақан) картинасының репродукциясын қарап, өз отбасы құндылықтарыңыз туралы пікірлеріңізді ортаға салыңыздар. Әуен. Волшебная композиция Хрустальный грусть продолжения

3. Дәйексөз

Балаға берілетін бірінші тәрбие ата-анасын, туған-туысын, жолдасын сыйлауға үйретуден басталады.

**Ы.Алтынсарин**

● Дәйексөздің мағынасын түсініп алыңыздар

4. Әңгімелесу Әкпаржан Ақылбай

Қайран менің жан анам... (Үзінді)

1. Ананың бойынан қандай ізгі қасиеттерді байқадыңыздар?

2. Мәтіндегі «Ана бір қолымен бесікті тербетсе, екінші қолымен әлемді тербетеді» деген нақыл сөзді қалай түсінесіздер?

3. Ата-ананың бойындағы қандай қасиеттер бала өмірге келгенде оны ізгілікке, дұрыс әрекетке жетелейді?

4. «Жеті атасын білмеген жетесіз» деген нақыл сөзден қандай ой түюге болады?

5. Сіздің пікіріңізше, отбасындағы қандай құндылықтар бала тәрбиесінде маңызды?

6. Отбасы ошағының жылулығын қалай сақтауға болады деп ойлайсыздар Сұрақ –жауап

5. Шығармашылық жұмыс

1-тапсырма: Ұлы адамдардың ой-тұжырымдарын оқып, отбасы өнегесі туралы ой-пікірлеріңізді ортаға салып айт..

Әл-Фараби: «Ғылымды игерген, бірақ тәрбие көрмеген адам қоғамды қайғы-қасіретке жетелеуі мүмкін».

**Б. Момышұлы:** «Ата-ананың қадірін білмеген—ел қадірін біле алмас, ел қадірін білмеген— ата-ана қадірін біле алмас». **С.В.Михалков:** «Адамның қалыптасуы бала кезден басталады. Жақсылық та адам бойына нақ сол бала кезде егіледі. Ол жылдар өте келе, өніп шығады. Жақсылық ұрығының өніп шыққаны немесе оны жамандықтың арамшөптері басып кеткені сонда ғана белгілі болады». **М.Әуезов:** «Үлкен алдында жас қарызы, Ата алдында бала қарызы — әдеп пен сый». 3-тапсырма: Ақын Төлеген Айбергеновтің «Ана» өлеңін оқып, өз аналарыңызға деген сүйіспеншіліктеріңіз туралы айтып беріңіздер. Арманыңды ақтармын ба жүрегімде тербесем? Айға сіңлі, қарындасың қасиетті Жерге сен. Мен өзінді теңдесі жоқ құдірет деп түсінем, Сендік қуат мың есе артық Жердің тарту күшінен. Сұлу әлем, әлем сұлу сен жаратқан адаммен, Көк жолның қарсылығын қағып тастап барам мен. Сендік қуат болар, бәлкім, басын иді көк маған, Әркез сенен туғанымды есіме алсам, тоқта ман. Ал ұмытсам, ұмыт



болып қаларымды білемін, Ұмыт қалмау үшін менің шарқ ұрады жүрегім. Шат жүріп-ақ қас қақанша боламын мен шерменде, Жетім емес кей ананың жетімдігін көр генде. Адамның жеке басының алғашқы қалыптасуы отбасынан басталады. Оның ер жетіп өсуі, бойындағы алғашқы адамгершілік белгілер отбасында қалыптасады, сондықтан да туған үйдің жылуы оның көкірегінде көп жылдар бойы сақталып, мәңгі есінде жүреді. Жеке адамның бойындағы ар-ұяты, ақыл-ойы, адамгершілігі, басқа адамдармен қарымқатынаста, мәдениеттілікті тәрбиелеуде отбасы – алғашқы қадам. Сондықтан, отбасы – өте қажетті, басқадай ешнәрсемен өзгертуге (ауыстыруға) болмайтын баспалдақ. Қазақ ұғымында отбасы – өмірдің тұтқасы, оттың маңайына таратқан жан балқытар жылуы. Қазақтың ошағы дөңгелек үйінің ішінде болады да, бүкіл жайдарылық жағылған отқа үйіріледі. Отбасының амандығы, ошақтағы оттың маздап тұруы – үмітінің өшпес алауы. Үй ішінің қызыққа, қуанышқа толы болуы да соған байланысты. Қазақ отбасында арнайы жазылып бекітілмеген «заңдары» – әке мен ұлдың, шеше мен қыз баланың, қыз бен жеңгенің, келін мен ененің, ата мен келіннің, нағашы мен жиеннің, баба, жезде, бөлелердің арасындағы өзара қарым-қатынастары әрқайсысы әдептілікке тәрбиелеудің ерекше қымбат үлгісі.

6.Топпен ән айту

Ата – Әже

Қалмасын деп қатардан Қанша көрдім дегенмен,  
Ойлайтынын сезем мен. Көрмегенім көп менің  
Айналайын әжемнен Қанша білдім дегенмен,  
Айналайын атамнан. Білмегенім көп менің  
Мақтанбаймын бекер мен, Мен дегенде ештеңе  
Өшпейсіңдер санамнан Аямайтын осылар  
Айналайын әкемнен Таңертең де кешке де  
Айналайын анамнан. Аялайтын осылар  
Күн сияқты ашылар Қалай жаман боламын  
Қамқоршымда осылар. Мен бақытты баламын  
Қ-сы: Атаааааааа Әжееееее

Мен сіздерді сүйіп өтемін

Анаааааааа Әжееееееее

Сыйлаймынғой бәріңді

Мен сіздерге карап өсермін Нұржан Төлендиев

7.Үй тапсырмасы.

1. «Қамқор әке», «Мейірімді ана», «Ақылды бала» тақырыбында өз ойларыңызды постерге салып, қорғаңыздар.

8.Соңғы тыныштық сәті: Бүгінгі сабақтан игерген жақсы қасиеттерді бойларыңызға сіңіріп,жүректеріңізге түйіп алыңыздар.

## **Сабақтың тақырыбы: Отбасылық дәстүрлер.**

Сабақтың мақсаты:

- а) Қазақтың әдет – ғұрпын оқушылардың бойына сіңіру. Олардың тек өз ата - анасын, бауырларын біліп қана қоймай, жігіт адамның өз жұртынан басқа, нағашы және қайын жұрты болатындығын ұғындыру.
- ә) Олардың туыстық жақындығын жеке түсіндіру арқылы туыстарға деген қарым-қатынасты дамытуға, оқушылардың ой-өрісінің дамуына жағдай жасау.
- б) Оқушыларға адамгершілік тәрбие беру.

Түрі: ашық сабақ. интерактивті тақтамен жұмыс.

Сабақтың әдіс - тәсілдері: Түсіндіру, сұрақ - жауап, салыстыру - ажырату, ойын әдісі.

Көрнекілігі: оқулық, суреттер, суретті - жұмбақтар

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі:

Отбасында адам бойындағы асыл қасиеттер жарқырай көрініп, қалыптасады. Отанға деген ыстық сезім – жақындарына, туған - туысқандарына деген сүйіспеншіліктен басталады.

Оқушылар бүгін біз сабағымызда «Алтын сақа» ойынын ойнай отырып өткізбекшіміз. Менің қолымдағы сұрақтарға жауап бере отырып, «Табалдырықтан» аттап күймелерден орын алайық. Дайындалған сұрақтар үй тапсырмасына байланысты.

II. Өткенді пысықтау.

1. Отбасы деп кімдерді айтамыз?
2. Отбасына кімдер жатады?
3. Сенің отбасын қандай?
4. Өз отбасыңа қандай көмек бересің?
5. Қандай мамандық түрлерін білесіңдер?

Отбасының басты қазығы, алтын тіреу діңгегі – бала. Баланың тәрбиелі болып өсуіне берекелі отбасының әсері мол. Отбасының әрбір мүшесі, өзара сөйлесіп, не болмаса ата - ананың, баланың міндетін атқару ғана емес, береке - бірлік, сүйіспеншілікпен араласса, босағасы берік, шаңырағы биік отбасына айналары сөзсіз.

Ата мен ана – бала тәрбиесінің қамқоршысы, өнегесі.

Ата - асқар тау,

Ана – бауырдағы бұлақ,

Бала жағасындағы құрақ

Табалдырықтың сұрағына жауап береді. Енді қол соғып әудем жерге шақырайық.

III. Жаңа сабақ.

«Әудем жер» тапсырмалары.

1. Ата – анаға көмекші: баласы, қызы, немересі, келіні, қарындасы, інісі, бауыры.
2. Ата - анаға басшы: кенже ұл немесе бағатын баласы, қызы.
3. Ортақ қасиеті: адам.

Жеті атаны айт?

Ата – әке – немере – шөбере – шөпшек – немене – туажат (жекжат, жүрежат)

«Ана» туралы шағын әңгіме құрастыру.

- Уақыт өте келе осы отбасындағы адамдардың жақындығы қалай өзгереді. Иә, олар бір - бірімен туған – туысқандарға айналады. Ендеше, балалар, «Туған – туысқандар» деген мәтінмен танысамыз. (өз бетінше іштей оқыту, әр топ дауыстап оқиды).

Ата мен әже – әкенің әкесі мен шешесі. Көптеген немерелер атасы мен әжесінің тәрбиесінде өседі. Ержеткенде атасы мен әжесіне қолғанат болып, көмектеседі. Әжесін немерелер тыңдап, құрметтеп, сыйлайды.

Әке мен ана – баланы дүниеге әкелуші, асырап - бағушы, тәрбиелеп - өсіруші, ең жақын қамқор адамдар.

Бала – ата - ананың ұрпағы, өмірінің жалғасы, қуанышы, үлкен үміті. Ол ата - анасының

алдында шексіз қарыздар. Құран Кәрімде: «Біз адамдарға ата - аналарына жақсылық жасауды бұйырдық» деп жазылған.

Балалардың үлкені ұл болса – аға, қыз болса – әпке деп; кішілері ұл болса – іні, қыз болса - қарындас, сіңлі деп аталады. Аға мен әпке өз інілері мен қарындас, сіңлілеріне қамқор болады. Әке - шешесіне көмектесіп, оларға қарасады.

Нағашы жұрт – шешенің төркін жұрты. Яғни ананың әке - шешесі, аға - іні, әпке - сіңлі, жеңге - келіндері мен басқа да аталас туыстары нағашы болады.

Басы «ш» мен басталып,

Жалғанады «е» менен.

Қайталасаң осыны,

Болар сенің неменен?

Жауабы: Шеше

Көтеріліп қампийар қиыстырсаң,

Майдаланар қимылсыз жиыстырсаң.

Мұның да шешімі бар келісімді,

Ойланып ақылыңа сиыстырсаң.

Жауабы: Адамның ойы

Онда әкем-шешем тұрады,

Ата-әже бауырым.

Бәрі бірге қосылып,

Бір ұғымды құрады.

Жауабы:Отбасы

Жақсының басына іс түссе,

Отбасына білдірмейді.

Жаманның басына іс түссе,

Отбасын күлдірмейді.

Елін сүйер сеніңіз,

Өз отбасын сүйе алған.

Отан - қуат,

Отбасы - шуақ.

Отбасының сәні - сыйластық,

Достың сәні - қимастық.

Інісі бардың тынысы бар,

Ағасы бардың жағасы бар.

Тіріде сыйласпаған,

Өліде жылыспайды.

5.Қазаны басқаның қайғысы басқа.

Қарға баласын аппағым дер,

Кірпі баласын жұмсағым дер.

Бала қадірін балалы болғанда білерсің.

Балалы үй базар,

Баласыз үй қу мазар.

## **Сабақтың тақырыбы: «Спорт ойындары күні»**

Тәрбие сағатының мақсаты: Оқушыларды салауатты өмір салтын қалыптастыруға тәрбиелеу, жеке бас гигиенасын сақтауға, дұрыс тамақтануға, дене шынықтыру мен спортпен шұғылдануға, тәрбиелеу

Тәрбие сағатының міндеті:

-Жас бүлдіршіндерді мектеп партасынан-ақ жаман әдеттерден аулақ болып, өскен ортадан тек қана жақсы әдеттерді бойына сіңіруге баулу.

- Оқушылардың ойлау, сөйлеу, өз ойын еркін жеткізу қасиеттерін дамыту.

- жаман әдеттерден сақтандыру, ішімділік пен темекінің жас организмге зиянды екенін насихаттау.

Тәрбие сағатының ұйымдастыру формасы, түрі: пікіралмасу,, әңгімелесу, сайыс.

Әдіс-тәсілдері: түсіндіру, сұрақ-жауап, тест, видеоролик.

Техникалық жабдықтауы: телефон(ютуб)

Көрнекілік:суреттер,видео,музыка,тапсырмалар

Қажетті жабдықтар: а4 форматындағы қағаз, маркер,қайшы.

Тәрбие сағатының құрылымы

I. Ұйымдастыру кезеңі 1-3 минут

- Тренинг 3-5 минут

II. Негізгі кезең (сынып жетекші белгілеп берген уақытты пайдалану) 10 - 20 минут

III. Қорытынды кезең 1-3 минут

- Рефлексия 1-3 минут

Тәрбие сағатының барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі.

Сәлеметсіздерме оқушылар! Қалдарыңыз қалай? Көңіл күйлеріңіз қалай? Бүгінгі күнге барлықтарыңызға көтеріңкі көңіл күй және сәттілік тілеймін. Бүгінгі тәрбие сағатын бастамас бұрын сіздермен тыныштық сәтін өткізейік.

Түсініктеме:мен тыныштандыратын музыка қосамын,сендер көздеріңді жұмып терең дем алыңдар(2-3минут)

II. Негізгі кезең

-Суреттерге сипаттама

Берілген сурет бойынша өз ойларыңды айтыңдар

-Сұрақтарға жауап беру.

Кез келген 10 балаға тақырып бойынша сұрақтар қойылады.Сұоаққа толық жауап беру қажет.

1)Денсаулық туралы қандай мақал мәтелдер білесің?

2)Спорттың қай түрі ұнайды?

3)Қандай спорт чемпиондарын білесің?

4)Сүйікті ісің қандай?

5)Неден қорқасың?

6)Нені армандайсың?

7)Гигиена сақтау не үшін қажет деп ойлайсың?

8)Дені саудың жаны сау деген мақалды қалай түсінесің?

9)Деніміз сау болу үшін не істеу қажет?

10)Қандай тағамдарды жеген дұрыс деп ойлайсың?

-Бейнематериал көрсету.

<https://youtu.be/Z5DUh6CCG4E>

Балалар,бейнематериалдан не ұқтыңдар?

Спорттың адам үшін тағы қандай пайдасы бар екен?

Топпен жұмыс

Балалар қазір 3топқа бөлініп берілген тапсырмаларды орындаймыз.

1топ Сурет бойынша өз ой пікірлерімен бөліседі

2топ Күн тәртібін жазады

3топ Денсаулыққа кері әсер ететін 5 фактор,жақсы әсер ететін 5 фактор жазады

Болған топ 3 шапалақтап,тақтаға шығады.

Сергіту сәті

-Кез келген 2 бала тақтаға шығып бой сергітетін жаттығу жасайды.

Ойын. Балалар тақтаға шыққан баланың іс қимыл арқылы көрсетілген бір спорт түрін немесе ойын түрлерін табады.

Мысалы:волейбол,асық,,шахмат,баскетбол т.б

III. Қорытынды. Рефлексия

Әрбір оқушыға стикер таратылады,балалар сабақтан алған әсерін және спорт туоалы ойларын жазады

Оқушылар, ал енді қорытындылайық.Бүгінгі сабақтың қай бөлігі ұнады?

Менің ойымша сендер спорттың адам денсаулығы үшін маңызын түсіндіңдер.Алдағы уақытта сендерге мықты денсаулық,жақсы көңіл күй тілеймін.Болашақта әлем чемпионы болуларыңа тңлектеспін!Сабаққа қатысқандарыңыз үшін үлке рахмет,сау болыңдар!

## Сабақтың тақырыбы: «Бір отбасы – бір кітап»

Мақсаты: Ата-аналармен балаларды бірге қатыстыра отырып, өзарасыйласымдылығын арттыру, салт-дәстүр туралы білімдерін байқату. Оқушыларды ынтымақ пен бірлікке, татулық пен ұйымшылдықа тәрбиелеу. Ата-анасын қадірлей білуге, құрметтеуге дағдыландыру. Отбасы-Отанның бір бөлшегі екенін ұғындыру. Ата-ананың мектеппен тығыз байланысын арттыру. Мұғалім мен ата-ананың бірлескен жұмысын нығайту. Баланы халықтық педагогика негізінде тәрбиелеу.

Көрнекілік: Нақыл сөздер, мақал-мәтелдер, шар, гүлдер, тақырыпшарты, топтың аттары, сұрақтар т.б.

Тәрбиенің ең тамаша мектебі — отбасы

Ата-ананың ақылы, Сарқылмайтын көлмен тең

Құс балапаны үшін тозаққа түседі, Адам баласы үшін азапқа түседі.

4. Адам сәні – өнер, білім, ақылы, Жердің сәні – жеміс, өнім, дақылы, Сөздің сәні – өнегелі, өткір нақылы

Тәуекел тау жығады

Атадан жақсы ұл туса, Елінің қамын жейді. Атадан жаман ұл туса, Елінің малын жейді

Әкеге қарап ұл өседі, Шешеге қарап қыз өседі

Әке – асқар тау, ана – бұлақ, Бала жағасында өскен құрақ.

Мұғалім сөзі: Құрметті ата-аналар мен оқушылар! Бүгін сіздер мен бірлесе отырып «Шаңырағым шаттығым» атты отбасылық іс – шара өткіземіз. Отбасы – шағын мемлекет. Ол – тәлім мен тәрбиенің, үлгі мен өнегенің, мейірімділік пен адамгершіліктің ордасы. Адам баласының өмірге келгеннен кейін бар тіршілігі отбасында өтеді. Отбасында балалар тәрбиені ата – анадан алады. Ата – ана баласының қашанда жақсы адам, білімді маман болғанын қалайды. Осы мақсаттан шығу үшін ата – аналарың барлық өмірін, балалар, сендерге арнайды. Ендеше әр бала ата – ананың өмірлік ұстанымы болуы керек. Қош келіпсіздер!

Мақал – мәтелмен жауап беруге шақырамыз.

1. Қар жана ма? (Қалауынтапса қар жанар)

инемен құдық қазуға бола ма? (Оқу инемен құдық қазғандай)

Аппақ қарға бола ма? (Қарға баласын аппағым дейді)

Қой мен қасқыр ойлана ма? (Қойдың ойлағаны амандық, қасқырдың ойлағаны арамдық)

Қарғыстың ең жаманы не? (Өзің білме, білгенің тілін алма)

Адамның қай мүшесі қорқақ, қай мүшесі батыр (көз қорқақ, қолбатыр)

7. Етікті қонышынан басып киюге бола ма? (қолыңнан келсе қонышынан бас)

Үлкен көз, үлкен сөз бола ма? (қорқақтың көзі үлкен, ақымақтың сөзі үлкен)

Тауық түс көре ма? (тауықтың түсіне тары кіреді)

Кімнен кім жаман? (олақтан салақ жаман)

Үзік-үзік сөздерден мақал құрастыру.

1 Ұядан ... , Ұшқанда ... (Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің)

2 Ата ... , Бала ... (Ата – байтерек, Бала – жапырақ)

3. Ер... , Ез... (Ер бір өледі, ез мың өледі)

4. Өле... , бөле... (өле жегенше бөле же)

5. Таяқ... , Сөз... (Таяқ еттен өтеді, сөз сүйектен өтеді)

6. Мал... , Жер... (Мал баққандікі, жер жыртқандікі)

7. Тентектің ақылы... (Тентектің ақылы түстен кейін кіреді)

... сүйсіндіреді, ... күйіндіреді (Жақсы сөз сүйсіндіреді, жаман сөз күйіндіреді)

Мысыққа..... , тышқанға... (Мысыққа ойын керек, тышқанға әлім керек)

Мектеп.... , білім.... (мектеп-кеме, білім-теңіз)

Ойлы болсаң озып көр : «Ата-баба дәстүрі асыл қазына» 1-

минут ішінде сұраққа жауап беру.

Батаменен ел көгерер.... (Жаңбырменен жер көгерер)  
Өнер білім бұлағы ..... (Білім өмір шырағы)  
Жанұяға қарап бала қседі .... (Қарағайға қарап тал өседі)  
Сіз-деген әдеп .... (Біз — деген көмек)  
Ұл өссе ұрпақ ... (Қыз өссе — өріс)  
Жердің сәні-егін .... (Ердің сәні — білім)  
Әдептілік белгісі.... (Иіліп сәлем бергені)  
Күннің шуағы жылы ... (Ананың алақаны жылы)  
Үлкенге құрмет ... (Кішіге міндет)  
Жақсыдан үйрен ... (Жаманнан жирен)  
Білікті бірді жығады ... (Білімді мыңды жығады)  
Қына тасқа бітеді .... (Білім жасқа бітеді)  
Еңбектің наны тәтті ... (Жалқаудың жаны тәтті)  
Өнер-бұлақ ... (Білім шырақ)  
Шешен сөз бастар... (Батыр қол бастар)  
Әке көрген оқ жонар ... (Шеше көрген тон пішер)  
Әдепті бала-арлы .... (Әдепсіз бала -сорлы бала)  
Ұлың өссе мұратың .... (Қызың өссе өрісің)  
Балапан ұяда не көрсе.... (Ұшқанда соны іледі)  
Қыз өссе елдің көркі .... (Гүл өссе жердің көркі)  
Ата-бәйтерек .... (Бала-жапырақ)  
Бала-көңілдің гүлі.... (Көздің нұры)

Оқушыларға сұрақ-жауап

жүннен жасалған бұйым (кИІЗ)

ұлыс күні жасалатын тағам (НАУРЫЗ КӨЖЕ)

түйенің сүті (шҰБАТ)

қыста жейтін малдың етін не деп атайды?(сОҒЫМ)

қазақ қыздарының бас киімі (сӘУКЕЛЕ)

екі ақынның сөз өнерімен сайысы (айТЫС)

теріден тігілген киім (тОН)

төрт түліктің жайылымы (өРІС)

жылқы атасы (қАМБАР)

1.Отбасы және өнер.

2.Ал кімнің өнері бар қаншалықты

Би билеп,ал біреуі ән салып

Бүгінгі сайыста бәйге алуға

Аналар мен балалар аянбай-ақ ат салысты.

«Бірлік» тобы бәрі бірігіп бірегей білімді екенін аңғарта алды. «Бірегей білімді» топ деп бағалауға болады.

«Ынтымақ» тобы әр нәрсеге ынталы болды.Ықыласпен жұмыла білді.

«Ынталы ықыласты» топ деп бағалауға болады.

Қорытынды: Қымбатты ата-аналар мен оқушылар!

Бүгінгі тәрбиелік жұмыста көптеген мазмұнды пікірлер,

тәрбиелік мәні бар тәжірибелер ортаға салынды.Ата-

анаға да,балаларға да қажетті тартымды ойлар айтылып, нақты қорытындылар жасалады.

Жоғары дайындықпен келген ата-аналарға алғыс айтамын.

Еңбектеріңіз жанып балаларыңыз биіктен көрінсін!

Оқушылар сендерге: Өнер,білім үйреніп

Шыңына өмір шығындар

Ата-ананы қуанып

Мақтаны болып тұрыңдар! — деген өлең жолдарын арнаймын. Бәріңізге рахмет!



## **Сабақтың тақырыбы: «Денсаулықтың 6 шарты – таза ауа, дұрыс тамақтану, қозғалыс, тыныш ұйқы, көтеріңкі көңіл-күй, күйзеліске түспеу»**

Мақсаты: оқушылардың өз пікірлерін тыңдай отырып, қосымша мәліметтер бере отырып, денсаулық құндылығы, дұрыс тамақтану туралы түсініктерін кеңейту. Денсаулықтың адам өміріндегі маңыздылығын түсіндіру. Денсаулықты күтуге, дұрыс тамақтана білуге үйрету.

Адамзат денсаулығын сақтаудың басты шарты – дұрыс тамақтану. Сондықтан тамақтануға ерекше көңіл бөлген жөн. Тамақ құрамының құндылығы басты назарда болғаны дұрыс. Тиімді, дұрыс тамақтану денсаулықты сақтауға, ағзаның қалыпты өсуі мен дамуына, жұмыс қабілетінің жоғарылауына және ағзаның қоршаған ортаның әртүрлі жағымсыз әсеріне қарсылығын күшейтуге ықпалын тигізеді.

Денсаулық - жеке адамның басты байлығы. Денсаулық - адам тіршілігінің ең бірінші шарты.

Бүгінгі дені сау ұрпақ - елдің ертеңгі жалғасы.

-Бүгінгі тәрбиелік іс-шарамыздың тақырыбына байланысты әңгімеміз тек денсаулық жөнінде болмақ. Денсаулық деген сөз-деніңнің саулығы деген мағынаны білдіреді. Деніңнің аурудан аман, қайратты, жігерлі, көңілдің көтеріңкі болуының өзі-денсаулықтың белгісі. Дене мүшелерінің, ішкі ағзалардың бірі ауырса, адамның денсаулығы нашарлап, көңіл күйі түседі, еш нәрсеге зауқы болмайды.

"Тәні саудың -дені сау" демекші, егер адам әрдайым жақсылық жасап, алғыс алып жүрсе оның жан дүниесі, тәні таза болады. Егер тәнің сау болса, онда дені де сау болады.

Үлкен кісілермен амандасып жүр. Сау болғың келсе, баршаға саулық тіле. Жалғыз басты кәрі кісілерге, мүгедектерге көмектес. Сонда сен алғыс аласың, достарың да көп болады.

Қызғаншақ болма! Өз бойыңдағы жалқаулықты, қорқақтықты таста! Өтірік айтпа, жаман ойлардан аулақ бол. Ауыра қалсаң, көп уайымдама. Бастаған істі аяқта! Жақсы оқы.

- Адамның ішкі ойы таза болса, дені де сау болады. Барлық уақытта адамдар мен айналаң туралы жақсы ойласаң және оларға жақсылық тілесен, өзінді әрқашан жақсы сезінесің.

«Әлемдегі ең пайдалы азықтар»

Балық: Қартаюға қарсы ең жақсы азық, миды және жүректі қорғайды. Рухани жағдайды реттеп, қан құрамындағы шекерді қалыпқа келтіреді.

Сүт: Витамин, минерал және пайдалы бактерияларға өте бай.

Жаңғақтар. Жүректің қызметін реттейді. Бір күн үшін 25 грамдық, бадам (миндаль), жаңғақ, жержаңғақ, орман жаңғағы жеткілікті.

Қызыл ет: Жайлауда жайылған малдың еті, яғни өңдеуден өтпеген қызыл еттер пайдалы.

Жұмыртқа: Ең зиянсыз ас. Миды қорғайды және көз саулығын күшейтеді.

Көк шәй: Ішектердің, тыныс жолдарының жұмысын реттейді. Салмақ реттелуін оңайлатады.

Алма - дәрілерден аспирин орнына жүреді. Сүйекті қуаттандыратын К витамині бар.

Шие - күніне 20 шие бір аспириннің әсерін береді.

Пияз және сарымсақ - инфекцияларды жояды. Жүрек ауруы қаупін 20%-ға азайтады.

Айран, сүзбе, ірімшік - тістің саулығы үшін пайдалы, кальцийдің қоры

Қызылша - бүйректерге пайдалы, тұз мөлшерін реттейді.

Банан - жүректің соғуын дұрыстайды, қан қысымын реттейді.

Қауын - жарты қауын бір күндік С дәрумені қажеттілігін қамтамасыз етеді. Бүйректерге пайдалы.

Қандай тағамдар денсаулыққа зиян келтіреді?

Оқушылар жауабы.

«Сау дене, азат ақыл, адал көңіл - үшеуімен бақытты болады өмір», - демекші, дені сау, батыл жүректі, салауатты өмір салтын орнықтыруға дайын ұрпақ болып өсейік, ешқашан ауырмай, өз денсаулықтарыңды күтіңдер! . Сондықтан болашақта сендерден дені сау, мықты да шымыр,

отбасына тірек болатын азамат, азаматша шығады деп сенемін.

Бәрі:- Тазалықты сүйеміз,

Таза болып жүреміз.

Біз баламыз шыныққан,

Денсаулығы мықты жан.

## **Сабақтың тақырыбы: «Ұстаз! Сіздің алдыңызда »**

**Мақсаты:** Ұстаздың адам өмірінде алатын орын зор екендігін, ұстаздарды құрметтеу, сыйлау және қадірлеу қасиеттерін оқушылардың бойына дарыту.

**Ұстаз мамандығының қыры мен сырларын түсіндіру.** Ұстаз еңбегін әрқашан бағалай білуге тәрбиелеу.

**Көрнекілігі:** Ұстаздар туралы нақыл сөздер, өлең үзінділері жазылған көрнекіліктер, әр түрлі шаралар, гүлдер.

**Оту барысы:**

**Мұғалім:**

Ұстаздық өте жауапты мамандық екені баршамызға белгілі. Ол – мектептің де, қоғамның да, ғылымның да, білімнің де, ұлттың да, адамгершілік пен ерліктің де, жақсы мінез бен ақындықтың да нағыз жанды өкілі. Үнемі бала көзінде болу, әрдайым жинақы, таза, әдепті жүруді талап етеді. Кез келген уақытта шәкірттің қандай да болсын сұрағына білімділікпен жауап беруге тура келеді. Оған нақты, дәлелді, сенімді, көркем, жүйелі, тартымды сөйлеу керек. Ұстаздың әділдігі, адалдығы, батылдығы, мінез сұлулығы, іс пен сөз бірлігі, шыншылдығы, ұстамдылығы күн сайын балалар тарапынан баға алып отырады. Ол – әрі ғалым, әрі шешен, әрі көшбасшы. Ұстаз – мейірім, махаббат, сүйіспеншілік, жанашырлық сезімдерінің көрігі. Ұстаз – білім беру сапасын арт-тыру саясатын тікелей жүзеге асыру-шы. Ол – мемлекетімізді құрмет-теу жауапкершілігін шәкірттеріне жеткізіп дарытушы.

— Балалар қазақтың тұңғыш ұстазын білесіңдер ме?

— Ыбырай Алтынсарин.

«Сыр – сұхбат» сұрақтары:

Ұстаздық өміріңіз сізге ұнай ма?

Кешегі өзіңіз оқыған мектебіңіз бен қазіргі мектепте қандай өзгерістерді байқайсыз?

«Ұстаз — мектептің жүрегі» деген сөзді қалай түсінесіз?

Сабағыңызда оқушыңыз ұйықтап қалған кезі болды ма?

Оқушы кезіңізде сабаққа кешігіп келген кезіңіз болды ма? Болса сол туралы есіңізде ме?

Неліктен осы мамандықты таңдадыңыз?

Жас кезіңіздегі армандарыңыз орындалды ма?

Ұстаздық өміріңіздегі жарқын белестер жайлы айтып берсеңіз.

Қазіргі өмірді жаңадан бастау мүмкіндігі туса, оны өзгертер ме едіңіз?

Егер сіз ұстаз болмасаңыз, басқа кім болуыңыз мүмкін еді?

Көп рахмет сізге, біздің көкейіміздегі сұрақтарға жауап бергеніңізге дән ризамыз. Олай болса, осы сыр-сұхбаттан қандай әсер алдыңыз, соны мына «смайликтер» арқылы көрстіп, қайталап берсеңіз дейміз.

## Сабақтың тақырыбы: Жол ережелерін білеміз бе?

Мақсаты: Көшеде жүру ережелері бойынша қалыптасқан оқушы түйсіктерін, білімдерін пысықтап, оның өмірдегі маңызын түсіндіру. Оқушылардың қызығушылығын тудырып, ой - өрісін, белсенділігін дамыту. Сынып оқушыларын жолдастыққа, сақтыққа тәрбиелеу.

Көрнекілігі: Жол белгілері, бағдаршам макеті, қиылған жіңішке ұзын жолақшалар (зебра жолы), бордюр макеті, сюжетті суреттер, автобус макеті, лото ойынына қажетті сурет пен белгілер суреті.

Барысы:

Сынып оқушылары 4 топқа бөлініп отырады. (әр топта 4 оқушыдан)

Мұғалім: Сәлеметсіңдер ме, балалар? Біз өмірімізді, денсаулығымызды қорғаудың бірден - бір кепілі көшеде жүру ережелерінен сабақтар өткізген болатынбыз. Бүгін осы көшеде жүру ережелері бойынша алған білімдеріңді пысықтау мақсатында «Жолда жүру ережелерін білесің бе?» атты тәрбие сағатын өткізгелі отырмыз. Себебі, жолда жүру тәртібін білу әрбір бала, әрбір адам үшін маңызды деп білеміз.

- Ал көшеде жүру тәртібін білмеу неге әкеп соғуы мүмкін?

- Балалар, жол деген не?

- Жол жиегінің бойындағы қапталдар не?

.Мұғалім:

- Балалар, кейде қиылыстардағы бағдаршам жұмыс істемей қалуы мүмкін. Бұл жағдайда бағдаршамның міндетін мемлекеттік автоинспекциясының қызметкерлері атқарады. Оны РЕТТЕУШІ дейміз. Қазір Нұрдәулет реттеуші болады. Сендер оның қимылын бағдаршамның қандай сигналына сәйкес келетінін алдарыңдағы қызыл, сары, жасыл белгішелерді көтеру арқылы көрсетесіңдер.

. Ескерту белгілері.

1 - оқушы: Үшбұрышты қызыл бояумен көмкерілген бұл белгілер жол бойында жағдайсыз, яғни қауіпті жерлер бар дегенді білдіреді. (суреттерін көрсете отырып әр оқушы екіден ескерту белгілерін атап шығады).

- жаяу жүргінші өтпесі

- балалар

- тайғақ жол

- жол жөндеу жұмыстары

- екі жақты қозғалыс

- велосипед жолымен қиылыс

- шлагбаумы бар темір жол

- шлагбаумы жоқ темір жол

Тыйым салатын белгілер.

3 - оқушы: Дөңгелек шеңбер түрінде қызыл бояумен беріледі. Ол қозғалыс атаулының бәріне тыйым салады (суреттерін көрсете отырып әр оқушы екіден ескерту белгілерін атап шығады).

- кіруге тыйым салынады

- қозғалысқа тыйым салынады

- велосипедпен жүруге тыйым салынады

- жаяу жүргіншілердің қозғалысына тыйым салынады

- аялдауға тыйым салынады

Ақпараттық көрсеткіш белгілері.

5 - оқушы: Бұл топтағы белгілер жол қозғалысына қатынасуларға, жаяу жүргіншілер өтпесі орналасқан жер, қоғамдық көлік аялдамасы, көлік тұратын орын туралы хабарлайды.

- автобус немесе троллейбус тоқтайтын жер
- трамвай тоқтайтын жер
- біржақты қозғалыстағы жол
- тұрақ орны
- жаяулар өтпесі
- жер асты жаяулар өтпесі

- Өте жақсы, балалар. Осы жол белгілерін үнемі естеріңде сақтаңдар. Ал енді мына бір көрініске назар аударыңдар.( теледидардан арнайы түсірілген видео көріністі қосамын )  
Үш оқушы мектепке бару үшін үйінен шықты да, көлік жүретін көшеде қуаласып ойнады. Тәртіпсіздеу біреуі екінші оқушыны итеріп жібереді. Ол жығылып қалады. Үшінші оқушы жығылған баланы тұрғызуға көмек көрсетеді. Дәл осы кезде бұрылыстан шыға келген машина әзер тоқтайды. Итерген тәртіпсіз оқушы бар ықыласымен айқайлап, күліп тұрады.

- Осы көрініс жайында не айтасыңдар? //

- Әрине, осындай ережеге сай емес ойындар кездейсоқ апатқа кезіктіреді. Сондықтан жолда жүру ережесін үнемі сақтаңдар.

## **Сабақтың тақырыбы: Су мен электр энергиясын үнемдеуге бағытталған «Үнемділік инноваторы»**

Мақсаты: Оқушылардың үнем туралы түсініктерін кеңейту, Ой-өрістерін, тілдік қорын дамыту, Үнемдей білуге ұқыптылыққа, талап құндылықтарын бойына сіңіру, тәрбиелеу

Түрі: аралас

Көрнекілігі: слайд, интерактивті тақта

Сабақтың барысы

Психологиялық дайындық

-Иә біз бүгін үнемдеу туралы айтамыз.

-Энергияны қалай үнемдейміз?

-Суды қалай үнемдейміз?

-Ақшаны қалай үнемдейміз?

Электр энергиясын үнемдеудің тиімді тәсілдері:

1. Күнделікті үйде өз есептеу құралы арқылы кей электр құралдары көп электр энергиясын жұмсайды, соны талдау жасап, ол тауардан бас тарту керек.

2. Егер үйде ескі электр желілері болса, тез арада ауыстыру керек, бұл электр энергиясын үнемдеуге бірден-бір көмегін тигізеді.

3. Жарықтану деңгейін туралап отыратын құралдармен жабдықтау.

4. Ғимараттан шыққанда жарықты өшіру керек. Біз ойлаймыз 20-30 минут қосулы болса еш нәрсе болмайды деп, оған жол бермеуіміз керек.

5. Құралдарды тоқ көзіне еш уақытта қалдыруға болмайды.

6. Жаңа техника алған кезде оның қуаты мен энергияны тиімді пайдалану класына қарау керек, бұл отбасы бюджетіне әсері болуы әбден мүмкін.

Суды үнемдеу

Энергияны үнемдеу проблемасы – суды үнемдеумен тығыз байланысты, өйткені суды тұтынуды азайту түпкілікті өнім – таза суды алу және оны тұтынушыға жеткізуге қажетті энергия ресурстарын азайтуға әкеледі.

Суды үнемдеуді тұрмыста қолданбас бұрын оны тиімді есептеуді жолға қою қажет. Бұған суды пәтерлік есептегіштің көрсеткіштері мен ай сайынғы төлем құжатының деректері көмектеседі. Бұл ақпаратты талдау суды және тиісінше ақша қаражатын үнемдеудің өз бағдарламасын әзірлеуге мүмкіндік береді.

Суды үнемдеудің ең тиімді тәсілі крандардың ақаусыздығы болып табылады. Өйткені сіреңке талынан сәл қалың су ағыны арқылы тәулігіне 300 литрге дейін су ағуы мүмкін. Душ қабылдау арқылы сіз ванна қабылдаумен салыстырғанда суды тұтынуды екі есеге азайтасыз. Душ қабылдау кезінде судың тұрақты ағыны міндетті емес. Кір жуу машинасын мүмкіндігінше оны толық жүктеп, суды берудің қажетті деңгейін белгілей отырып пайдаланыңыз.

Ыдыстарды жуу кезінде кранды үнемі ашық қалдырмаңыз. Толықтай ашық краннан сіз ойлағаннан көп су ағатынын есте ұстаңыз, яғни минутына – 15 литр.

Асүйдегі кранға «душ» үлгісіндегі арнайы қақпақ-бөлгіш сатып алып, орнатыңыз. Ыдысты жуу кезінде суды тиімді пайдалануды жоғарлату есебінен оның шығысы төмендейді (жуудың ыңғайлылығы үшін су ағыны аз болуы керек).

Қолмен жуу кезінде раковинаның (не өзге ыдысты) бірін жуу құралымен араластырылған сумен толтырыңыз. Одан соң келесі раковинада жуу құралы сіңген ыдысты жылы судың болмашы ағынымен шайыңыз. Бұл тәсіл ыдыс жууға кететін суды тұтынуды 3-5 есеге төмендетеді.

Ыдыс жуу машиналарын пайдалану – қымбат болғанымен үнемдеудің тиімді тәсілі. Жуу циклі кезінде судың жұмсалуды ыдысты қолмен жуумен салыстырғанда бірнеше есеге төмен. Жуу циклі ішінде энергия тұтыну кранмен ыдысты жуу кезіндегі суды жылыту шығынан аз. Көкөністер мен жемістерді кран сөндірулі күйінде раковинаны сумен толтыру арқылы жуу

керек. Бір адамға үнем: күніне 10 литр су.

Краннан ағатын ағын су астында өнімнің мұзын ерітпеңіз. Дұрысы өнімді мұздатқыштан тоңазытқышқа алдын ала қойған жөн.

Әр күні суды үнемдеудің ең болмаса бір тәсілін пайдаланып көрсеңіз Сіз үнемді сезінетін болсасыз.

«Мен қалай үнемдеймін?» эссе жазу

«Мен қалай үнемдеймін?» сурет салу

Өз-өзіңізге шектеу қоя біліңіз

Қарныңыз аш болса, басқа әңгіме, ал қарныңыз тоқ болса, тәтті алмаға қызығып, оны сатып алмаңыз. Кез келген затты сатып алмас бұрын, бағаларын салыстырыңыз. Бұл сіздің сараңдығыңыз емес, сауаттылығыңыз.

## Сабақтың тақырыбы: «Мейірімділікпен сенім есігін ашады»

Мақсаты: Баланың бойына рухани-адамгершілік қасиеттерді ұялату, жақсы-жаманды ажырата білуге, адамдық асыл қасиеттерді игеруге ықпал ету. Бір-бірімен қарым-қатынастарын жақсарту, оларды адамгершілікке, имандылыққа, шыншылдыққа, мейірімділікке тәрбиелеу.

Сабақтың түрі: Аралас сабақ

Әдісі: Түсіндіру, сұрақ – жауап, әңгімелеу.

Көрнекі құралдар: слайд

Сабақтың барысы:

Мұғалім: – Саламатсыздар ма құрметті оқушылар! Бүгінгі біздің тәрбие сағатының тақырыбы «Мейірімділік-асыл қасиет». Адамның жақсы қасиеттерінің бірі мейірімділік туралы әңгімелесеміз. Адамдардың бір-біріне деген мейір шапағаты - әдептілік белгісі, сол туралы білеміз.

Абайдың 14 сөзімен таныстыру

«Мейірімді адам» бойындағы қасиеттерді атар өтсек: жақсы адам, ақкөңіл, жаны таза, шыдамды, рақымшыл, жылы жүректі. Енді осындай адам деп кімді айтар едіңдер?

— Әрине мейірімді жандардың қатарында ең бірінші біздің аналарымыз тұрады екен.

— Адамзат ненің, кімнің мейіріміне бөленген?

— Күн, табиғат, ана, ұстаз, дәрігер және тағы басқалардың мейіріміне бөленеді. Ендеше мына сұрақтарға жауап беріп көрейікші:

«Мейірімді адам» дегенді қалай түсінесіңдер? Қандай адамды мейірімді адам деп айтасыңдар?

Балалардың жауаптары тыңдалады.

«Мейірімділік шуағы» сөзін топтастыру (Тақтаға оқушылар осы сөздің мағынасын ашатын сөздерді қойып шығады)

|              |                    |             |          |
|--------------|--------------------|-------------|----------|
| жақсы адам   | ақкөңіл            | жаны таза   | бірлік   |
| жарастық     |                    |             | махаббат |
| шыдамды      | Мейірімділік шуағы |             | рақымшыл |
| ынтымақ      |                    | бауырмалдық |          |
| жылы жүректі | сүйіспеншілік      | қамқорлық   | достық.  |

— Дұрыс балалар, сендерге мейірімді болуды мектепте ұстаздарың, үйде аналарың үйретеді. Ендеше сол өзіміздің аналарымыз туралы айтайық, ол қандай адам? (баяу музыка ойнап тұрады) топтастыру.

|           |           |           |
|-----------|-----------|-----------|
| кішіпейіл | мейірімді | бауырмал  |
| сыпайы    | Ана       | кешірімді |
| әдепті    | жақсы     | жанашыр   |

«Мейірімділікті анадан үйрен» деген халық даналығын жазып қояды және оның мәнін түсіндіреді. Ана — халық ұғымында жаратушы. Олай дейтініміз табиғаттың жаратқан иесі адамды дүниеге әкелуші — Ана. Ал барлық нәрсенің дүниеге келуі үлкен мейірім мен шапағаттан пайда болады. Табиғаттың барлық жанға бірдей мейірімді болуы сондықтан. Адамның да ананың кіршіксіз мейірінен берілген мейірімділігін сақтап қалуы өз қолында. Тапсырма: «Кім және не мейірімді?» түсіп қалған сөздерді орнына қою керек. (баяу музыка ойнап тұрады)

Күлімдеген .... мейірімді. (күн) Кіршіксіз ақ .... мейірімді! (қар)

Таза мөлдір .... мейірімді! (су) Бәрімізді көтеріп тұрған .... мейірімді! (жер)

Аяулы .... мейірімді! (анам) Қадірлі .... мейірімді! (әкем)

Өлпештеген .... мейірімді! (әжем) Еркелеткен .... мейірімді! (атам)

Жылы жүзді .... мейірімді! (ұстазым) Тату-тәтті .... мейірімді! (достарым)

Жағдаяттарды шешу:

1-жағдаят: Сен аулада ролик теуіп жүрдің, ал сенің досыңның ролигі жоқ, сенің әрекетің?



2-жағдаят: Сенің алдыңнан бір құшақ газет-журнал көтерген хат тасушы апай шықты , сен не істер едің?

3-жағдаят: Сенің анаң ас дайындап жатыр, ал інің мазасызданып кетті,сенің әрекетің?

4-жағдаят: Сенің алдыңнан ауыр сөмкелерін көтерген әже шықты, сен абайсызда ол әжені қағып кеттің, оның сөмкесіндегі заттары шашылып қалды, сен не істер едің?

Мұғалім: -Балалар сендер өздеріңді мейірімді баламын деп санайсыңдар ма? Ендеше бәріміз бірге «Мейірімділік ағашын» өсірейік, ол үшін сендер өздеріңді не үшін мейірімді санайтындарыңды айтып, «мейірімділік ағашына» жемістерді ілеміз.

Қорытынды: -Балалар бүгін сабақта адам бойындағы тағы бір асыл қасиет мейірімділік туралы білдіңдер? Осы сабақта өздеріңе не алдыңдар, не үйрендіңдер? (оқушылар жауабы)

-Дұрыс балалар, адамдар бір-біріне әрқашан қамқоршы, адал, қиын жағдайда қол ұшын беруі керек, әр күнін күлімдеп қарсы алып, өзін қоршаған адамдарға,бауырларына мейірімділік таныта білуі керек.

## **Сабақтың тақырыбы: Тарих пен тіл тамырлас**

Мақсаттары :Оқушыларды ана тілімізді құрметтеуге тәрбиелеу, тіл – біздің тіршілігіміз, бабаларымыздан қалған асыл мұра екенін түсіндіру.

Сабақтың барысы:

Ана тілге деген сүйіспеншілік бала кезден басталады. Ана тіліміз арқылы ғана біз халқымызды, Отанымызды танып білеміз. Ел – жұртымыздың, туған жеріміздің ерекшелігін, қасиетін ана тіліміз арқылы қабылдап, соған деген махаббатымызды ана тіліміз арқылы жеткіземіз. Біздің ана тіліміз – қазақ тілі. Қазақ тілі – дүние жүзіндегі ең бай, беделді де, бейнелі тілдердің бірі. Тіл – ұлттың ұлттық сипатын ерекшелейтіні белгілі. Тілі жоқ халықтың ұлты да жоқ болатыны дау тудырмайтын ақиқат. Қазіргі таңдағы қазақ қоғамындағы ұлттық бірліктің дамуын қамтамасыз ететін рухани байлық пен материалдық өндірісті бейнелейтін негізгі құрал – мемлекеттік тіл екенін сезіну тіл зерттеу мәселесіне бұрынғыдан басқаша қарауымызды қажет етеді. Олай дейтін себебіміз мемлекеттік тілімізді бекемдей түсу жолында жауапкершілік пен тиянақты істер өте қажет.

1.Тіл мерекесі қай күні аталып өтіледі?(22-қыркүйек)

2. Әдеби тіл түрлерін атаңыз?(ауызша-жазбаша)

Өткірдің жүзі, Кестенің бізі Өрнегін сендей сала алмас – деп ұлы Абай атамыз таңырқап, тағзым еткен. Олай болса, сендердің осы ана тіліміздің мәртебесін биікке ұшырататын сұңқары, бәйгенің алдын бермес тұлпары болуларыңа тілектеспін! Тіл тарихы – ел тарихы, тіл тағдыры – ел тағдыры. Себебі, еліміз бен тіліміз болашақ үшін бірнеше тарихи бұралаңдар мен шатқалдардан адаспай, сүрінбей, ақыры мақсатына жетті. Тарих пен тіл тамырлас. Ана тіліміз бүгінде барлық Қазақстан халықтарының мәртебесі, мақтанышы. Тіл халық тарихы, тіл ұлттық қазына, тіл біздің намысымыз, арымыз, байлығымыз, барымыз. Ана тілі – бұл атаңның тілі, анаңның тілі, туған халқыңның тілі.Ана тілін біз кішкентай кезімізден қастерлеп, құрметтеп үйрене бастаймыз. Әр халықтың жер бетінде жасағаннан бергі басынан кешкен өмірі, ерлік істері, аңыз ертегілері, шығарған өлең-жырлары, жазған кітаптары, табиғат пен қоғам құбылыс атаулары, көрген-білген жалпы дүние жайындағы ұғымдары ойы, сезімі бәрі-бәрі де ана тілінде сақталады, ана тілі арқылы атадан балаға ауысып отырады.

3.ҚР Конституциясы қай жылы қабылданды?(1992)

4. Тіл саясаты туралы тұжырымдаманы қай жылы қабылдады? (1996)

5. ҚР Тіл туралы Заңы қай жылы қабылданды? (1992)

6. Тіл туралы Заң қанша баптан, қанша тараудан тұрады? (6-тарау, 27баптан)

7. Сүйемін туған тілді- анам тілін, Бесікте жатқанымда-ақ берген білім. /Өлеңнің авторыкім? (С. Торайғыров.)

8. Қазақ тілі қай тілдер тобына жатады? (түркі тілдес)

Бабалардан қалған асыл сөз» деп аталады. оқушылар тіл туралы мақал – мәтелдер айтады. Мақал – мәтел Өнер алды – қызыл тіл Тіл тас жарады, тас жармаса бас жарады Ең ащы да, тәтті де – тіл Тіл қаруы – сөз. Жеті жұрттың тілін біл Келесі мен сендерге жұмбақ жасырамын. Жағалай – жағалай тас қойдым, Жирен атты бос қойдым. (Тіл) Онан әрі қарай тіл туралы өлеңдердің авторын табу. Сүйемін туған тілді – анам тілін, Бесікте жатқанымда – ақ берген білім. Шыр етіп жерге түскен минутымнан, Құлағыма сіңірген таныс үнін. (Сұлтанмахмұт Торайғыров) Ана тілің – арың бұл, Ұятың боп тұр бетте. Өзге тілдің бәрін біл. Өз тіліңді құрметте! (Қадыр Мырзаәлиев) Туған тілім – тірлігімнің айғағы, Тілім барда айтылар сыр ойдағы. Өссе тілім, мен де бірге өсемін, Өшсе тілім, мен де бірге өшемін. (Әбділда Тәжібаев) Оқушылар тіл туралы мақалдарды айтады .

Қорытынды: Туған тілде сыры терең жаным бар, Туған тілде әнім менен сәнім бар, Туған тілім-жүрек үнім наныңдар. Нанбасаң дар жүрегімді суырып-ақ алыңдар. Ана тілі бүгінде барлық Қазақстан халықтарының мәртебесі, мақтанышы. Тіліміз мемлекеттік мәртебеге ие болды. Енді осы ана тіліміздің өрісін кеңейту, қолданыс аясын барынша ұлғайту біздің міндетіміз. Бүгінгі

танымдық сағатымыздың соңын Ақын Мұзафар Өлімбаевтың жыр жолдарымен : Тілің – халқың, халқың – тілің, Қос егіз! Екеуінің саясында өсеміз. Халық пен тіл – жасай берер қос емен, Саясында көгереді көсегең. Сіз бен біз де бұ дүниеден көшеміз. Жасай бермек, жасайды сол қос – егіз!

## Сабақтың тақырыбы: «Ұлттық рух-тәуелсіздік тірегі»

Сабақтың мақсаты: Өз Отанына, туған жеріне деген сүйіспеншілігін арттыра отырып, елжандылыққа, ұлтын сүйуге, еліміздің рәміздерін қастерлеуге тәрбиелеу

Сабақтың барысы

Ұйымдастыру кезеңі

Республика! Ерікті ел – Қазақстан! Келді ақыры көп күткен жаз алыстан. Келді алыстан аңсатып, армандатып, Торды бұзған мен де бір мәз арыстан. Мен – айғақпын, ұстамын, ертегіге. Мен басымды иемін бүгінге, ертеңіме. «Ой ашар» кезеңі: Тәуелсіздік дегеніміз не?



Т – Тәуелсіз елде тұрағым, Тәуелсіздік жыр әнім

Ә – Әспеттеп салт пен әдетті, боламыз бала әдепті

У – Уәдеге берікболамыз, досқа серік боламыз

Е – Елім деп мен жар салам, еліммен мақтанам

Л – Лайым болсын ел аман, несібесі мол заман.

С – Сенімін елдің ақтаймыз, жақсы істер жасаймыз.

І – Ізгілік нұрын шашатын, жасасын Қазақстаным!

З – Зейінге бәрін тоқимыз, сабақты «5»-ке оқимыз

Д - Даламыздай кең пейілді, мақтан тұтам елімді

І - Ізетті бала боламыз, үлкеннің тілін аламыз.

К - Келешекке нық басқан, біз бақытты балдырған! Қандай сөз шықты балалар? Оқушыларға «Тәуелсіздік» жетістіктері туралы бейнематериал көрсетіледі -Тәуелсіздік бейнежазба

<https://yandex.kz/video/preview/7678473745471973267>

<https://yandex.kz/video/preview/10236596805179528974>

- Желтоқсан оқиғасының құрбандары:
- Ләззат Асанова, Ербол Спатаев, Қайрат Рысқұлыбеков, Сабира Мұхамеджанова



«Поэзия минуты» 1. Егемендік – иесімін деген сөз, Көптен бері естілмеген ерен сөз. Екі тізгін, бір шылбырын өзі алған, Көркем жігіт болып осы келген кез.

2. «Тәуелсіздік» - ел болғанның белгісі, Басқа жұртпен тең жұлдызы, тең күші, «Тәуелсіздік» деген сөзден естілер, Ата жұрттың арғысы мен бергісі.

3. Армандарды жақындатып тым алыс, Біздің жаққа жеткен екен жылы ағыс. Тәуелсіздік – ел бақыты, ертеңі, О, халайық! Құтты болсын қуаныш!

Еліміздің тәуелсіздігін аңсаған, ақ найзаның ұшымен елді жаудан қорғаған батыр аталарымыз бен желтоқсан оқиғасының құрбандарына айналған қыршын кеткен жастарды құрметтеп, осы отырғандардан 1 минут үнсіз орындарынан тұру сұралады. Ән: «Желтоқсан желі»

## **Сабақтың тақырыбы: Таным.Тағылым.Тәрбие»»»( тарихи – интеллектуалды ойын)**

Мақсаты:

Білімділік:

Интеллектуалдық сайысқа қатысушы оқушылардың тарихтан білімін толықтыру.

Дамытушылық:

Пәнге деген қызығушылығын арттыру,шығармашылыққа , ізденіске бейімдеу,зияткерлік қабілетін дамыту.

Тәрбиелік:

Оқушыларды тарихты дәріптеуге, насихаттауға үйрету, патриоттық сезімін ояту, тарихқа деген құрмет тудыру.

Ұйымдастыру кезеңі:

1.Аудиториямен сәлемдесу.

2. Ойынның тақырыбын және мақсатын хабарлау.

Ойынның барысы:

1жүргізуші:

Отаным сен барда еш мұқалмаймын,

Бірлік пен жырланады әрбір әнім.

Байтақпын баймын отан сен тұрғанда,

Сенің күйің шаттығым шырқағаным.

1жүргізуші: Сәлеметсіздер ме, құрметті қонақтар,ойыншылар және әділқазылар алқасы! Тарих апталығы шеңберінде 8 сынып оқушылары арасында өткізілетін « Тарих, Тағылым, Таным» атты тарихи – интеллектуалды ойынға қош келдіңіздер!

2 жүргізуші:

Отан ол- бауырың, ата- анаң,

Отан ол- Асқар тау зор панаң.

Отан ол- бірлігі елімнің

Отан ол- туған жер жайқалған.

Бүгінгі сайысқа әділқазылар алқасымен таныстырайық:

Нуртиякова Рысты (мектебіміздің ғылыми – әдістеме жұмысының жетекшісі)

Жалмағамбет Камшат ( ағылшын пәні мұғалімі)

Шабикова Тоян ( қазақ тілі пән мұғалімі)

1ж: Ал енді біздің зияткерлеріміз дайын болса жарысымызды бастаймыз.Сайыстың 1-ші шарты«Таныстыру». Әр топ өздерін таныстырады. 5ұпаймен бағаланады.

«Тарих, Тағылым, Таным» сайысына қатысатын оқушыларды ортаға шақырамыз:

Барлығы 15 оқушы қатысады.

Бірінші топ: «Азамат»

Екінші топ: « Аманат»

Кезек сіздерде...Әр топқа сөз беріледі

2ж. Айбыным елтаңбамен қыран байрақ,

Асынған сарбаздарың қару – жарақ.

Айбыным қойнаудағы алтын кенім,

Айбыным өр кеуделі қайсар ұрпақ.

Сайыстың 2-ші шарты: «Санды ретте». Әр топқа конвертке салынған 5 сұрақ беріледі.

Тапсырма жазбаша орындалады.(Дұрыс жауаптары әділқазылар алдына қойылады).

Тапсырманы тексереді. Әр дұрыс жауапқа бір ұпай беріледі.

1ж. Айбын ол – ұрпақтар ұраны,

Айбын ол- қазақтың күй – әні

Айбын ол – бабалар ерлігі,

Айбын ол- жастардың тірлігі.

Сайыстың үшінші шарты « Әңгіме құрастыру». Оқушылар алдына бір тақырыпқа қатысты түйін сөздер беріледі. Әр топ таңдайды, қысқаша әңгіме құрастырады. 10 ұпаймен бағаланады

2ж. Намыстың орнатып жігерін

Елімді, жерімді сүйемін.

Болашақ қамы үшін аянбай,

Бақыттың барына сенемін – дей отыра ойынымызды жалғастырамыз. Сайыстың 4 шарты «Сөз авторын табу» деп аталады. 10 ұпаймен бағаланады. Авторлардың сөздері экраннан беріледі.

1ж. Намыс ол- кеудемде тұтанар,

Намыс ол- жүректен от алар,

Намыс ол- елімнің жігері,

Намыс ол- қазақтың тірегі.

Сайысымыздың 5-ші шартына да келіп жеттік. Бұл сайысымыз «Терминді тап» деп аталады. екі топқа 3 термин жасырылған тапсырма конверт беріледі.

Революция Конституция Демокртия

Декларация Реформа Парламент

Диктатура Құрылтай Протекторат

(әр дұрыс жауапқа

бір ұпай беріледі)

2жүргізуші: Сайысымыздың 6-шы шартын бастаймыз.«Блиц - сұрақ» немесе түсінікті болу үшін «Кім тез». Әрбір дұрыс жауап бір ұпаймен бағаланады.Барлық топ бір уақытта сұрақты тыңдайды, ал жауапты кім тез табады сол береді.

1жүргізуші: Әділқазылар алқасы ойын нәтижесін шығарғанша 1-2 музыкалық номерді хабарлайды.

Қорытынды:

Қорытынды сөз әділқазылар алқасына беріледі.

Марапаттау рәсімі.

Тәуелсіздік мерекесімен құттықтау.

## **Сабақтың тақырыбы: «Жемқорлыққа балалық шақтан жол жоқ!»**

Тәрбие сағатының мақсаты:

1. Оқушыларға адам құқықтары жайлы түсініктерін қалыптастыру; «жемқорлық» деген не екенін түсіндіру;
2. Өз ойларын еркін жеткізе білу қабілеттері дамиды; дүниетанымдары кеңейеді;
3. Патриоттық тәрбие қалыптасады;

Тәрбие сағатының барысы:

1. Ұйымдастыру кезеңі.

2. Көңіл ашар сәті.

(Атамекен музыкасымен би қимылдарын жасау)

3. Дөңгелек үстел.

(Бір парақ қағазға Отан тақырыбына топтағы әр оқушы бір сөйлемнен жазады.)

Әр топ өз шығармасын оқып, қорғайды.

4. Үй тапсырмасын сахналау.

1 топтың тапсырмасы: Компьютер ойнауға ақша таба алмай отырған Ерлан мен Марат біраз ақылдасады. Ерланның есіне асханада ақша майдалатқан Қайрат түседі. Сол Қайратты қорқытып, ақшасын тартып алу керектігін Маратқа айтады. Сол мезетте келе жатқан Қайратты Марат алдап шақырады. Ойында арам ойы жоқ Қайратты Ерлан келіп бас салып, ақша тауып беруін талап етеді. Алғашқыда ойын екен деп ойлаған ол ақшасының жоқ екендігін айтса да, соңынан бұл істің қалжың емес екендігін ұғып, қалтасындағы бар ақшасын бере салады. Аман - есен құтылғанына қуанған ол анасына айтатындығын ескертеді. Ерлан мен Марат егер бұл істі біреуге айтсаң, онда жақсылық болмайтындығын Қайратқа жақсылап ұғындырады.

Сұрақтар: 1. Осы көріністе баланың қандай құқығы шектелген?

2. Ерлан мен Марат қандай қылмыс жасады?

3. Ерлан мен Мараттың қылмыс жасауына не себеп болды?

2 - топтың тапсырмасы: Нұрлан 5 - сыныпта оқиды. Нұрланның білім алуға деген талабы жақсы. Оқыса жақсы оқитын оқушылар қатарынан орын аларлық қабілеті бар. Бірақ ата - анасының тәрбиесі баланы жолдан тайдырады. Нұрланның ата - анасы бала тәрбиесіне жауапсыз қарайды. Баланы сабақтан себепсіз жиі қалдырады, кейде тіпті апталап келмей қалатын кездері де болады. Мектепте, сыныпта ата - аналарға байланысты өтетін жиындарға да келмейді. Сынып жетекшісі осы жағдайға байланысты Нұрланның үйіне барып, ата - анасымен бірнеше рет әңгіме жүргізгенімен еш нәтиже шықпайды. Ата - анасы құрғақ уәде беріп құр шығарып салады. Бірер күн өткен соң жаңағы оқиға қайта қайталанады. Білім алу баланың басты міндеті екенін біле тұра оны орындауда әке - шешесі салғырттық танытады.

Сұрақтар: 1. Нұрланның ата - анасының қылығын қалай бағалайсыздар?

2. Сынып жетекшісінің орнында болсаңыз не істер едіңіз?

3. Ата - ананың бала алдындағы міндеттері қандай?

3 - топтың тапсырмасы. 4 - сыныпты сәтті аяқтаған Жалғас жазда жақсы демалып, тынығып, қыркүйекте мектепке келді. Биыл орта буын, яғни 5 - сыныпқа келген соң, өзін - өзі бір есейіп қалғандай сезінді. Әрбір істеген жұмысына өзінше бір есеп беріп отыратын болды. Жалғастың қыркүйек айындағы тынымсыз еңбекке толы күндері өтіп жатты. Ол енді мектептегі бір үйірмеге қатысып, бойындағы ерекше бір қабілетін шыңдауды мақсат санады. Сөйтіп, мектептегі «Тұмар» пікір - сайыс клубына жазылмақшы болып бір шешімге келді. Осы ойын ата - анасына жеткізді. Ата - анасы Жалғастың ойына қарсы болады. Оны анасы ағылшын тілінен өтетін үйірмеге өзі жазғызып қойғанын, қазіргі заманға ағылшын тілі мамандарының өте қажет екендігін, заман ағымына сай өмір сүру керектігін баса айтты. Ал, Жалғастың бар ойлағаны, өзінше бір жасаған шешімі құмға сіңген судай жоқ болды да кетті. Үнемі ата - анасының айтқанын дұрыс санап, соны басты назарға алатын Жалғас тағы да ата - анасымен



келісуге мәжбүр болды.

Сұрақтар: 1. Жалғастың ата - анасының іс - әрекетін қалай бағалайсыз?

2. Осы жерде баланың қандай құқығы шектеліп тұр?

3. Жалғастың ата - анасының шешімімен келісуі дұрыс па?

Слайдпен жемқорлыққа байланысты мысалдар келтіру:

1. Мұғалімге мерекелерде гүл шоқтарын сыйлау жемқорлыққа жатады ма?

2. Емделіп болған науқас дәрігерге өзінің алғысын белгілі - бір сыйлықты ( гүл, сағат, портрет.....) сыйласа жемқорлыққа жатады ма?

3. Жоғарғы оқу орындарында білім алушылар, емтихан уақытында оқытушыларына үстел жасаса, бағалы сыйлық әперсе, жемқорлыққа жатады ма?

4. Қала ішіндегі автобустардың кейбіреулері тендер ұтып алады да, қала ішінде жолаушыларды тасымалдау барысында көптеген қателіктер жасап жатады. Мысалға автобусқа адамдарды санынан артық отырғызу, аялдамасы жоқ жерлерде тоқтап, адамдарды үсті - үстіне алу жемқорлыққа жата ма? (шофер, басқарушы директор, инженер арасындағы сыбайластық жемқорлықты көрсету)«Шелектің бетін жалағандар тұтылады, түбін жалаған тұтылады» деген мақалдың осыған қатысты екенін дәлелдеу.

5. Нашақорлық дамып бара жатыр, себебі шетелдерден әкеледі, кейбір кедендер өз жұмыстарын жауапты орындамай, заң бұзушылыққа барады. Бұл жемқорлыққа жата ма? Тәрбие сағатын қорыту.

Сұрақ - жауап

Оригами жасау.

- Еңбек сабағымен байланыстыру

- Көгершін құсы туралы ой қозғау

- «Жүрек жылуы» тілек арнау.

## Сабақтың тақырыбы: «Ұлттық ойын-ұлт қазынасы!»

Мақсаты:

Білімділік: Халқымыздың ұлттық ойындарының қалай қалыптасқандығы, оның атадан балаға, үлкеннен – кішіге мұра болып жалғасып отырғандығы туралы мағұлмат беру.

Дамытушылық - Ұлттық ойын түрлерінің мазмұнын түсіндіре отырып, жарыс түрінде көрсетіп, қызығушылықтарын арттыру.

Тәрбиелік: ата-бабамыздан бізге жеткен баға жетпес байлығымыз, асыл қазынамыз ұлттық ойын екендігін біліп өсуге, денсаулығын шыңдай түсуге тәрбиелеу.

Қолданылған көрнекіліктер: Ұлттық ойын түрлері салынған сурет, ұлттық ойынға байланысты буклет, музыкалық аспап.

Сабақтың жүру барысы:

Ұйымдастыру бөлімі:

1. Оқушылардың сабаққа назарын аудару.

Кіріспе сөз:

Халқымыздың тарихи – мәдени мұраларының түрлері сан алуан. Солардың қай – қайсысы да адамға, соның игілігіне қызмет етуге бағытталған. Осындай аса құнды мәдени игіліктердің бірі – ұлт ойындары. Бүгінде ойынды адам баласы жасаған жеті кереметтің қатарына сегізінші етіп осы ойынның аталып жүруі де жайдан – жай емес. Бұрын ел қорғаушы батыр, жауынгер, халық қайраткерлері, ойын үстінде көрінеді. Сол ойын арқылы шынығып, өзінің бойындағы табиғи дарынын шыңдай түседі. Ұлт ойындары осылайша атадан – балаға, үлкеннен – кішіге мұра болып жалғасып отырған. Ойын тек адамның дене күш – қуатын молайтып, оны шапшаңдыққа, дәлдікке т. б. тәрбиелеп қана қоймай, адамның ақыл – ойының толысуына, есейіп өсуіне де көп пайдасын тигізеді. Манашыұлы Тұяқпай жырында: «Балалармен ойнайды, ойнап жүріп ол бала кеудеге ақыл ойлайды» - деп түйіндейді. Бұдан көретініміз ойын тек көңіл көтеру мен ермек үшін жасалмаған, қайта халықтың жазу өнері әлі дамымаған, оқу орны болмаған кезде өз ұрпатарын өмірге әзірлеу мүмкіншіліктерін пайдаланатын іс – әрекет қызметін атқарған. Қазақтың ұлт ойындары тақырыпқа өте бай және алуан түрлі болып келеді.

Ал, балалар кім қандай ұлттық ойын түрлерін білесіңдер?

Балалар: көкпар, күрес, теңге алу, жамбы ату, аударыспақ.

1.«Ақсерек-көксерек»

Мақсаты: Балаларды ұлттық ойын туралы түсінігінің болуы.Шапшандылықтарын арттыру, сөздік қорларын дамыту.Патриоттық сезімге тәрбиелеу.

3. «Сақина жасыру»

Мақсаты: Балаларды аз қимылды ойын түрімен таныстыру. Ойын барысын түсіндіру. Сөздік қорын дамыту.Қызығушылықтарын арттыру.

Ұлттық ойынды қастерлеуге тәрбиелеу. Ойынды өткізуші және сақина жасырушы бала белгіленеді. Қалған ойыншылар жерге отырып тізілерінің үстіне алақандарын жаяды.

Бастаушы жабулы қолын әрбір ойыншының алақанына салысымен, ол бала алақанын жаба қояды.Бастаушы бір баланың алақанына сақина салысымен, ойыншылардың біреуінен-«Сақина кімде»-деп сұрайды. Ол сақинаның кімде екенін білсе сол баламен орнын ауыстырады. Ал білмесе ол өз өнерін көрсетеді. Ойын басқарушы ойынды осылай жалғастыра береді.

Мақсаты: Асық түрлерімен, асық атауларын таныстыру.

Асық түстерін атау. Ептілікке, мергендікке баулу.Ұлтжандыққа тәрбиелеу. Бұл отырып ойналатын, негізінен қыз балаларға арналған ойын.Оған төрт-бес үміткерден қатысады.Ойын үшін он асық тандап алынады.Он бірінші асықтардан ерекше өзге түске (қызыл, не көк) боялған болуы шарт бір-бірден асық үйірусіудің қорытындысы бойынша ойыншылар кезектерін бөліседі.Бұдан соң алғашқы ойыншы қос уыстай ұстаған бар асықты ортаға үйіруі

керек.Қалған ойыншылар андысын аңдап өзге асықтардан ерекшеленген «ханға» қадалады.Себебі, хан алшы түссе, барлығы тарпа бас салып, ортадағы асықтарды, хан талапай жасауы тиіс.Хан кімнің қолында кетсе, келесі үйірі кезегі соған беріледі екен, хан мен бірге қолына ілінген асықтардың санына қарай ұпай жазылады. Хан алшы түспеген жағдайда үйірген ойыншы шашылған асықтардың бүгі мен бүгін, шігі мен шігін , алшысымен-алшысын тәйкесімен мен тәйкесін бір-біріне соғып, кенейлер бір-біріне тимей қалғанша ұпай жинайды.Көздеген асығы үшінші бір асыққа тиіп кетсе, немесе бөгде асықты қозғап қалса да, ойынның бұзылғаны.Онда кезек келесі ойыншыға беріледі.Осы ретпен әр ойыншы жинаған асығының санына қарай ұпай жинайды. Межелі ұпай санын (100 не 50 немесе 80-40) ойын жүргізуші алдын ала белгілейді.Межеге бұрын жеткен ойыншы жеңімпаз болып саналады. Ескерту: Асықтарды бір-біріне тигізу кезінде қолмен сүйретіп апаруға, орыннан қозғап түзетуге бол майды.Ойынның соңына дейін ханға бірде - бір асық тимеуі керек.Себебі ол –хан.

#### 6. Хан «алшы»

Мақсаты: Балаларды асық түрлерімен, асық атауларын таныстыру.Асық түстерін атау. Ептілікке, мергендікке баулу. Ұлтжандыққа тәрбиелеу.

#### 7.«Көтермек»

Мақсаты: Балаларды ұлттық ойынмен таныстыру.Ойын барысын түсіндіру.

Шыдамдылыққа, төзімділікке тәрбиелеу.

Тоғызқұмалақ. Баланың ойлау қабілетін, математика мен логикасын дамытады.

Қорытынды сөз: Сонымен ұлт ойындары – ата – бабамыздан бізге жеткен, өткен мен бүгінгіні байланыстыратын баға жетпес байлығымыз, асыл қазынамыз. Сондықтан оны үйренудің күнделікті тұрмысқа пайдаланудың маңызы өте зор. Ойын адамның алдынан өмірдің есігін ашып, оның творчестволық қабілетін оятып, өміріне ұштаса береді. Ойынсыз ақыл – ойдың қалыпты дамуы да жоқ, болуы да мүмкін емес. Ойын дүниеге қарай ашылған үлкен жарық терезе іспетті, ол баланың рухани сезімі жасампаз өмірімен ұштасып, өзін қоршаған ортаны тану арқылы түсінік алады. Ойын дегеніміз тынысы кең, алысқа меңзейтін, ойдан – ойға жетелейтін, адамға қиялымен қанат бітіретін осындай ғажайып нәрсе, ақыл – ой жетекшісі, денсаулық кепілі, өмір тынысы.

## **Сабақтың тақырыбы: Құқық - әділет пен парасат жолы**

Мақсаты:

Білімділік – оқушыларға адам құқықтары мен бостандықтары жайлы баптардан түсінік қалыптастыру, құқықтық білімдерін толықтыру. Оқушылардың саяси саналығы мен таным белсенділігін арттыру, заңдарды талдай отырып, өз беттерімен салыстыра білуге, өмірде қолдана білуге, ойлау қабілетін дамыту. Адамгершілік, ізгі қасиеттер мен ар – ождан бостандығына, адалдық пен мейірімділікке баулу арқылы құқықтық тәрбие беру.

Көрнекілігі: Қазақстан Республикасының Конституциясы, «Бала құқығы» конвенциясы, заңдар жинағы слайд.

I. Кіріспе

II. Құқық туралы жалпы түсінік

Қорытынды

Қанатты сөздер:

«Ата заң әркімнің бойтұмары болып, оның әрбір қағидасы мүлтіксіз орындалғанда ғана ортақ мақсатқа қол жеткіземіз».

Н. Назарбаев.

«Бала бол, басқа бол – бәріне заң біреу - ақ»

«Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ».

Ж. Баласағұн.

I, Тәрбиешінің кіріспе сөзі:

«Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілесің» деген аталы сөзді атамыз бекер айтпаған. Әр адам мемлекеттік заңдарды құрметтеп, ата – бабамыздың тәжірибесін үнемі назарда ұстап отыруы тиіс. Халқымыз 13 жастағы баланы «отау иесі» деп атады. Ал қазіргі Қазақстан Республикасының Ата заңы бойынша, қылмыс жасаған баланы 14 жастан жауапқа тартады. 16 жастан бастап толық әкімшілік, қылмыстық жауапкершілік басталады, азамат жеке куәлік алады.

II. Конвенцияда адам құқығын құрметтеуге, баланы ата – анасынан, олардың мәдениетіне, тіліне, өзі тұратын елдің ұлттық байлығына, қоршаған ортаға, табиғатқа құрметпен қарауға тәрбиелеу жөнінде айтылған.

Біз тәуелсіз, егеменді елміз. Өзімізге тән елтаңба, әнұран, туымыз бар. Соның маңыздыларының бірі – 1995 жылдың 30 тамызында Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясы қабылданған.

Конституция 98 бапты біріктіріп 9 бөлімнен тұрады. Адамның құқықтары, бостандықтары мен міндеттері осы бөлімдерде жазылған. Әр адам өз құқықтары мен міндеттерін білуі керек. Бүгін осы мәселелерді қарастырдық. «Заң білу – заман талабы». «Бала құқығы». «Заңға бағыну – адамзат міндеті».

Заңды білу – заман талабы. Бүгінде Қазақстан Республикасында демократияға бағытталған құқықтық мемлекет құру идеясы жүзеге асырып, ондағы әрбір азаматтың өз құқықтарын жете біліп, соған сай сана – сезімдерін қалыптастыру. Азаматтың міндеті – заң талаптарын бұзбау, екінші жағынан, өзіне жүктелген міндетін орындау. Өйткені заң дегеніміз - өмірдің нәрі.

Заңның мықтылығы – атында емес, адалдығы мен әділдігінде. Заңның ең басты мақсаттарының бірі – қоғамдағы алуан мінезді адамдарды салауатты өмір салтына тәрбиелеу.

«Бала құқығының» заңдарынан баптарды ұсыну.

1 – бап

Бала сипаттамасы.

18 жасқа толмаған жеткіншек бала деп саналады. Ал кейбір жағдайда жергілікті ұлттық заңдар

бойынша кәмелеттік жас одан ерте көрсетілуі мүмкін.

2 - бап

Дискриминацияны, яғни зорлық – зомбылықты болдырмау.

Барлық құқық барлық балаға бірдей тарайды. Мемлекет баланы зорлық – зомбылықтың барлық түрінен қорғауға және оның құқығын қорғау үшін тиісті шараларды қолдануға міндетті.

3 – бап

Бала құқығын анағұрлым толық қамтамасыз ету.

Балаға қатысты жасалатын барлық іс - әрекет оның мүддесін толық көлемде ескеруі қажет.

Егер ата – ана немесе басқа тұлға балаға керекті қамқорлықты көрсете алмаса, онда бұл жауапкершілікті мемлекет өз мойнына алуы тиіс.

Адам бол! Білімі тасқан, өнері асқан

Өзіңе сүйсіндірер басқа жанды.

Салауатты мақсатың - өмір сүру,

Өмірдің мағынасын керек білу., - деп арқалы ақын Сұлтанмахмұт Торайғыров жырлағандай болашақта шалыс қадам баспай, өз өмірлеріне жауап беретін ата - анасының емес бүкіл алаштың азаматтары болады деген сеніммен бүгінгі сабағымызды аяқтаймыз.

## **Сабақтың тақырыбы: Батаменен ел көгерер**

Мақсаты:

Білімділік: Оқушылардың бата жайлы алған білімдерін толықтыру.

Дамытушылық: Тақырыпқа байланысты жүйелі түрде іздену, бата түрлерін ажырату, тың материалдар жинау арқылы оқушылардың ойын дамытып, белсенділігі мен қызығушылығын арттыру.

Тәрбиелік: Батаны өмірде қолдана білуге, бата беріп үйренуге баулу, имандылыққа, салт-дәстүрді дәріптеуге тәрбиелеу.

Сабақтың көрнекілігі: интерактивті тақта, бейнелі суреттер, плакаттар, слайд дидактикалық материалдар.

Сабақтың барысы:

1. Ұйымдастыру кезеңі.

2. Сабақтың мақсатымен таныстыру.

Кіріспе сөз: Бата дегеніміз не?

Біздің данағөй бабаларымыз: «Жауынменен жер көгерер, батаменен ер көгерер», - деп айтып кеткен ғой. Бата беру - адал ниет, жақсы тілек білдірудің ұлттық дәстүрі. Халық ақ батадан рухани қуат алады, ол жақсылыққа жол ашады деп сенеді. Сондықтан да қазақтар ежелден-ақ қадірлі қариялардан, атақты батыр, билерден, шашасына шаң жұқпайтын шешендер мен арқалы ақындардан бата алуға құштар болған.

Ата-бабаларымыздың өсиетнамасы-ақ батаның шығу тарихы әлі терең зерттелген жоқ. Алайда бірқатар тіл мамандары: «Бата – арабтың «фатеке» деген сөзінің қазақша айтылу түрі», - дейді. Яғни, бата – фатекенің мағынасы: алғыс айту, ақ ниет, ақ тілек білдіру. Ақ бата – ұлтымыз үшін теңдесі жоқ асыл сөз. Ал сөз – бүкіл адамзат тарихындағы құдіретті күш. Өзінің адал жаны, бүкіл рухы, өткен тарихы сөзге тығыз байланысты қазақ халқы ақ батаның ізгі сөздеріне сүттей ұйып, оның құдіретті күшіне шексіз сенеді. Жақсы бір істі қолға алғанда өз мақсатына жету үшін Аллаһ Тағалаға жол іздеп, оны Жаратқан Иеміздің рұқсатымен бастау үшін әуелі ниетін түзеп, бүкіл ойын, тілегін шарболаттай сығымдап, сөз арқылы бір арнаға құйып, Раббымыздан «Ісімді оңғара көр», -деп сұрайды, басқаға тілек айтып, бата бергенде де оның қабыл болуын Аллаһ Тағаладан тілейді. Олай болса, тілек айту, бата беру – Аллаһ Тағалаға жол іздеудің, онымен байланысудың Ғаламдық күш-құралы, дүниетанымымыздың ұлттық бір жүйесі. Ақ бата – қазақ халқы үшін – Ой, Ниет, Тілек, Істің жиынтығы, барлық наным-сенімнің бірлігі. Сол себепті, қазақ халқы көне – көк түрік заманынан қазірге дейін өзінің барлық ізгі істерін ақ тілекке толы ақ батамен бастап келеді, келешекте де әр қадамын ақ батамен аттайтын болады. Бата – негізінен, намаздың соңында қол жайып айтылатын дұға. Қазақ баталары соның үлгісінде айтылатын бір түрі. Батаның қысқасы да, ұзыны да болады. Түрлері де әртүрлі. Мұның бәрі бата берушінің шешендігіне, ақыл-ой, парасатының дәрежесі-не тығыз байланысты. Егерде сөздері асыл болса, ол ақ ниетпен айтылса, қысқа батаның да, ұзын батаның да қадір-қасиеті, құдіретті күші бірдей. Тек оның қабыл болу – болмауы жалғыз ғана Аллаһ Тағалаға аян.

Батаның негізгі түрлері:

1. Ақ бата. 2. Теріс (қарғыс) бата. 3. Серттесу батасы (Баталасу).

Ақ бата – шын жүректен шыққан ізгі тілек, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан өсиетнама, Аллаһ Тағаладан мейірім-шапағат сұрау, қазақтың қасиетті тұмары. Ақ батаның негізгі мақсаты – ағайынның бір-біріне деген мейірім-шапағатын, сүйіспеншілігін білдіру, бірін-бірі ынтымақ-ырысқа, береке-бір-ікке шақыру, үлкен-кішінің жолын ашу, келешекте жүзеге асырылатын мақсат, мүдделерді белгілеу. Соған сәйкес, ақ бата көбінесе мынандай жағдайларға байланысты беріледі: жаңа туған нәрестеге, өмір жолын жаңа бастаған ұл-қызға, жас отауға, алыс жолға шығушыларға, үлкен бір істі қолға алушыларға, жорық-шеруге

аттанушы сар-баз, сардарларға, түрлі жақ-сылықтарға арнап жасалынған тойларға, аруақтарға арналған асқа, жауын тілеген тасаттыққа, жиналған егінге, садақа, құрбандыққа, қонақасыға, күздік, соғымға сойылған малға, сойылған соғым басына, қонақасыға, Наурызға (Наурыз бата), Жаңа жылға, мүшел жасқа, дастар-қанға, Ораза ұстағандарға (Жарапазан бата).

Теріс бата – қарғыстың қатты, жазаның өте ауыр түрі. Мұндай батаны әке-шешесі сенімін ақтамай, үлкен ұятқа қалдырып, әулетін, ата-тегін масқаралаған, өздеріне қолы, тілі тиген, дінін, тілін, Отанын сатқан, жауыздық, ауыр қылмыс, кешірілмес күнә жасаған баласына қолдарын теріс жайып тұрып берген. Батаның бұл түрі ел ішінде өте сирек қолданылады. Теріс бата ұрпақтан-ұрпаққа қара таңба болып қалып келген. Ата-анасының теріс батасын алғандарды халық жек көрген, оларға сенім артпаған, қонаққа шақырмаған, қыз беріп, қыз алыспаған, дос болмаған. Теріс батаны қайтару, қайтып алу үшін алқалы жұртты жинап, Аллаһ Тағаладан теріс батаны өзгерту сұралып, жалбарыну рәсімдері жасалынған. Тірі болса, ата-анасы: «Теріс батамды қайтып алдым», - деп айтқан. Адамдар қаншама ашуланып, қорланып, намыстанса да теріс бата беруге асықпағаны, теріс бата беруден сақ болғаны, теріс батаға мән бермей, айтып қалудан бойын аулақ ұстағаны абзал. Өйткені, «Жүйелі сөз жүйесін табады, жүйесіз сөз иесін табады».

Серттесу батасы (Баталасу) – құдалықта, серт пен уәдеде, елшілікте, ел арасындағы маңызды үлкен шараларда жасалатын жол. Ол – хан, ақсақалдар, билер алдында, аруақ орнында да жасалып, қол алысылып орындалатын ғұрып. Оны бұзу, яғни, «бата бұзу» - қарғыспен тең. Қазақ баталасуды – елдіктің, тектіліктің, азаматтық қасиеттің белгісі деп таниды. Этнограф – жазушы Сейіт Кенжеахметұлы баталасуға байланысты мынандай бір оқиғаны айтады: «Шақшақ қайтыс болғанда (XVII ғасыр) оның жас әйелі Сомалтынды жақын қайнысы Әйдеркеге қосады. Осы Сомалтынның Шақшақтан туған жас баласы Есназар мен Әйдеркеден туған Жылқыайдар екеуі енелес. Екі бала бірге өсіп, ер жеткеннен кейін елдің басты адамдары жиналып: «Сомалтын қасиетті, өнегелі ана болды. Бұдан былай одан туған Есназар мен Жылқыайдар бір ананың баласы болғандықтан, қанша ата өтсе де, бір-бірінен қыз алыспасын, өмір бойы туыс болып саналсын», - деп, қол жайып, аруақ атын айтып, баталасыпты. Міне, сол бата арада 400 жылдай уақыт өтіп, арасы 12 атаға толса да, әлі бұзылған жоқ».

Көрініс: "Малайсарының Сырымға берген батасы"

Мұғалім сөзі: Ел есіндегі баталар

Халық арасында ғасырлар бойы сақталып келе жатқан да атақты баталар бар. Ол оның тәлім-тәрбиелік маңызының, өлең болып өрілу шеберлігінің өте жоғарылығынан, көркемдігінен екені мәлім. Солардың ішінде Төле бидің Қойгелді батырға берген батасын, Анасының Райымбек батырға берген батасын, Шәукенің Бөлтірік шешенге берген батасын, Соқыр Абыздың Жәнібек батырға берген батасын, Қарасай батырдың балаларына берген батасын, Бауыржан Момышұлының батасын, Кененнің келіндеріне берген батасын халық жыр қылып айтады. Оқушылардың баталары: Қарасай батырдың балаларына берген батасын, Төле бидің Қойгелді батырға берген батасын, Шәкір Әбенұлының Ел басына берген батасы.

Ой қозғау. Қандай бата білеміз? Батаны кімдер береді?

Бата көбінесе жастарға беріледі. Бата беретіндер: көпті көрген құрметті ақсақалдар мен кеменгерлер, дуалы ауызды билер, атақты адамдар, өз ісінің хас шеберлері. Қазақ халқында бата берудің өзіндік орны мен жолы, жөні бар. Батаны халық арасында (қонақтар ішінде) үлкен адам болмаса, көптің рұқсатымен, жас болса да бас боларлық жолы, жөні бар адам береді. Ерлер отырғанда әйел бата бермейді. Әйелдер арасында сөз білетін бір ер бала отырса, әуелі сол бата беруге тиісті. Халқымызда батырларға, билерге ардақты аналардың да бата берген кезі көп. Бата көзі тірілерге ғана емес, аруақтар-ға да жасалған. Батаның өз қисыны бар. Оның айтылатын да, айтылмайтын да жерлері болады. Және де қуаныш пен тойдың ретіне қарай соған лайықты бата беріледі. Қазақта ұлы үйленгенде атасы, ол болмаса, сол әулеттің үлкені, әкесі бата беруге тиіс. Той иелерінің қалауымен екі жасқа бата беруді басқа да үлкен кісілерден

сұрауға болады.

Келген қонақтарға сөз. Жеткер ата.

Көрініс: "Баланы оқуға шығарып салу"

Оқушылар ізденісі: Оқушылар төмендегі сұрақтар бойынша ізденіп жауап береді.

1. Бата туралы қысқаша кім түсінік береді?

2. Батаны қай кезде береді?

3. Батаны беретін адамды кім дейді?

4. Батаның негізгі неше түрі бар? (ақ, теріс батаны түсіндіріңдер)

Ойын «Жалғастыр»

«Не істеуге болмайды?».

- Үлкендердің алдынан..... (кесіп өтуге болмайды.)

- Кішкене баланы.....(жылатуға болмайды.)

- Құстарды.....(атуға болмайды.)

- Қыз баланы.....(ренжітуге болмайды.)

- Сабақтан.....(кешігуге болмайды.)

- Сыныпта.....(айғайлауға болмайды.)

«Не істеу керек?»

- Үлкен кісіні.....(сыйлау керек.)

- Үлкеннің тілін.....(алу керек..)

- Үлкендерге.....(сәлем беру керек.)

- Кішілерді.....(қамқорлау керек.)

- Оқу құралдарын..... (күтіп ұстау керек.)

Қорытынды: Ендеше балалар ата бабамыздан мирас-өнеге болып қалған баталы сөздерді есімізде сақтап, қастерлеп жүрейік. Бүгінгі сабағымызды мынадай өлең шумақтарымен аяқтайыз:

Ниет, ықылас білдіру,

Әр адамға аманат!

Ата – баба дәстүрі –

Батаны біл жамағат.



## **Сабақтың тақырыбы: «Адамгершілік – адамдықтың белгісі»**

Мақсаты: оқушылардың бойына рухани-адамгершілік қасиеттерді ұялату үшін мейірбан, ақылды, шыншыл, қайырымды, т.б. адамдық асыл қасиеттерді игеруге ықпал ету.

Көрнекілік: Слайд материалдары, жарға ілінген нақыл сөздер.

Нақыл сөздер:

Сабақ барысы:

1. Ұйымдастыру. Оқушылар орындарынан тұрып, сәлемдескеннен соң, топ сағаты басталып кетеді.

2. Бүгінгі топ сағатымыздың тақырыбы – «Адамгершілік – асыл қасиет». Бұл сабақ арқылы біз өз бойымызға рухани-адамгершілік қасиеттерді ұялату үшін мейірбан, ақылды, шыншыл, қайырымды, т.б. адамдық асыл қасиеттерді игеруге ықпал етуді үйренуіміз керек.

Жаратылыстың барлығы екі қарама-қарсы нәрседен тұрады. Ақ-қара, күн-түн, ыстық-суық, жақсы-жаман. Адам бойындағы барлық жақсы қасиеттер рухтан туындайды, ал жаман қасиеттер нәпсінің көрінісі болып табылады. Адам денесі бір болғандықтан оның ішінде билік үшін үнемі осы екі қуаттың – «рух пен нәпсі» күресі жүріп жатады.

Адамның ішінде болмайды аласы,

Оларды бұзатын нәпсінің таласы.

Шәкәрім.

Рухтың мекені – адамның жүрегі. Жүрек жылуы, махаббат, ар-ұят, қайрат, мейірімділік, жақсылық адамшылық осы жүректен туындайды. Рухтың табиғаты материалдық зат емес, оның табиғаты – асыл нұр.

Күн адамның рухы болса, күн сәулесі – ақыл дейік. Себебі ақыл – рухтың құрамдас бөлігі.

Рухани бай адам – ең алдымен әділ, шыншыл, мейірімді, кешірімді, қанағатшыл, ақылды болады. Осындай қасиеттері бар адамда адамшылық мол болады. Адамгершілік ұғымында да осы аталған қасиеттермен бірге аяушылық, сүйіспеншілік, жан аямай еңбек етушілік, т.б. көптеген сапалар кездеседі.

Адамзат тарихында адамгершілікке байланысты пайда болған категорияларға мыналар жатады: жомарттық, батырлық, ерлік, әділдік, қарапайымдылық,

кішіпейілділік, адалдық, шыншылдық, ұяттылық, ар мен намыс, тағы басқалары.

Адамгершілікті, оның жоғарыда айтылған категорияларын қалыптастыру үшін жүргізілетін қатынастар аз емес, өте көп. Олар: дос- жарандармен, ата- анамен, оқушы мен ұстаздың арасында қарым- қатынас орнату, өзара сыйласу, қонақжайлылық, жолдастық, достық, туыстық қарым- қатынастар. Адамның адамгершілігі — оның жоғары қасиеті, былайша айтсақ, кісілігі. Оның негізгі белгілерінің бірі — адамдық ар — намысты ардақтау, әр уақытта жақсылық жасауға ұмтылу, соған дайын болу, «Өзің үшін еңбек қылсаң, — дейді Абай, — өзі үшін оттаған хайуанның бірі боласың». «Досыңа достық- қарыз іс, дұшпаныңа әділ бол». Ақылды, мейірімді адам кез- келген уақытта өзгенің жақсылығын бағалағыш болып келеді. Арлы адам- ардақты. Адамгершілігі мол адам — басқаларға қашан да үлгі-өнеге.

Мұғалім:

· Мынандай суретке көңіл аударайық. Суреттен нені көріп тұрсындар?

Жауап: қара ноқат немесе қара ноқаты бар ақ қағаз.

Шын жауап: қара ноқаты бар үлкен ақ қағаз.

· Иә, балалар, өмірдің көптеген көріністерінен, оқушылық өмірлеріңде сендер ақ түсті аңғармай, адам бойынан «қара» ноқатты көресіндер. Былайшы айтқанда, біз әр адамның бойынан жақсы жақтарын ғана көрсек, неге оның кемшілігіне көңіл аударамыз. Жақсы оқиғалардан гөрі, дау-дамай, қылмыстар жайында рахаттана әңгімелесеміз. Егер біреу сені сөгіп жатса, «мен ризамын» деп жауап бере қой делінген пайғамбар хадистерінде. Сондықтан, балалар, жаңағы өздерің айтқан нақыл сөздерден өнеге алып, өмірдің, достарыңның ұстаздарыңның тек жақсы жақтарын қабылдай біліңдер: мына жазылған нақыл сөзге көңіл

аударыңдар:

1. Адамның адамшылығы – ақыл, ғылым, жақсы ата, жақсы ана, жақсы құрбы, жақсы ұстаздан болады.

Абай.

2. “Жақсы әдет өсімге берген ақша, адам өмір бойы соның жемісін пайдаланады, жаман әдет-борыш, адам өмір бойы сол борыштың өсімінен азап шегеді”

К. Д. Ушинский.

Қымбатты, оқушылар, осы топ сағатында барлықтарымыз жақсы бір сезім әсерінде болдық деген сенімдемін.

Осы топ сағатынан сіздің бойларыңызға бір әсем шуақ — адамгершілік шуағы молая түсті.

Жүректеріңе жан шуағы орнады. Қазірден бастап жаман әдет пен қылықтардан тазарып, жаны таза, көңілі ақ рухани сезімдерге бай адам болуға талпыныңдар. Осындай әсем сезімде отырып бір-бірімізге жылы сөздер арнайық! (Бір-біріне бір-екі ауыз жақсы тілек айтады).

Қорытынды: Бойларыңда от бар екен байқадым,

Жүректерде шоқ бар екен байқадым.

Әрқашанда осы шоқты өшірмей,

Жалындатып, шарықтаңдар әрдайым.

Ықыластарыңа рахмет. Осымен топ сағатымыз аяқталды. Сау болыңыздар!

### **Сабактың тақырыбы: Мақал сөздің азығы, жұмбақ ойдың қазығы**

Мақсаты: Мақал - мәтел – ата бабамыздан қалған өшпес мұра. Көлемі жағынан шағын болғанмен, мағынасы терең, құны қымбат қазына. Мақал - мәтел – тәрбиелік мәні зор, рухани байлық туралы мағлұмат беру. Білімдерін жүйеге келтіріп пысықтау, мақал – мәтелдерді орынды қолдану дағдыларын қалыптастыру. Тіл – қай ұлтта қай елде болса да құдіретті, қастерлі. Ана тілімізді дамытып, орыс тілін қолданып, ағылшын тілін үйренеміз деген мақсатпен оқушылардың қызығушылықтарын арттыру.

Дамытушылық: Ойлау, есте сақтау, ой түйіндеу, ауыз екі сөйлеу, ой – өрісін кеңейту.

Тәрбиелік: Шешендік сөйлеуге, сөз астарын мағыналы түрде сипаттап көрсету, салауаттылыққа тәрбиелеу.

Сабактың түрі: аралас сабақ

Сабактың әдісі: 1. Түсіндірмелі иллюстрациялық 2. Сарамандық 3. Сұрақ - жауап.

пәнаралық байланыс: тарих, әдебиет, ағылшын тілі, музыка.

1. Ұйымдастыру бөлімі.

Сәлемдесу, оқушыларды түгендеу, дайындықтарын тексеру, Топ мүшелерінің ойларын бір ортаға топтау мақсатында ой тастау.

2. Жанның жайын жарыққа шығару үшін, жанның сырын сыртқа білдіру үшін адамның екі құралы бар. Біреуі – мимика, біреуі – сөз. Мимика жанның сыртының дене арқылы сыртқа білінуі (күлу, жылау). Ал ым – ішкі тіл сезімі. Ым арқылы ойды жарыққа шығару мүмкін емес. Ойдың тілі – сөз. Тіл – жүрек түбіндегі бағасыз сезімдер, жан түкпіріндегі асыл ойлар жарық көрмей, қор болып қалар еді. Адам тіл арқасында жан сырын сыртқа шығарып, басқалардың жан сырын ұға алады. Тіл адамға осындай қымбат болса, әрине ұлт болу үшін бірінші шарт тіл болмақ.

Жарық көрмей жатсаң да ұзақ, кең тілім.

Таза терең өткір, күшті, кең тілім.

Таралған балаларын бауырына

Ақ қолыңмен тараларсың сен тілім.

«Мақал – сөздің мәйегі», «Тұз астың дәмін келтірсе, мақал сөздің сәнін келтіреді», - деген қанатты сөздермен «Мақал сөздің азығы, жұмбақ ойдың қазығы» атты тіл білгірлер сайысын бастаймыз. Ортаға сайыскерлер шақырылады.

Әділ шешім беретін әділқазылармен таныстырады.

Ойын барысы:..

Ойынға 3 топ қатысады. Ойын V айналымнан тұрады.

1. «Ойлы болсаң, озып көр» (Мақалдарды жалғастыру)

2. «Тапқыр болсаң тауып көр» (Берілген жұмбақтарды шешу. Оны қазақша, орысша, ағылшынша жауап беру)

3. «Біз білмейтін бір мақал» (Мақалдың мағынасын ашу)

Ойын барысы түсінікті болса, сайысымызды бастаймыз, қатысушыларға сәттілік.

Ойынды бастамас бұрын әр топ өзін, ұранымен таныстырады.

I топ. Топтың аты – «Сұңқар»

Ұранымыз: Білім алып бүгін алтын ұяда,

Ертең әлі шарықтаймыз қияда.

II топ. Топтың аты – «Тұлпар»

Ұранымыз: Асау тұлпар желдей ескен арынды,

Оқу менен еңбекке сал барыңды.

I айналым «Ойлы болсаң, озып көр»

«Сұңқар» тобына:

1. Алдыңғы арба қайда жүрсе,... (соңғы арба сонда жүреді.)

2. Сын түзелмей, (мін түзелмес).

3. Кісінің кісілігі, (Киімінде емес, білімінде).

4. Шебердің қолы ортақ,...(шешеннің сөзі ортақ).

5. Байлықтың кілті – (ғылым...).

Тұлпар тобына

1. Әдепті бала – арлы бала,( Әдепсіз бала сорлы бала ).

2. Білгенің бір тоғыз,...(білмегенің тоқсан тоғыз).

3. Ғылым теңіз... (Отбасы - шуақ)

4. Ұланы бар елдің... (ұраны бар) 5. Еңбек ердің көркі ..... (ер елдің көркі)

II айналым «Тапқыр болсаң тауып көр»

Жүргізуші: Бұл айналымда жұмбақ жасырамын, сендер жұмбақтың шешуін 3 тілде (қазақша, орысша, ағылшынша) айтуларың керек.

1 - топ: Қолы менен қаламы жоқ,

Бірақ сурет салады көп. (аяз – мороз - frost)

1 - топ: Қоймасын қыс ақтарып,

Жерді жапты ақ мамық. (қар – снег - snow)

1 - топ: Бір кісі бар дүниеде,

Шемішке шағып тұрады.

Бұл кісіден әр уақыт,

Әркім мезгіл сұрайды.(сағат - часы - watch)

1 - топ. Жұмбақ шешкіш кім екен?

Сыртқа шықсам түн екен

Моншақтарын шашып ап,

Бір сары қыз тұр екен (ай - луна - moon, жұлдыздар - звезды - stars)

2 топ. Жұқа тақтай бөлшегі,

Ұзындықтың өлшемі. (сызғыш – линейка - ruler)

2 - топ. Қалқиып екі құлағы,

Елендеп, қорқып тұрады. (қоян – заяц - rabbit)

2 - топ. Жолбарыстан аумайды,

Тышқандарды аулайды.(мысық – кошка - cat)

2 - топ. Бір жәшік тор бұрышты сырғасы бар,

Көтерсең сырғасынан дауыс шығар.

Қанша алыс болсаңдағы екі сырға,

Естіліп бір – біріне жақын қылар. (телефон - telephone )

2 - топ. Жаны жоқ, болса да,

Ақылды адам ісін істейді. (кітап - книга - book)

III айналым: «Біз білмейтін бір мақал» Мағынасын ашу

1 - топ: 1. Қараңғыда тапқаныңды ханға берме, Жарықта тапқаныңды жанға берме.

Мағынасы: еңбекпен тапқаныңды орынсыз шашпа.

2 - топ: 2. Өзін - өзі сыйлаған ер бақытты, Өзін — өзі билеген ел бақытты. Мағынасы: Адам әуелі өз қадірін білсе ғана ел мен жер қадірін де біле алады.

Жүргізуші: Білген сайын келеді біле бергім,

Біле беру емес пе тілегі елдің.

Белден ассан, алдыңда бел көрінсе,

Қызыққаннан келмей ме жүре бергің.

Сондықтан да келеді біле бергім

Білімдіні сүйерін білім елдің,- дей отырып,

Қорытынды: Сөз кезегі қазылар алқасында ...

Жеңген топты марапаттау.

Ата - салтым, асыл мұрам, ардағым,

Бабалардың жалғастырар арманын

Сан ғасырда қалпын бұзбас, қадірім,

Өткенімді бүгініммен жалғадым – дей келе бүгінгі сайысымыз аяқталды.

### **Сабақтың тақырыбы: «Сен және Заң»**

Мақсаты: Оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттыру. Ата заңымызға деген сүйіспеншілік сезімін қалыптастырып, шыншыл да әділетті және парасатты тұлғаны қалыптастыру

Түрі: Кездесу, пікірталас

Көрнекілігі: Интерактивті тақта, видеоролик, қанатты сөздер

Барысы:

I. Құқық туралы жалпы түсінік

II. «Тығырықтан шығар жол қайсы» (ситуациялық жағдайды шешу)

III. Мен заңды қаншалықты білемін?

IV. Заңсыз арал

V. «Қызыл, сары-көкауыл» ойыны

VI. Қылмыскер бала қайдан шығады?

VII. Қорытынды

Пікірталастың негізгі мақсаты: оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттырып, құқықбұзушылық және қылмыс белгілерімен, түрлерімен таныстыру, жас өспірімдердің құқықтары мен міндеттерімен таныстыру. Қоғамның заңдары мен нормаларын орындауға, құқықтары біліп оны құрметтеуге тәрбиелеу.

I. Құқық туралы түсінік

Құқық дегеніміз – мемлекет тарапынан заңдастырылған және қорғалатын, жалпыға бірдей

міндетті нормалар жүйесі.

Құқықтың ерекшелегі – оның нормалары бұзылған жағдайда кінәлінің заңды жауапқа тартылатындығында. Моральдық тәртіпті бұзғаны үшін адам заңды жауапкершілікке тартылмайды, бірақ көпшіліктің назарына ілігеді, айналасына жағымсыз пікір туғызады. Біздің елімізде адам құқықтары Ата Заңымыз – Қазақстан Республикасының Конституциясында көрініс тапқан. Ол 9 бөлім, 98 баптан тұрады. Оның екінші бөлімі 30 бабы құқыққа арналған.

II «Тығырықтан шығар жол қайсы» (ситуациялық жағдайды шешу)

Ауылыші, түн, көп бала өлең айтып шулап отыр. Жандарынан өтіп бара жатқан балаға отырғандардың біреуі атып тұрып:- “Әй, бері кел” деп айқай салды. Қайырылмаған оған пышақ көрсетті.

1.Қалай ойлайсыңдар, демалып отырған жастар заңды бұздыма ?

2. Кім қалай бұзды ?

3. Сіздің тарапыңыздан қандай жауапсыздық кетті?

III .“Мен заңды қаншалықты жақсы білемін?”

1. Дүкенде спирттік ішімдікпен бірге есірткі сатылады.

2. Түнгі көшеде жастар айқайлап өлеңайтып кележатыр.

3. Сатушы сатып алушыға байқамай артық ақша беріп жіберді, сатып алушы өзіне тиесілі ақшадан артық екенін біле тұрақ айтып бермеді

IV.“Заңсыз арал”

- Біз ешқандай заңы жоқ аралда өмір сүрсек, не болар еді?

Заңсыз елде әркім өзбілгенін істейді, тәртіп сақталмайды. Сондықтан адамдар қалыпты жағдайда өмір сүре алмайды. Ал тәртіп пен заң біздің қалыпты тірлігіміз үшін қажет.

“Тәртіпсіз ел болмайды, тәртіпке бас иген құл болмайды” деген Б.Момышұлының сөзін естен шығармайық.

V.“Қызыл, сары, көкауыл” ойыны

Жеренді ғана жаратылған, адамдар бір-бірімен дос, бауыр болыпты, бір-бірінен ешнәрсені аямапты. Бір күні аспаннан әртүрлі ленталар түсіпті де адамдар үлгергенінше бірі қызылын, бірі көгін, ендібірі сарысын алыпты Күндердің күнінде қатты жел тұрыпты да қызыл лента алғандар қызыл, көк лента алғандары көк ауыл болып бөлініпті. Әр ауыл бөлек-бөлек қорған тұрғызыпты. Біраз уақыттан соң әр ауыл достықты ұмытады. Көкауылда су бар, азық жоқ, қызыл ауылда азық бар, су жоқ, Сары ауылда азық та, суда бар, от жоқ. Енді қалай өмір сүруге болады, не істейсіңдер?

VI.“Қылмыскер бала қайдан шығады?”

VII. Қорытынды.

Ж. Аймауытов: “Тәрбиеге әсер беретін нәрсе өскен орта, ата-ананың тәрбиесі. Соңғысы күшті болмаса, бара-бара адамды замандас, жолдастың азғырып, адам нешетүрлі жаман мінезді жұқтыратыны белгілі” дегендей, баланың қылмыстық жолға түспеуіне бірінші жауапты отбасы. Сондықтан Қазақстан тәуелсіз мемлекетретінде жасөспірімдер арасындағы тәртіпті күшейтіп, олар үшін мәдени шараларды кеңдеңгейде өткізу олардың болашағына жағдай жасауды қолға алып отыр

### **Сабақтың тақырыбы: “Тазалық денсаулық кепілі”.**

ЖЖЕ.Жол қиылысынан өту және жаяу жүргіншілер өтпелері. Қоғамдық көлік аялдамалары  
Сабақтың мақсаты:

Білімділік: Оқушыларымыздың салауатты өмір салты жайлы білімдерін тереңдету, адам денсаулығының қымбаттылығын, жат қылықтардан сақтай отырып, өмір сүру үшін қажеттілігін, бағалы байлық екендігін түсіндіру. денсаулық туралы түсінік беру. Денсаулықтың негізі қимыл, спорт, дұрыс тамақтану, таза ауада жүру екенін балаларға ұғындыру. Жаман әдеттерден сақтандыру, ішімдік пен темекінің жас организмге зиянды екенін насихаттау.

Дамытушылық: Өз денсаулықтарына жауапкершілікпен қарауға, шығармашылық қабілеттерін дамыту, сөйлеу шеберлігін жетілдіру.

Тәрбиелеу: Өзін - өзі күте білуге, тазалыққа, ұқыптылыққа, әдемілікке, салауатты өмір салтын қалыптастыруға тәрбиелеу.

Сабақтың барысы:

Ұйымдастыру кезеңі:

Кіріспе сөз.

Мұғалім: Бүгінгі сабағымызды Н. Ә. Назарбаевтың сөзімен бастағым келіп тұр: «Дені сау сәби әр отбасының қуанышы, бақыты. Ал денсаулығы мықты сәби халықтың болашағы, Отанының сенімді тірегі.»

Бұл бөлімдердің барлығы да бүгінгі ұрпақ тәрбиесі үшін маңызды мәселелер болып табылатынына біз сенімдіміз. «Дені саудың жаны сау», «Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен»деп қазақ халқы айтпақшы қазіргі кезде келер ұрпақ жаман әдеттерге үйір, еліктегіш болып өсіп келе жатқаны кім - кімге де ақиқат. Оқушылар жаман әдеттер деп отырғанымыз қандай әдеттер?

Оқушылар жауабы.

Мұғалім: шылым шегу, маскүнемдік, нашақорлық, ұрлық, жұқпалы аурулар, бұзақылық. «Арақ - арыңа нұқсан, темекі тегіңе нұқсан»демекші балалар бұл зиянды әдеттерден аулақ болуымыз керек.

Оқушылар бізге бүгін жұмбақ бір кейіпкер хат жолдап отыр екен соңы оқып көрсек.

Өзімнен өзім сыр таптым,.

Өле алмай жүрген сырқатпын.

Шіріген картоп сияқты,

Бұрышында қалған бір қаптың.

Өзімнен өзім тістенем,

Істеген ісіме өкінем.

Ұмытайын десем қорқамын,

Көрмейтін сұмдық түс көрем.

Жұмбақ кейіпкердің хаты

Қымбатты оқушылар 14 - 15жасымда үлкен бір өкінішке тап болдым. Сол 8 - 9сыныптар мен үшін естен кетпес уақыттар. Кейбір жандар естен кетпес деп қуаныш пен шаттыққа толы кездерін айтса мен үшін естен кетпес деген сөз өмірімдегі ең ауыр сөз. Неге енді сол 14 - 15жасым ауыр кез екенін мен сіздерге әңгімелеп берейін. Менің жолымды қайталамасын деген ниетпен сіздермен сыр бөліскелі отырмын.

Мен бастауыш сыныптан бастап алғырлығымен өнерлілігім, ұшқыр білімнің арқасында көзге түстім. Сол 6 жасымнан бастап 14 жасқа дейін білімді алғыр болып өскен оқушы 8 сыныптан бастап мүлдем басқа адамға айналды. Күрт былай өзгеруіме себеп болған жағдай алғашқы махаббат. Мен сыныпқа жаңадан келген бір қызға ғашық болдым, ол қыз менің сезіміме жауап қайырмаған соң мен өмірден түңіліп, жаман жолға түсіп кеттім.

Көшедегі жаман балалармен темекі тартуды да үйреніп, кейін сабақтарға да мән беруді қойдым. Сөйтіп жүріп 8 сыныптың 1 тоқсанында қалай күнделігім 2 мен 3ке толып шыққанын білмей де қалдым.

Кейін оқуға қолымды бір сілтеп, сабаққа баруымды да қойдым. Әрине, бұл менің әке - шешеме де ауыр тиді, қанша маған сөйлеп те, ұрып та тәрбиелемекші болса да мен құлақ аспай өз білгенімді істедім. Мектепте ұстаздар, үйде әке - шеше сөзін естімеу үшін мен үйге қонуды да қойдым. Одан арғы өмірім өзім үшін қызық болып көрінді. Подвалда түнеп, ұрлық жасап, төбелесте алдыма жан салмай, ішкенім арақ, шеккенім темекі болып, нашақорлық пен жұқпалы ауруға қалай тап болғанымды білмей де қалдым.

Солай өмір зымырап өте берді. Ал мен осы өмірдің ағысына төтеп бере алмай темір тордың ар жағынан қалай шыққанымды білмей де қалдым. Темір тордың аржағында ғана есімді жиып өкініштен өзегім өртеніп басымды тауға да, тасқа да ұрып қалай осы күйге жеттім деп шарқ ұрдым.

6 ай темір торда отырып шығып, жаңа өмір бастауға бел будым. «Бүгінгінің баласы ертеңгінің данасы» дегендей балалар «қамшының сабындай қысқа өмірді» бостан босқа өткізбейік, достар! Қандай жағдай болмасын адам баласы мойымай әрқашан қиындыққа төтеп беру қажет. Оқушылар жарқын болашаққа сеніммен қарап нық қадам басуымыз қажет. Ашуды ақылға жеңдіріп мен секілді қателікке бой алдырмай аулақ болыңыздар.

Мұғалім оқушыларға сұрақ қояды.

1. Оқушылар жұмбақ кейіпкердің әрекеті дұрыс па?
2. Сіз жұмбақ кейіпкердің орнында болсаң не істер едің?

Келесі бөліміміз жағдаяттар(слайд)

1 жағдаят:

Бір күні сені жан досың бір отырысқа ертіп баратындығын айтты. Онда барғаныңда үлкен жиынның үстінен түстің. Сен бейтаныс адамдар ішімдік ішуге, шылым шегуге шақырады.

Досың да солар жағында. Бұған дейін досыңның мұндай әдеттерін байқамапсың.

Осы жағдайда сен не істер едің, қандай да бір шұғыл шешім қабылдайсың ба? Өз шешіміңмен бөліс.

2 жағдаят:

Сыныпқа жаңадан оқушы келді. Барлық сынып оқушылары онымен жақын араласып кетті. Сіз онымен дос та болып алдыңыз. Кейін сіз оның жұқпалы аурумен ауратының білдіңіз.

Бұл жағдайдағы сіздің іс - әрекетіңіз қандай?

3 жағдаят: Сенің өте жақсы көретін ағанның аузынан ептеп сыранның иісі шығатынын бір – екі рет байқадың. Ағанды қалай құтқарар едің?

4 жағдаят: Мектептен шығып үйге келе жатқаныңда темекі шегіп отырған бір баланы көрдің. Сен не істер едің?

5 жағдаят: Саған 11 - сынып оқушысы: «Маған күнде бір қорап темекі алып бер. Екеуіміз

бірлесіп шегеміз. Мұны тек сен екеуіміз ғана білетін болайық. Әйтпесе.....» деп жұдырығын көрсетіп, шарт қойды. Не істейсің?

Зиянды әдеттер (мұғалім)

Слайд пен плакаттар арқылы оқушыларға мағлұматтар беру.

«Денсаулық – зор байлық» сұрақ жауап кезеңі.

1 – топқа:

1. Денсаулық дегенді қалай түсінесіңдер?

Денсаулық дегеніміз - адам өміріндегі ең үлкен байлықтың бірі, денсаулықтың арқасында адам еңбек етіп, жетістікке жетеді және жақсы өмір сүреді. Денсаулықты сақтап, оны нығайтуға әрбір адамның өзіне ғана байланысты.

Денсаулық салауатты өмір салты туралы ғылым.

2. Денсаулықтың достарына, қастарына нелерді жатқызамыз?

3. Өздерін қандай спорт түрлерін жақсы көресіңдер?

2 - топқа:

1. Денсаулықты сақтау үшін қандай ережелерді орындау керек?

Жеке бас гигиенасын сақтау күн тәртібін орындау. Дене шынықтырумен шұғылдану, дұрыс тамақтану, организмді шыңдау, белсенді, қайырымды және ақжарқын болу.

2. Біз не үшін тамақтанамыз? Адам үнемі күш қуатты жұмсайды, соны қалпына келтіру үшін дұрыс тамақтана білу тиіс. Дұрыс тамақтану - денсаулық негізі. Өмір сүру үшін тамақтанамыз.

3. Қазақстанның туын көкке көтеріп, намысымызды асқақтатып жүрген қандай спортшыларды білесіңдер?

3 - топқа:

1. Денсаулыққа не зиян?(Күн тәртібін бұзу, жеке бас гигиенасын сақтамау, аз қозғалу, жағымсыз әдеттерге әуес болу )

2. Сезім мүшелеріне не жатады? Көз, құлақ, мұрын, тіл, тері.

4. Қандай ұлттық ойындарды білесіңдер?

Сергіту сәті.

Би – қозғалыс. Қозғалыс – денсаулық. Денсаулық – зор байлық. (Би «Чемпиондар әні»)

Қорытынды:

Ұлы ойшыл Сократқа кезінде мынадай сұрақ қойылыпты: «Адамға өмірде не қымбаттырақ байлық па, әлде атақ па?» депті. Сонда Сократ «Байлық та, атақ та, даңқ та адамды шын бақытты ете алмайды. Дені сау кедей, ауру патшадан бақыттырақ» деп жауап беріпті. Яғни адам бақытты болу үшін оған денсаулық керек, ал денсаулықтың кепілі салауаттылық. «Тіршіліктің негізі – салауатты болашақ» деп бүгінгі тәрбие сағатымызды аяқтаймыз.

Жаяу жүргіншілер өткелінен қалай өту керек

Жаяу жүргіншілер өткелінен қалай өту керек

[harrison@cultureoeuvre.com](mailto:harrison@cultureoeuvre.com)

Нұсқаулық

1-қадам

Жаяу жүргіншілер өткелі - жаяу жүргіншілерге жолдың екінші жағына немесе көшеге өту үшін бөлінген бөліктің арнайы бөлігі. Оларды белгілеу үшін жол белгілері немесе белгілері қолданылады. Жаяу жүргіншілер өткелдеріне жүріс бөлігінің үстіндегі арнайы жасанды құрылыстар да жатады.



## 2-қадам

Жаяу жүргіншілер өткелінің екі түрі бар: жер үсті және көшеден тыс. Олардың әрқайсысының бірнеше түрлері бар. Жерге қондырылғандар реттеледі және реттелмейді. Жер асты және жер үсті өткелдері көшеде емес. Мұндай аймақтың жанында екі жағдайда да жол белгілері бар.

## 3-қадам

Жол қозғалысы ережелеріне сәйкес (4.3-тармақ) жаяу жүргіншілер өткелінен, оның ішінде жер асты және үстіңгі өткелдерден өту керек. Егер олар жоқ болса, сіз тротуарлар немесе иықтар сызығы бойымен қиылыстардан өте аласыз. Егер көріну аймағында қиылысу немесе қиылысу болмаса, ережелер бойынша бөлу жолағы мен қоршаулары жоқ жерлерде екі бағытта айқын көрінетін жерлерде жүріс бөлігінің шетіне тік бұрышпен өтуге рұқсат етіледі.

## 4-қадам

Реттелмеген жаяу жүргіншілер өткелі бағдаршаммен жабдықталмаған немесе олар істен шыққан. Бұл жағдайда жүргізушілер жаяу жүргіншілерге жол беруге міндетті. Қауіпсіздік үшін көшені кесіп өтпес бұрын сізге қарай асығатын көлік жоқ екеніне көз жеткізу үшін солға және оңға барлық бағытты қараңыз. Назар аударыңыз, жолда арнайы қызметтік көліктер болуы мүмкін, мысалы, жедел жәрдем. Жолдың таза екеніне көз жеткізгеннен кейін, екінші жағына өтіңіз. Балаларды қолыңыздан ұстағаныңыз дұрыс.

## 5-қадам

Реттелетін жаяу жүргіншілер өткелдеріне жұмыс жағдайында бағдаршаммен жабдықталған кіреді. Бұл жағдайда жолдың екінші жағына өту тек жасыл шамда ғана рұқсат етіледі. Адам көп жүретін жерлерде жаяу жүргіншілер өткелдеріндегі кейбір бағдаршамдар арнайы батырмамен жабдықталған. Егер жолдан өту қажет болса, батырманы басыңыз. Аз уақыттан кейін жасыл шам жанады. Сондай-ақ, көбінесе таймермен жабдықталған бағдаршамдар пайда болады, ол осы немесе сол шамның қай уақытта жанатынын көрсетеді. Егер қалған уақытта өтуге уақыт болмаса, жолдан өтпеңіз. Жүргізушілер де шыдамсыз.

## Сабақтың тақырыбы: «Өзінді мамандықтар әлемінде тап»

Тәрбие сағатының мақсаты : Балалардың әр түрлі мамандықтар туралы білімдерін толықтыру .  
Өз қалаулары бойынша мамандықты дұрыс тандай білуге баулу. Елімізге өз үлесін қоса білетін адал маман иесі болуға тәрбиелеу

Тәрбие сағатының түрі: түсіндіру, әңгімелесу.

Тәрбие сағатының әдіс – тәсілдері: ой қозғау, сұрақ – жауап, тақырыпқа сай өлеңдер, сызбамен жұмыс, көрнекілікпен жұмыс, мадақтау.

Тәрбие сағатының көрнекілігі: әр түрлі мамандық иелері туралы суреттер.

Тәрбие сағатының барысы

I. Ұйымдыстыру кезеңі:

- Амандасу;

- Түгелдеу;

- Оқушылардың назарын тәрбие сағатына аудару;

- Оқушыларды тәрбие сағатының мақсатымен таныстыру.

II. Кіріспе бөлім

Бір – екі – үш...

Сынып іші тып – тыныш.

Жалқаулықты тастаймыз,

Тәрбие сағатын біз бастаймыз.

III. Негізгі бөлім.

Әзір ас жоқ дүниеде,

Сабақ өзі оқылмайды,

Көйлек өзі тоқылмайды,

Үйлер өзі салынбайды,

Кендер өзі табылмайды,

Кітап өзі жазылмайды,

Барлық істің батыры – біз,

Екі қол мен ақылымыз.

Осының бәрін кім істейді? Кім айтады?

Асты кім әзірлейді?

Сабақты кім өтеді?

Көйлекті кім тоқиды?

Үйлерді кім салады?

Кенді кім табады?

Кітапты кім жазады?

Осының бәрін бір сөзбен қалай атаймыз?

Осы сөздердің ортақ атауы – «МАМАНДЫҚ»

Мамандық – қарапайым өмір сүру көзі болып табылатын және қандай да бір дайындықты, жауапкершілікті талап ететін еңбек қызметінің маңызды бөлігі.

Әлемде 40мыңға жуық әр түрлі мамандықтар бар.Мамандықтың жаманы жоқ, бірақ мұның кез келгеніне икемділік қажет, бұл жай күнелту, жан асыраудың жолы ғана емес, үлкен өнерді, зор шеберлікті қажет ететін нәрсе.

Мамандық таңдау - өте жауапкершілікті және маңызды іс. Мамандық таңдауда әр адам өзінің қызығушылығына, қабілетіне, бейімділігіне, қалауына сүйену керек. Қазіргі таңда мамандықтың түрі көп. Таңдау жасау оңай емес. Ең бастысы – адам еңбекке қабілетті, зейінді болуы қажет және оның мамандығы өзі өскен ортаға маңызды, бағалы үлес қосатындай болуы шарт. Өз ісіне сенімді, дұрыс таңдау жасаған адам ғана жетістікке жетеді.

Ал, енді, балалар біз қазір өзіміз жақсы білетін және танымал маман иелері туралы мәлімет

алдық.

Қызығушылығын ояту сәті (ойын).

Балалар қазір сендермен бірге ойын ойнайық. Ойынымыздың аты «Қай мамандық иесі?» деп аталады

Тарағы бар қолында,

Кімді айттым ойымда? (Шаштараз)

Қалағы бар қолында,

Кімді айттым ойымда? (Құрылысшы)

Қаламы бар қолында,

Кімді айттым ойымда? (Жазушы)

Ожауы бар қолында,

Кімді айттым ойымда? (Аспазшы)

Инесі бар қолында,

Кімді айттым ойымда? (Тігінші)

Біз білмейтін және сирек кездесетін маман иелері

Балалар сендер білесіңдер ме, әлемде біз білмейтін және сирек кездесетін қаншама мамандық иелері бар?! Осы маман иелері туралы қызықты мәліметтер алғыларың келе ме? Олай болса, мен сендерге біз білмейтін және көп кездесе бермейтін маман иелері туралы қызықты мәлімет айтайын.

Сот қызметкері – адам құқығы жөнінде іс жүргізетін маман иесі. Оған : төреші, заңгер, қорғаушы, тергеуші сынды қызметкерлер жатады.

Дизайнер – үйіміздегі, кеңсеміздегі жиһаздарымызды талғаммен орналастыра білетін мамандар.

Продюсер – түрлі мерекелік іс – шараларды ұйымдастырушы.

Көркемдікәрлеуші – көшелерде ілінген жарнамаларды, сауда орындарын, қоғамдық тамақтану залдарын әсемдеуші.

Сәулетші – ғимараттардың сызбасын сызатын маман.

Тігінші – әр түрлі әдемі киімдерді тігетін маман иесі.

Сызбамен жұмыс.



Қорытынды.

- Балалар бүгін қандай тақырыпта әңгімелестік?

Қандай мамандық иелерін білдіңдер балалар?

Жарайсыңдар, балалар, қазақта мынадай мақал бар : «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей», «Еңбектің - наны тәтті,жалқаудың жаны тәтті». Балалар ерінбей еңбектеніп, тәрбие сағатымызға белсенді қатысқандарың үшін көп рахмет!

Абай атамыз айтқандай:

«Болмасаң да ұқсап бақ,

Бір ғалымды көрсеңіз.

Ондай болмақ қайда деп,

Айтпа ғылым сүйсеңіз», - дегендей алға ұмтылып,арманымызға жетіп, жақсы мамандық иесі

болайық!

## Сабақтың тақырыбы: «Ізгіліктің бір ізі алғыс айту»

Мақсаты:

1. Тәрбиеленушілердің жанұяға, ата - анаға, үлкен - кішіге деген сүйіспеншілігін, сыпайылық қарым - қатынастарын дамыту.
2. Ризашылық пен алғыс, жақсы тілек, ізеттілік туралы түсінік беру, бір - бірімен үйлесімді қарым - қатынас жасай білуге үйрету.
3. Елімізде тұрып жатқан әр түрлі ұлттар мен ұлыстардың арасындағы достық пен ынтымақтастықты дәріптеу, салт - дәстүрін, мәдениетін өзіндік үлгі өнегесін оқушылардың бойына сіңіру. Бейбітшілікте татулықта өмір сүруге тәрбиелеу.

I. Өмірге риза болып, алғыс айт.

- Қайырлы күн, балалар!

- Көңіл күйлеріңіз қалай!

- Бүгінгі күніміздің қандай болғанын қалайсыздар?!

-Бүгін бізде ерекше күн, қуанышты күн.

- Ал неге ерекше күн? Ойланайық.

- Бүгін, балалар, 1 - ші наурыз Ризашылық және Алғыс айту күні екен.

Бұл жайма шуақ мереке елімізде бірнеше жыл қатарынан Сара Алпысқызының бастамасымен аталынып, өткізіліп келеді.

- Ризашылық күні адамдар бір - біріне жылы сөздер, жақсы тілектер айту арқылы қуаныш, шаттық сыйлайды, өз жетістіктерімен бөліседі. Бір - біріне алғыс айтады.

Ризашылық күні - балалар мен ересектердің жадында маңызды, жылы жарасымды, ерекше күн ретінде есте қалатын мереке.

Яғни, бұл нағыз - "Жан рақымының мерекесі".

-Балалар сендер білесіңдерме «Рахмет!» сөзі Испания тілінде «gracias», Украина тілінде «спасибі», Қырғыз тілінде «ырақмат», Француз тілінде «merci», Африка тілі бойынша «dankie» - деп аударылады екен.

II. Үлкенге құрмет, кішіге ізет!

- Ал кәне балалар бәріміз жайланып отырып, көзімізді жұмып өздеріңнің отбасыларыңды, үйлеріңді көз алдылырыңа елестетіңдер...

Үйіміз қандай, әдемі, бөлмеміз жайлы жинақы, әр нәрсе өз орнына қойылған. Асқар таудай атамыз, мейірімді әжеміз, ақылды әкеміз, қамқор анамыз, ағамыз, әпкеміз, ініміз дастархан басына жиналыпты. Бәрі саған мейірлене, сүйіспеншілікке, жылылыққа толы көздерімен қарайды. Қандай тамаша! Бәрі бақытты, көңілді!

- Ал енді жайлап көзімізді ашайық, ойларыңмен, сезімдеріңмен бөлісейік.

- Балалар, міне әркім өз отбасымыздың көңілді, бақытты сәттерін еске түсірдік.

Отбасы тәрбиенің - ұясы. Отбасында татулық пен бірлік болып, үлкенді сыйлап, кішіге ізет көрсетіліп тұрса, бұл отбасының шаңырағын берекелі шаңырақ деп жатады.

- Ал, балалар, шаңырақ дегеніміз не?

- Осы шаңырақта кімдер тұрады?

- Шаңырақ - үлкен әкенің үйі - барлық балалары үшін үлкен үй - қара шаңырақ деген ұғымды білдіреді.

Шаңырақ - бүкіл отбасын біріктіретін үлкен үй, киелі ұғым!

-Ал отбасы мүшелері кімдер екен?

Атам-ақыл бағбаным,

Әжем-асыл ардағым.

Әкем- өмір тірегім,

Анам-күнім,жүрегім.

Ағам-қамқор,асқарым,

Інім-мөлдір аспаным.

Қарындасым-қанатым

Биіктерге қонатын!

## Постер құрау «Алғыс айтамын сізге»

Ал енді балалар қазір біз шағын шығарма жазамыз «Алғысым шексіз»

Ата - әжелеріміз, ата - аналарымыз бар, біздер бақыттымыз. Бүгінгідей тәуелсіз егемен елде қайғы - қасіретсіз, еркін, бейбіт өмір сүріп жатқанымыздың өзі осы қарияларымыздың арқасы екенін ұмытпауымыз керек. Үнемі алғысымызды айтып жүруіміз қажет.

Адам өміріндегі ең игі істердің бірі үлкен кісілерге қамқорлық, мейірімділік, сүйіспеншілік пен құрмет, сыйластық таныта білу екен.

(Балалардың ойларын ортаға салу.)

1. Жасы үлкен кісілерге құрмет көрсету, сыйлау, біздің міндетіміз. Өйткені үлкендер бізге өнеге көрсетеді, жақсы сөздер өсиетайтып тәрбиелеп өсіреді.

2. Үлкендерді сыйлау, құрметтеу, кішіге ізгілік, көмек көрсету - әдептілікке жатады.

Сондықтан да, "Сіз деген әдеп, біз деген көмек" - деп тегін айтылмаған.

3. Жасы үлкенге құрмет көрсету біздің ата - дәстүріміз. Өзінді өмірге келтіріп, аялап өсірген ата - ананың ақ сүтін, әкенің адал күшін ақтау - болашағымызды сақтау мен бірдей. Сондықтан үлкенді сыйлап, құрметтеу керек.

Міне, балалар отбасында сыйластық, сүйіспеншілік, береке мен бірлік, ынтымақ болу керек екен. Халқымыз "Отан - отбасынан басталады", "Отбасының бірлігі - Отанның бірлігі", "Отбасы шағын мемлекет" - деп тегін айтпаған. Осының бәрі болған жағдайда барлығы бірігіп, бір шаңырақ астында кішкентай шағын мемлекет құралады екен. Өйткені әр отбасының мықтылығы, әр елдің, әр мемлекеттің мызғымас беріктігіне үлкен үлес қосады екен.

III. Бірлігіміз жарасқан -

Таусылмайтын жыр дастан.

- Балалар, біз қай елде, қандай мемлекетте тұрамыз?

- Мемлекетіміз қалай аталады?

- Біздің мемлекетіміз қандай мемлекет?

- Тәуелсіз, зайырлы, көпұлтты мемлекет..

- Міне, балалар бұдан бірлігіміз бен ынтымағымыз, татулығымыз жарасқан егеменді ел екенімізді көруге болады. Бүгінде ұлт көшбасшысы Н. Әбішұлының саясаткерлігі мен көргендігінің арқасында күннің шуағына бөленген бір шаңыраққа бірігіп "Қазақстан" - деген алтын ұяда татулықпен, достықпен бейбітшілікті сақтап бақытты өмір сүріп отырмыз!

Бұл үшін Елбасымызға айтар алғысымыз шексіз.

Посер құрау «Рахмет айтам»

- Тіліміз бөлек болса да, тілегіміз бір!

- Жүзіміз басқа болса да, жүрегіміз бір!

- Ұлтымыз өзге болса да, ұранымыз бір!

Құрметті, оқушылар. Бүгінгі кешімізді Сара Алпысқызының айтқан ғибрат тілегімен қорытындылаймыз.

"Қымбатты балалар, мен - Анамын, Әжемін. Мен еліміздегі барлық балаларды өз баламдай жақсы көремін. Сендерді үлкендердің өнегесін ғасырларға жалғайды деп сенемін. Ата - аналарыңа, айналадағы адамдарға мейірімді болыңдар. Оларды сыйлай біліңдер. Сонда сендердің бойларыңда сенімділік, өмір сүруге деген құштарлық, жалын пайда болады.

Жүректеріңде өмірге, ата - аналарыңа, ең жақын адамдарыңа, Отанға, елге деген бауырмалдық, сүйіспеншілік бүр жарып, махаббатқа, достыққа ұласады. Бір - бірлеріңе риза болып, алғыс айтып жүріңдер." - С.А. Назарбаева.

Балалар, жылы сөз, қайырымды іс, жақсы ой, кіршіксіз сезімдеріңді ешқашан ешкімнен аямаңдар, "Рахмет" деген жақсы сөзді жиі айтыңдар! Адам алғыс пен ризашылықты естіген сайын, жақсылық жасағысы келіп тұратынын естеріңе сақтаңдар! Әлемде бейбітшілік болсын!

## Сабақтың тақырыбы: Бәрі де, ана, бір өзіңнен басталды...

Аналар мерекесіне арналған тәрбие сағатымыздың мақсаты: оқушыларға 8-наурыз туралы түсінік беріп, аналарға деген сүйіспеншілікке баулу, ана еңбегін, үмітін ақтап, есімін ардақтап, құрметтеуге тәрбиелеу.

Наурыз күні-Ана күні, әлем күні,  
Әлемді тебірендірер ана үні.  
Анасыз жан туған жоқ жер бетінде  
Ұғып ал, балаларым сендер мұны.

Адам баласы үшін ең аяулы, ең қастерлі, қадірлі сөз «ана». Бала дүниеге келген күннен бастап өзінің жұмсақ алақаны, жылы жүзі, ыстық құшағы, мейірім толы көзқарасы арқылы барлық сүйіспеншілік, мейірімділік махаббатын бере білген аналар үшін жер дүниені мекендеген адамзат қауымы бір күнді мейрам етіп белгілеген. Ол 8-наурыз мерекесі.

Бүгін біз де аналарымызды мерекемен құттықтау үшін «Бәрі де, ана, бір өзіңнен басталды...» атты тәрбие сағатымызды бастаймыз.

Сахна ортасында ақ киімді қария –ана. Сахнаның екі жағында – оқушылар.  
Шәмшінің «Ана туралы жыр» әні баяу естіліп тұрады . Ортаға жүргізушілер шығады.

1- жүргізуші: 8-наурыз-Халықаралық әйелдер күні. Жер бетіндегі тірші- Ержан ліктің өзегін келешекке жалғаған, өсер ұрпағына құндақтағы шағынан ізгіліктің дәнін еккен аналар мерекесі – бұл.

2- жүргізуші: Адамзаттың ертеңгі тағдырына мазасызданып, соғысқұмар жендеттерге ашық үн көтерген, осы қоғам орнату жолында аянбай тер төккен күрескерлер мерекесі- бұл. Олар өнер жұлдыздары –Күлаш, Роза, Бибігүл, еңбек озаттары, қайраткер әйелдер.

1-оқушы: Бәрі де, ана, бір өзіңнен басталды,  
Сен деп жаздым алғаш өлең- дастанды.

Қуандым ба,  
Өзің бар деп қуандым.  
Жыладым ба.  
Өзің жоқ деп жас тамды.  
Бәрі де, ана, бір өзіңнен басталды,  
Жанарыңнан көрдім алғаш аспанды.  
Еркелесем, бір өзіңе еркелеп,  
Жасқандым ба,  
Тек өзіңнен жасқандым.  
Омаровтың «Анашым» әні орындалады.

Оқушылар аналарына , ұстаздарына ,кештің құрметті қонақтарына әзірлеген сыйлық, гүлдерін ұсынады.

2-оқушы: Мақтасақ, әйелді мақтайық та, құрметтейік те әйелді. Әйел-ана Тілеубек барлық қиындықты жеңетін сарқылмайтын күш, көзді бұлақ емес пе?!

3-оқушы: Дүниеде әйелді құрметтеп, әйелді нұрға бөлейік те Әйел-ана, Жеңісгүл дүниедегі жалғыз күш қой: оның алдында Азияның айбарлы арыстаны Темір де, Темірді жеңген өлім де басын иді.

4-оқушы: Құрметтейік те, көтерейік те әйелді. Ана- әйелді құрметтейік. Мархаба Оның сүюі таусыла ма? Адамда не қасиет болса, бәрі күннің көзімен ананың ақ сүтінен жаралған.

5-оқушы: Күнсіз гүл өспейді. Сүюсіз бақыт жоқ. Әйелсіз сүю жоқ. Анасыз Тілеубек ақын да болмайды, батыр да болмайды.

6- оқушы; Бас иейік те, құрметтейік те ұлы адамдарды дүниеге әкелген Мархаба ананы. Аристотельді де, Фирдоусиді де ана әкелді. Ұлы Гомерде, Ескендір де ананың баласы. Бәрін де дүниеге әкелген- ана. Шәмшінің «Ана туралы жыр» әні орындалады.

7-оқушы: Мен қазақ әйеліне қайран қалам.

Жайнаған, жалындаған.

Жайраңдаған.

Сол менің жүрегімнің ханшасы,

Жыр шоғын ұсынамын Айдан да оған.

Сарадай ақын болған, би де болған,

Динадай дана, дархан күй де болған.

Найза алып қол бастаған, жауға шапқан,

Сайраған бақта бұлбұл, түзде балуан.

Залда саяси әннің қуатты үні естіледі.

1-жүргізуші: 1908 жыл. 8-наурыз.

Көктемнің жаңбырлы күні еді. Нью-Йорк жұмысшы әйелдері жұмыс уақытын қысқартуды, жалақыны көбейтуді талап етіп демонстрацияға шықты.

2-жүргізуші: Осы оқиғадан кейін 1910 жылы Копенгагенде жиналған Әлібек социалист әйелдердің 2- халықаралық конференциясы 8-наурызды Халықаралық әйелдер күні ретінде мерекелеуге шешім қабылдады. Биыл 100 жыл толады.

Сахнаға қолында алауы бар оқушы шығады.

8- оқушы: 1913 жылы 8-наурызда Петербургте тұңғыш рет халықаралық Мархаба әйелдер күні атап өтілді. Полиция митингіге тыйым салды. Кеуделеріне қыса ұстаған қызыл қалампыр гүлдері бар әйелдер шоғыры полиция қысымын елеместен митингіні жалғастыра берді.

9-оқушы: 1917 жылы наурыз айында әйелдер «Балаларға нан берілсін!», Жеңісгүл «Соғыс жойылсын!», « Патша жойылсын!» деп талап етті.«Интернационалдың» үні естіліп, бірте-бірте үзіліп кетеді.

10-оқушы: 1945 жылы 26-қараша. Париж. Тұңғыш рет халықаралық әйелдер Тілеубек конгресі болды.

Конгресте әйелдердің халықаралық федерациясы құрылды.

Әйелдер әлемдегі бейбітшілік үшін айбынды үн көтереді. Ана, бейбітшілік. Екеуі-егіз ұғым.



Нұрғиса Тілендиевтің «Әже туралы ән» орындалады.  
Сахнада тұрған баланың бірі «Анаға» жақындап, сұрақ қоя сөйлейді.  
Ержан: Айтшы, ана, сезіп пе едің сонда сен,  
Жақындаған қара бұлтты,  
Қара нөсер дауылды?  
Естіп пе едің сонда сен,  
Өз өзіңе жақындаған  
Үрейді алған сарынды?  
Ана: (Көрермендерге жақындап)  
Дильдара Бір сұмдықтың болатынын сезіп ем,  
Елге дауыл тиетінін біліп ем.  
Тыныш жатқан берекелі еліме  
Қанышердің келетінін сезіп ем.  
Бірақ, бірақ бейбіт шақтың келеріне  
Мен тәңірдей сеніп ем.  
Ел қорғайтын ерлерімнің,  
Мәншүк пен Әлиядай  
Қыздарымның ерлігіне сеніп ем.  
Сахнаға әскери киімді «Мәншүк пен Әлия шығады.

Мәншүк: (Анаға қарап сөйлейді)  
Таңшолпан Шеше, маған «күнім» деген сенсің ғой,  
Өрең жетті-ау әлсіреген дауысың.  
Жыламашы, шыдап бақшы ерсің ғой,  
Бар емес пе бір еркектей намысың.  
Сағындың ба, мен де сені сағындым,  
Қандай адам сағынбайды анасын,  
Жүрегімде жалғыз өзің ғанасың.  
Батқан күнмен, басқан түнмен бірге күт,  
Мен де саған оралғанша ынтықпын,  
Оралмасам, қош бол, ана көрерсің  
Қалған менен соңғы белгі мылтықты.

Ана: (Тебірене)  
Дильдара Тап- таза, мөп- мөлдір көгілдір  
Жан еді – ау жапырақтай көктегі.  
Шырқайтын жыр қылып осынау өмірді,  
Әнсің бір жарылып кетердей от кеуде.  
Жан берді жалғызым өрт- топан майданда,  
Соғыс қой ақмарал аруды сындырған.  
О, бүгінге жауапты адамдар,  
Сақтаңдар ұрпақты  
Апаттан, қырғыннан!  
(Әлия мен Мәншүк кезектесіп залға қарап сөйлейді.)

Әлия; Біз сендердей жаңа ашылған гүл едік,  
Гүлден Жерге бақыт, елге бақыт тіледік.  
Отан-ана отқа күйіп жатқанда  
Біздер ме едік үй бағатын тірі өлік.

Мәншүк: Отан-ана жылағанда шерленіп,  
Таңшолпан Тапжылмастан шөгеді екен жерге бұлт.  
Қара бұлтты қақ жарайық дедек те  
Қолымызға қару алдық ерленіп.

Әлия: «Отан» деген сөз көкейде жатталып,  
Гүлден Зор айқасқа кеттік біздер аттанып.  
Біз сендердей қыдырмадық кешқұрым,  
Біз сендердей арман гүлін таппадық.

Мәншүк: Қатар тұрмыз, қатар жүріп келеміз,  
Таңшолпан Қатар жүріп қырдан гүлдер тереміз.  
Біздер өлдік, өлмесін деп басқалар,  
Бізді қайта туды Отан ел егіз.  
Екеуі қосылып: Жетсек деген арманымыз көп еді,  
Айтылған жоқ махаббаттың өлеңі.

Біздің туған күнімізді құттықтап,  
Ешкім бізге жыр ұсынған жоқ еді.  
Бірақ ерте, тым ертерек жандық біз.  
Қолымыздан осы болды келгені  
Біздей ерте солмау үшін барлық қыз.  
(Ескерткіш тәрізді қимылсыз тұрып қалады)

Ана: Қош бол, қыран қыздарым.менің ! От болып жанып кеткен, ер болып Дильдара елге  
танылып кеткен, қос қарлығашым, өздерің ерте солғанмен сондарыңда өшпес ерліктің даңқы  
қалды. Ел мен жердің өздеріңді ұмытпақ емес, қош болыңдар!Әлия мен Мәншүк сахнадан  
кетеді.

«Аналар» әні ұлдардың орындауында.

1-жүргізуші: Қазір әйелдер шын мәнінде ерлермен тең құқылы.

2-жүргізуші: Аналар өз жанұяларының қайғыға ұшырамауына,  
балаларының Әлібек білім алуына, ауырған сәбиге көмек берілетініне қашанда  
сенімді болғысы келеді.

1-жүргізуші: Әлем әйелдері Палестина, Ауғаныстан  
балаларының Ержан планетаның бар бүлдіршіндеріндей қайғы – мұңсыз өмір  
сүруін тілейді.

2-жүргізуші: Прогресшіл әлем әйелдерінің бүгінгі ұраны.

Оқушылар:Жұлдызды соғысқа жол жоқ!  
Ядролық бомба жойылсын!  
Әлем балаларына бостандық !  
Ана мен бала бақыты, құқығы қорғалсын!  
Жер бетінде бейбітшілік орнасын !

Адамдарды ақ түс пен қара түске бөлу, нәсілшілдік жойылсын!

Оқушылар: (хормен) Баласын сүйген ананың көзінің жасы тамбасын.

Біз аналар жүрегінің қалауы, әлемде бейбіт күн болуын қалаймыз .

Хор: «Әрқашан күн сөнбесін! «

Алдымызда 8-наурыз-Халықаралық әйелдер күні. Бұл мереке жылдың басқа мезгілінде болуы қисынға келмейтіндей, өйткені көктем секілді әйелдер де адамзатқа өмір, жылылық пен әсемдік сыйлайды емес пе?

Ерлік еткен біз үшін,

Еркелеткен біздерді.

Еркендеткен біздерді,

Анамызға мың алғыс.

Аналарға деген біздің көңіліміз, мейіріміміз ұшан-теңіз. Анамыздың көңілі шат, жүзі жарқын, дені сау болуын әрқашан тілейміз.

Жол-көлік оқиғасы уақытында есінен таңған адамарға берілетін алғашқы медициналық көмек.

Ауру адамды қан басқа құйылу үшін басын төмен қойып, аяғын жоғары көтеру керек.

2. Жылы көрпе жабу немесе керісінше денесін салқындату үшін киімін шешу, омырауын ашу.

3. Терезені ашу.

4. Мүсәтір спиртін иіскету немесе бетіне суық су бүрку.

5. Есінен таңған адам ұзақ уақыт өзіне келмеген жағдайда қолдан тыныс алдыру және жабық жүрек массажын жасау.

6. Ауру өз - өзіне келіп ес жинай бастағанда валериан тамшысын беру.

Зардап шегіп, ес-түссіз жатқандарға алғашқы медициналық көмек көрсету.

1. Осы әдістемелік нұсқаулық Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайларды және өнеркәсіптік қауіпсіздікті мемлекеттік бақылау комитеті бақылайтын өнеркәсіптерде зардап шеккендерге алғашқы медициналық көмек көрсету кезінде ұсынылатын мөлшерді анықтайды.

2. Көмек көрсетуші: адам ағзасының өмірлік маңызды функцияларының бұзылуының негізгі белгілерін; алғашқы көмек көрсетудің жалпы қағидалары мен зардап шегушінің алған жарақатына қолдану тәсілдерін; зардап шегушіні тасымалдау мен көшірудің негізгі әдістерін біледі.

3. Көмек көрсетуші: зардап шегушінің халін бағалай және оған ең алдымен қандай көмек көрсету керек екендігін анықтай; жоғары тыныс алу жолдарының еркін өтуін қамтамасыз ете; «ауыздан ауызға» («ауыздан мұрынға») жасанды тыныс алдыруды және жүректің сыртынан массаж жасай және олардың тиімділігін бағалай; қан кетуді таңғышты сала отырып, тамырды саусақпен баса отырып уақытша тоқтата; жарақат алған жағдайда (жарақаттану, күйік, үсік, қатты ауыртып алу) таңғыш сала; сүйек сынғанда, қатты ауыртқанда, термиялық жарақаттанғанда дененің жарақаттанған бөлігін жандандыра; жылу немесе күн сәулесі соққанда, суға кеткенде, қатты уланғанда, құсқанда, есінен таңғанда алғашқы көмек көрсете; зардап шеккендерді тасымалдау, көтеріп шығару кезінде қол құралдарын пайдалана; зардап шеккенді алғашқы жедел жәрдем машинасымен немесе жолшыбай көлікпен шығару тиімділігін анықтай; алғашқы көмек көрсету үшін дәрі-дәрмек салынған сөмкені пайдалана алады.

4. Алғашқы көмек көрсетудің реттілігі: 1) зардап шегушінің денсаулығы мен өміріне қауіпті зиянды факторлардың ағзаға әсер етуін жою (электр тогының әсерінен босату, зиянды атмосферадан шығару, жанып жатқан киімді сөндіру, судан алып шығу), зардап шегушінің халін бағалау; 2) жарақаттың, зардап шегушінің өміріне қауіптіліктің сипаты мен ауырлығын және оны құтқару бойынша іс-шаралардың реттілігін анықтау; 3) зардап шегушіні жедел түрде құтқару бойынша қажетті іс-шараларды орындау (тыныс алу жолдарының өтімділігін қалпына келтіру, жасанды дем алдыру, жүректің сыртынан массаж жасау, қан кетуді тоқтату, сынған жерді анықтау, таңғыш салу және тағы сол сияқты); 4) зардап шегушінің негізгі өмірлік

функцияларына медициналық персонал келгенге дейін жәрдемдесу; 5) жедел медициналық жәрдемді немесе дәрігерді шақырту немесе зардап шегушіні жақын орналасқан емдеу мекемесіне жеткізу шараларын қолдану.

5. Персоналдың тұрақты кезекшілік атқаратын орындарында: 1) алғашқы медициналық көмек көрсету үшін қажетті бұйымдар мен құралдар жиынтығы (дәрі-дәрмек сөмкесі); 2) алғашқы көмек көрсету, жасанды дем алдыру және жүректің сыртынан массаж жасау көрсетілген плакаттардың көрінетін орындарға ілінуі қамтамасыз етіледі.

6. Алғашқы медициналық көмекті дұрыс көрсету үшін мынадай шарттар орындалады

## **Сабақтың тақырыбы: «Нұр себеле, Ұлыстың ұлы күні!»**

Мақсаты: білімділік: Ұлыстың Ұлы күні Наурыз мерекесі туралы түсінік беру.

Тәрбиелік: Оқушыларды қазақтың салт-дәстүрін үйренуге, құрметтеуге тәрбиелеу.

Дамытушылық: оқушылардың ой-өрісін дамыту, талғампаздыққа, әсемдікке баулу.

Әдісі: қызығушылықты ояту, баяндау, сұрақ-жауап.

Түрі: Тәрбие сағаты.

Көрнекілік: интерактивті тақта, мақал-мәтел, ұлттық бұйымдар.

Барысы. I. Ұйымдастыру бөлімі.

1-жүргізуші: Наурыз тойы – береке,

Наурыз тойы – жыр, аңыз.

Қызық дулы мереке,

Қызық думан құрамы!

Күн әкелген жыл көрім,

Күллі дүние жайдары.

Желкілдеген гүлдерін,

Жер – анамыз жайнайды.

2-жүргізуші: Құрметті, ұстаздар, ата-аналар, оқушылар! Бәріміздің көптен күткен Наурыз мерекеміз келіп қалды. Мерекелеріңіз құтты болсын! Наурыз «жаңа күн» деген сөз. Яғни бұл күн біздің ата-бабаларымыз, арғы тегіміз, мыңдаған жылдардан бері мерекелеп келе жатқан жыл басы, мерекесі. Наурыз тойы құтты болсын! Ұлыстың ұлы күні аталған Наурызда еңбектеріңіз өнімді болып, тілектеріңіз қабыл болсын!

1-жүргізуші: Наурыз келсе, құт келгені, халайық!

Есік ашып, шашу шашып,

Ел боп қарсы алайық.

Той пердесін ашайық,

Тойға шашу шашайық.

Той шашуға тойыңдар,

Бұдан кейін ойын бар.

(Шашу шашылады)

Хор: «Наурыз думан»

2-жүргізуші: Наурыз тойың, наурыз тойың.

Құтты болсын халайық!

Күй төгілсін, күй төгілсін,

Шырқап әнге салайық,

-дей келе келесі кезекті әнге береміз.

1-жүргізуші: Жылқы жылы кел төрлет,

Ел достығын өркендет.

Мол болсын, ырыс құт,

Болсын елде тыныштық,

- дей келе ортаға Наурыз қызды шақырамыз.

(Ортаға Наурыз қыз келеді).

Көркемсөз.

2-жүргізуші: Достар, бізге Қыдыр бабамыз бірнеше тапсырмалар беріп жіберіпті. Барлығымыз соны шешіп көрсек қайтеді?

Тапсырмалар:

1. Дүниеде не тәтті, не жұмсақ, не жетім?

Ж: Ананың сүті тәтті.

Ананың қолы жұмсақ.

Жаңбыр жаумаса жер жетім,

Басшысы болмаса ел жетім.

2. Қандай ырым мен тыйым сөздер білесіңдер?

Ж: Малды теппе,  
Аяқты төкпе.

Отты шашпа,  
Күлді баспа.

3. Жеті атаңды ата.

Ж: Әке, бала, немере, шөбере, шөпшек, немене, туажат.

4. Сүттен жасалатын тағамдарды ата.

Ж: Айран, сүт, ірімшік, құрт, қатық, шұбат, қымыз, қаймақ, май, т.б.

5. Наурыз көже қалай жасалады?

Ж: Наурыз көже жеті түрлі тағам қосу арқылы жасалады.

1-жүргізуші: Құтты болсын Наурыз той!

Құлпырып тұр қыр мен ой.

Күн мен түні теңелді,

Жер шуаққа кенелді.

Би: Өзбек биі.

2-жүргізуші: Бақта құстар сайрайды,

Жайнап көктем нұрымен.

Жаңа дәстүр жырымен,

Ел наурызды тойлайды.

-дей келе «Мақал – сөз атасы» аты мақал – мәтел саысына ата-аналарымызды шақырамыз.

1. Қар жана ма?

(Қалауын тапса қар жанар)

2. Инемен құдық қазуға бола ма?

(Білім инемен құдық қазғандай)

3. Аппақ қарға бола ма?

(Қарға баласын аппағым дер)

4. Қой мен қасқыр ойлана ма?

(Қойдың ойлағаны амандық, қасқырдың ойлағаны арамдық)

5. Қарғыстың ең жаманы не?

(Өзің білме, білгеннің тілін алма)

1-жүргізуші: Жатыр шалқып көңілім, шалқып әнім,

Наурыз сыйлар қуаныш, бақыт нәрін.

Ұлыстан соң күтіп тұр, Ұлы күнің,

Наурыз көжеге бәрің кел, бәрің, бәрің!

Ән.

2-жүргізуші: Күн мен айға әлемнің,

Бердің ыстық сәлемін.

Қарттарыма сүйеніп,

Сәлем бердік иіліп,

Орындалды ойларың,

Құтты болсын бүгінгі,

Наурыз атты тойларың,

-деп бүгінгі тойға үлкендерден бата сұрайық.

Бата беру.

## Сабақтың тақырыбы: «Достық–көмекпен мықты»

Мақсаты: Оқушыларға дос, достық туралы әңгімелей отырып, олардың достық қарым – қатынасын нығайту. --Оқушыларды өзіншілдіктен, менмендіктен тағы басқа жаман әдеттерден аулақ жүруге үйрету, адалдыққа, шыншылдыққа тәрбиелеу. -Оқушылардың адамгершілік қасиетін, бір-біріне деген достық сезімдерін нығайту

Ұйымдастыру кезеңі: Ұйымдастыру кезеңі Психологиялық ахуал Бір түрлі фигур алғандарды 1-топқа «Достар», ал екіншісін таңдағандарды 2-топқа «Құрдастар» тобына бөлемін Оқушылар мұғаліммен амандасады,түгенделеді. Психологиялық ахуал

Миға шабуыл әдісі. 1. Дос, достық дегенді қалай түсінеміз? 2. Досың бар ма? Ол кім? 3. Достық шынайы сезім бе, әлде жай ұғым ба? 4. Достық жасқа байланысты ма? 5. Қыз бала мен ер баланың арасында достық бола ма? 6. Жақсы дос, жаман дос қандай болады? 7. Досыңыздың басына қиындық түсті не істейсіз? 8. Дос қандай болу керек?

Ертеде бір ақылды қария болыпты. Бір күні ақылды қарияға бір жігіт келіп: -Ақсақал, мен қандай жігітпін? Сынаңызшы, - депті. Қарт жігітке: -Жолдасыңды көрсет, сонан соң айтамын, - депті. Жігіт жолдасын қартқа жіберіпті.

Қарт жігіттің жолдасымен ұзақ сөйлесіп, ақырында жігіттің өзін шықырыпты. Жігіт келген соң, қарт: - Шырағым, жаман жігіт емессің, - депті. Қалайша олай дейсіз? Мені бұрын көрген жоқсыз ғой? – депті жігіт. Қарт күліп: - «Жігіті жолдасына қарап бағала» дейді халық, - депті. Мұғалім оқушылардың ол туралы пікірін білу үшін сұрақ қояды. -Жігітті жолдасына қарап бағала» дегенді қалай түсінесіңдер? - Адам көбіне өзінің мінезіне ұқсас адамдармен жолдас, дос болады. Шын жолдас, достар бірінің жақсы қасиеттерін екіншісі үлгі тұтады, бойына сіңіреді, олар бір-біріне өте жақын, бірін-бірі тез түсінісетін болып кетеді. Осындай жолдастық, достық қарым-қатынастардың арасындағы ең бағалысының бірі – адалдық. «Адамдар бір-біріне адал, қалтқысыз сеніп, ортақ көзқараста болса ғана достықтары берік болады. Достық - өзара жауапкершілік пен қамқорлықтың, рухани жақындықтың белгісі».

Жағдаяттан шығу. Слайд арқылы 1. Жақсы дос Қанат конькиін аулаға қалдырды да, өзі тамағын ішуге үйге кетті. Тамағын ішіп отырып ол конькиін Маралдың теуіп жүргенін көрді. Қанат ашуланып, аулаға жүгіріп шықты. «Қазір оның сазайын тартқызамын, біреудің затын сұрамай алушы болмасын» деп ойлады. Ашулы күйінде жетіп барды, тіпті жұдырығын да түйіп алған. Ал Марал оны көрді де, «Танысып қой, Айдар, бұл менің ең жақсы досым Қанат» деді. Қанат ұялып қалды. Қанат неліктен ұялды? 2. Аңсар пен Мирас бесінші сыныпта оқиды. Екеуі бала кезден дос.

Аңсар сабақтан келген соң, түскі тамағын ішіп, үйдегі жұмыстарын бітіріп, ертеңгі сабағын оқып болған соң далаға ойнауға шықты. Футбол алаңына барса, Мирас та ойна жүр екен. Олар ұзақ футбол ойнап, үйге кеш қайтты. Мирас: мен ертең сабаққа бармаймын, үй тапсырмасын орындамадым. Мені ағайға ауырып қалды дей салшы, - деп өз өтінішін Аңсарға айтты... - Аңсар егер адал дос болса, қандай жауап берер еді деп ойлайсыңдар? 3. Қаңтардың қара суығы. Айбек екі шелекті қолына алып, өзеннен су алып келіп, қорадағы қойларды суаруға бет алды. Шелегін суға толтырып, қораға кіре берісте Айбектің аяғы тайып, құлап түсті. Су үстіне төгілді. Орнынан әрең қозғалып, үйге кірді... Айбектің тобығы шығып кетіп ауруханада көп жатты... - Сендер Айбектің досы болсаңдар не істер едіңдер? 4. Құрбылары Жанарға балмұздақ берген-ді. Жанар кетті алға тез, Алды-артына қарамай, «Рахмет» - деп, жалғыз сөз Айтуға да жарамай! Сендер қалай ойлайсыңдар, осыдан кейін балалар Жанармен дос бола ма? -Сырым мен Дина дос болатын. Бірде Сырымның лақтырған добы Динаның басына барып тиді. Сырым добын домалатып теуіп ала жөнелді. 5. Жанар мен Сырым шын достар деп, айтуға бола ма? Неліктен? Олардың достықтары қалай жалғасады, деп ойлайсыңдар?

Пікір алмасу. - Сендерге ойын ұнады ма? - Татуласу ше? - Татуласқанда қандай көңіл-күйде болдыңдар? /қуанышты, бақытты, көңілді/ - Ал, сендерге ренжіскен ұнады ма? - Ренжігенде қандай көңіл күйді сезіндіңдер? /уайымды, қайғыны, көңілсіздікті/ Өмірімізді қуанышты да бақытты шақтар көп болу үшін бір-бірімізбен достықта, татулықта болғанға не жетсін.

Қорытынды: • Қиын кездерде бір-біріне көмек көрсетіндер. • Досыңды алдамай, оған адал бол. • Досыңды қорлама. • Досыңмен қызықты шақтарды бөлісе біл. • Досыңды барда да сына, жоқта да сына. • Досыңның кемшілігін кешіре біл.



## Сабақтың тақырыбы:Тиімді әріпайдалы тамақтану негізі

Тәрбие сағатының мақсаты: Оқушылардың жақсы денсаулығының, жан - жақты дамуының кепілдігі - тиімді және үйлесімді тамақтану болып саналатынын, «Салауатты өмір салтының» анықтамасын ата – аналармен, мектеп дәрігерімен, аспазшылармен бірлесе отырып тұжырымдау;

Қолданылатын көрнекіліктер: плакаттар, тақырыпқа байланысты суреттер, нақыл сөздер

### I. Ұйымдастыру кезеңі

Мұғалім:

- Балалар. Біз бүгін сендермен «Салауатты өмір салтының » қағидалары мен тиімді әрі үйлесімді тамақтанудың денсаулыққа пайдасы жөнінде ой тұжырымдаймыз.

### Дұрыс тамақтану

Адамзат денсаулығын сақтаудың басты шарты - дұрыс тамақтану. Сондықтан тамақтануға ерекше көңіл бөлген жөн. Тамақтың құрамының құндылығы басты назарда болғаны дұрыс.Тиімді, дұрыс тамақтану денсаулықты сақтауға, организмнің қалыпты өсуі мен дамуына, жұмыс қабілетінің жоғарылауына және организмнің қоршаған ортаның әртүрлі жағымсыз әсеріне қарсылығын күшейтуге ықпалын тигізеді.

Әсіресе, «Ұрпақ денсаулығы – ұлттың саулығы»- демекші, дені сау ұрпақ қалыптастыру үшін – оны назардан тыс қалдыруға болмайды.

Сондықтан да мектеп оқушыларының дұрыс тамақтануы мен денсаулығы, олардың дұрыс өсіп жетілуі бүгінгі күннің өзекті мәселесі. Осыған байланысты мектебіміздің асханасы таңертеңгі 8.00-16.00-ге дейін жұмыс жасайды.

Қазір сіздер көкөністерді қаншалықты білетіндеріңіз туралы байқап көрелік:

«Көкөніс базары» ойыны.

1.Көкөніс қайда? (Бақшада)

2. Балалар бақшада көкөністерді баптап өсіретін адамды кім дейміз? (Бағбан)

3. Қыс айларында көкөністерді қайда өсіреді? (жылыжайда)

4. Қияр, қызанақ неден пайда болады? (Жеміс гүлінен)

5. Көкөністерді қалай өсіреді? (Тұқым себу)

Бақшасында атамның

Көкөністер көп екен

Теріп, жинап аламыз

Себеттерге саламыз

Пияз, картоп, қызылша

қарбыз, сәбіз, қызанақ

Орамжапырақ қиярлар

Шалқан болса тағы бар.

12.Әкеміз ала баспақ асырады,

Күз келсе соямын деп асығыды.

Баспағым бойын шөпке жасырады.

Еті қызыл, терісі жасыл әлі. (Қарбыз)

13.Ашулы қонақ бұл анық,

Тонып шешсе, жыладық. (Пияз)

14. Көкөністерді қай мезгілде жинап алады?

- «Тамақтану бағдаршамы » ойыны: Оқушыларға қай тағам пайдалы, пайдасы аз тағамдар деген сұрақтар қойылады. Пайдалы тағам туралы айтылса, бағдаршамның жасыл түсін, келіспесе- қызыл түсін көрсетеді.

(балық, сағыз, чипсы, айран, «Кола», шоколад кәмпиттер, сәбіз, сарымсақ, торт, алма, орамжапырақ, қарақұмық)

жоқ» ойынымен аяқталық.

Дұрыс тамақтану ережелері:

- тамақты үстелдің басында отырып қабылдау керек. Егер тамаққа зейін салмаған жағдайда, адам тойғанын білмей қалып, артығымен тамақтанады.
- тамақты асықпай, мұқият шайнап, тамақтану режимін сақтап жеу керек. тамақты жиі және аз мөлшерде, күніне бес рет қабылдаған жөн.
- тамақтанған соң дереу шай ішуге болмайды. Себебі шайдың құрамында темірді ыдырататын заттар болады. Шайдың орына шырын ішкен жөн.
- таңертеңгі асты мұқият қабылдау. Егер организм 10-12 сағат тамақ қабылдамаса, онда организмдегі кант азайып кетеді. Ертеңгі асты ішпесе, түсте артығымен қабылдайсыз, нәтижесінде асқазанға ауыртпалық түсіресіз.

Дұрыс тамақтанудың негізгі шарттары:

1. Тағамның құрамында негізгі қоректік заттар (белок, көмірсу, май) болуы тиіс.
2. Тамақ рационында (дәрумендер, тағамдық талшықтар) болуы тиіс.
3. Тамақ нәрлілігінің адамның жасына, мамандығына, денсаулық күйіне, табиғи-климаттық жағдайларына сәйкестігі.
4. Тәулік бойы тамақтану тәртібін, мөлшерін сақтау.
5. Тағамдар санитарлық-гигиена талаптарына сәйкес болуы керек.

Бекіту

- Балалар біз бүгін қандай тақырыппен таныстық
- Мына заттардың ішінен жануар тектес азық түліктерді табыңдар?
- Мына заттардың ішінен өсімдік тектес. Азық — түліктерді табыңдар?
- Адамдар күніне неше рет тамақтану қажет?
- Дастархан басында қалай отыруымыз керек?
- Тамақты қалай жеу керек?

Қорыту: Адам баласы өмірде екі нәрсенің қадірін білмейді. Біріншісі - денсаулық болса, екіншісі – жастық шақ. Кішкентай кезден адам баласы пайдалы тамақтармен, түрлі дәрумендермен уақытылы тамақтанса, сонда ғана баланың денсаулығы мықты әрі күшті, ой-өрісі кең болады.

Ас - адамның арқауы

Аспен күш артады

Тағам іш жағымды

Тазартар жаңынды,-деп сынып сағатын аяқтаймыз.

## **Сабақтың тақырыбы: "Туған өлкемді көркейтуге міндеттімін"**

**Мақсаты:**

оқушылардың патриоттық санасын қалыптастыру, кіші Отанның тарихи және мәдени құндылықтарына деген қызығушылық пен құрмет сезімін ояту, туған жердің табиғатына деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу; сыныптан тыс жұмыстарда ақпараттық өзін-өзі қамтамасыз ету іс-әрекетінің тәсілдерін қалыптастыру.

**Тапсырмалар:**

- білім алушылардың туған өлкесіне деген қызығушылығы мен сүйіспеншілігін қалыптастыру және дамыту;
- өлкетану ақпаратын өз бетінше іздеудің ұтымды тәсілдері мен тәсілдерін меңгеру;
- аналитикалық ойлауды, ауызша сөйлеуді дамыту;
- әр түрлі ақпарат көздерімен жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыру;
- қажетті өлкетану ақпаратын өз бетінше табу арқылы қала мен аудан өміріне деген қызығушылықты тәрбиелеу;

**Қолданылатын педагогикалық технологиялар:**

- ойын технологиясы;
- шағын топтардағы жұмыс;
- проблемалық жағдаяттарды модельдеу және талдау;

**Күтілетін нәтижелер:**

- балалардың өзін-өзі дамытуға қабілеттілігі мен дайындығын арттыру;
- өлкетану бойынша әртүрлі ақпарат көздерін шарлау;
- коммуникативтік дағдыларды дамыту және тұлғааралық қарым-қатынас тәжірибесін меңгеру, диалогты дұрыс жүргізу және пікірталасқа қатысу, сондай-ақ белгіленген рөлге сәйкес топ жұмысына қатысу;
- білім алушылардың табиғатқа, кіші Отан мен туған Отанға, оның тарихы мен халқына, басқа адамдарға деген құндылық қарым-қатынасын дамыту.

**Іс-шара барысы:**Интерактивті тақтада музыкамен сүйемелденетін туған өлкенің сұлулығы, табиғатының бірегейлігі туралы фильм көрсетіледі.

**Сынып жетекшісінің кіріспе сөзі**

- Сіздерді туған өлкемізге арналған сынып сағатымызда қарсы аламын. Бүгін бізде осы тақырып бойынша қорытынды сабақ бар. Әңгімелеріміздің неден басталғанын еске түсірейік. Біз Отан туралы әңгімелестік.

- "Отан" сіз үшін нені білдіреді? (Отан - жан дүниесі жақсы жер; бұл менің үйім, отбасым, анам; бұл менің елім – Қазақстан; бұл менің жерім, аспаным; бұл менің туған ауылым; т.б.)

- Адамның екі Отаны болуы мүмкін деп ойлайсыз ба? (Менің ойымша, егер адамның бір отбасы, бір анасы болса, онда бір Отаны бар. Менің ойымша, адамның үлкен Отаны болуы мүмкін – ол өзі тұратын ел, ал кішкентай Отаны – оның туған жері.)

- "Кіші Отан" деген ұғым бар. Біз сіздермен – Алға тұрғындармыз . Бұл – біздің кіші Отанымыз. Біз өз өлкемізді, оның тарихын жақсы білуіміз керек.

Алға — Қазақстанның Ақтөбе облысындағы қала, Алға ауданының орталығы, темір жол станциясы.

Ақтөбе қаласының оңтүстігіне қарай 45 км жерде, Елек өзенінің сол жағалауына орналасқан. 1930 жылы химия комбинатының құрылысы басталуына байланысты іргесі қаланды. 1961 жылы кенттен қалаға айналды. Алға ауданы түгелімен Қазақстанның Еуропа жағында орналасқан.

Алғада Қазақстандағы ірі химия кәсіпорындардың бірі, минералдық тыңайтқыштар өндіретін Ақтөбе химия комбинаты (АҚ) жұмыс істейді.

Қалада нан, май зауыттары, Ақтөбе медициналық колледжінің бөлімшесі, емхана, аурухана, дәріхана, кәсіптік-техникалық колледжі, орта музыка және спорт мектептері, кинотеатр,

кітапхана, баспахана, санитарлық-эпидемиялық станциясы, стадион және жүзу бассейні бар.

"Есімізде, мақтан тұтамыз, алғыс айтамыз!" бағыты.

Отанға, оның өткені мен бүгініне деген сүйіспеншіліксіз, өз мемлекетінің тарихын білмей болашақты құру мүмкін емес. Бұл патриоттық сезім бала кезден қалыптасады, адаммен бірге өседі, ата-бабаларынды түсінуден, құрметтеуден басталады. Көл жағасындағы жауынгерлік даңқ орындары бойынша біздің маршрут.

"Біз - табиғат қорғаушыларымыз" бағыты Адам жер бетінде өсімдіктер мен жануарлардың тұрақты ортасында өмір сүреді. Біз табиғатымыздың иесіміз, ол біз үшін өмірдің ұлы қазыналары бар күннің қоймасы. Адамға Отан керек, ал табиғатты қорғау - Отанды қорғау деген сөз!

Ойлан тап!

Төмендегі отан туралы қазақтың мақал-мәтелдерінің жалғасын тап.

1. Ер — елінде, гүл — (жерінде.)
2. Өз елінде көртышқан да (батыр.)
3. Отан үшін күрес — ерге тиген (үлес.)
4. Орағың өткір болса, қарың талмайды, Отаның берік болса, (жауың алмайды.)
5. Елінен безген ер болмас, Көлінен безген (қаз болмас.)
6. Сағынған елін аңсайды, Сары ала қаз (көлін аңсайды.)
7. Жат жердің қаршығасынан, Өз еліңнің (қарғасы артық.)
8. Егілмеген жер жетім, Елінен айырылған (ер жетім.)
9. Отан — (отбасынан) басталады.
10. Опасызда (отан) жоқ.
11. Отан оттан да (ыстық.)
12. Отансыз адам — (ормансыз бұлбұл.)

VI. Рефлексия:

“Бүгінгі тәрбие сағатынан алған әсерім .....”

VII. Қорытынды

Ыстық қой, шіркін, туған жер! Туған жерге жеткенше, қайтіп дәтің шыдайды? Кім сағынбас өз қағын? Кім сүймесін өз жерін?

Сүймесе сүймес зердесіз, шерсіз жүрек, тілеуі бөлек жетесіз... демекші, балалар, бүгінгі ашық тәрбие сабағында айтылғандарды өнеге етіп, елді, жерді сүюді, қадірлеуді өмірлік мақсат етейік.

## **Сабақтың тақырыбы: Тақырыбы: «Сөз қадірі - өз қадірің»**

Мақсаты : Балаларды әдепке, қоршаған ортада өзін - өзі дұрыс ұстауға, дұрыс сөйлеуге, үлкенді сыйлауға, кішіге ізет көрсетуге үйрету. Адам бойындағы асыл қасиетті сөздердің мағынасын түсінуге үйрету. Адамдармен адамгершілік қарым - қатынасын көтеру. Балалардың есту, сөйлеу қабілетін дамыту, есте сақтау қабілетін жаңғырту.

Көрнекіліктер: Слайдтар, суреттер, карточкалар, әр түрлі қанатты сөздер.

Сабақ барысы: Ұйымдастыру кезеңі.

Жаңа сабақ.

Бүгінгі тақырыбымыз қандай ? Сөз қадірі - өз қадірің!

Сөз – адам үшін тәрбие құралы, білім-білік, мәдениет, өнер бастауы, ақыл –ой, әсемдік қазынасы. Сондықтан да сөзді шашпа – тегін дүние көріп, оңды-солды талғаусыз айта берсең, жұғымы, қадірі болмайды. Білімпаздар айтқандай: «Сөз қадірі – адамның өз қадірі, сөзі құпсыздың өзі құпсыз».

Сөз өнері – атаулының ең қиыны мен күрделісі. О. Бальзак

Айналасындағы адамдарға «Ей», «Сен» - деп, дөрекі тіл қатпай «Сіз» - деп сыпайы сөйлеудің мәдениеттілік, ізеттілік қана емес, қарым-қатынасқа жұмсақтық, жайдарылық дарытатын күш екенін ұғынып отырған жөн. Жылы шырай - тек сәлемдескенде ғана емес, адамдарға тіл қатқанда, сөйлескенде де керек нәрсе. Сөйлесуге «ғафу етіңіз!», «құлағым сізде», рұқсат етіңіз, өтінемін, «ләббай» - деген сияқты сөздерді орнымен кірістіріп отыру жағдайды жайландырып отыратыны есте болуы тиіс.

3. Аз сөз алтын, көп сөз көмір! Көрінісімізді орындайық.

Сөздің атасы мен анасы Б. Адамбаев

Қаз дауысты Қазыбектің атағы шығып тұрған кезде ауылына бір саудагер келіпті. Түстеніп, демалып болған соң Қазыбекке былай дейді:

- Биеке, бір сөз сұрайын деп едім?

- Сұраңыз!

- Біз бір керуен адам едік, өзара дауластық та, ойластық та, бірақ шешуін таба алмай қойдық.

Сөздің атасы кім, анасы кім? - деп сұрады саудагер.

Сонда Қазыбек би ойланып, былай дейді:

- Сөздің атасы - бірлік, анасы - шындық! Жолың болсын жүрген жерінде айта жүр!

- деп жауап береді. Саудагер ризашылығын білдіреді.

- Рахмет, Қаз дауысты Қазыбек би. Сөзіңізге қанағатпын.

Мәтінге байланысты Сұрақ - жауап.

4. Мына нақыл сөздердің мағынасын қалай түсінесіңдер?

Су анасы – бұлақ. Жол анасы – тұяқ. Сөз анасы – құлақ.

Таза мінсіз асыл тас,

Су түбінде жатады. Таза мінсіз асыл сөз, Ой түбінде жатады.

Білімдіден шыққан сөз, Талаптыға болсын кез, Нұрын, сырын, көруге, Көкірегінде болсын көз.

5. Әдептілікке тәрбиелейтін ырымдар мен тыйым салу сөздері:

• Біреумен сөйлескенде, бетіне қадала қарап, тақалып тұрма. • Біреумен сөйлескенде, керексіз нәрсені қазбалап сұрай берме.

• Өзіңе қатысы жоқ сөзді естуге құмартпа. • Дастархан басында көп сөйлем. • Жаман, бұзақы сөзден тыйыл. • Біреу сұрақ қойса, ойланып, анық жауап бер, аузыңа түскен сөзді айта салма. •

Өзің білмегенінді басқалардан сұрап алуға намыстанба. • Қолыңнан келмейтін істі тыңдырамын деп ешқашан уәде етпе. Ал уәде бердің екен, қайткенде де орындауға тырысып бақ. Сөзіңде тұр!

6. Сөйлеу үлкен өнер. Оған көп көп тыңдап, көп оқып, халықтың ауыз әдебиетін, әсіресе, айтқыштық пен терең ойдың інжу-маржандары – мақал-мәтелдерді жетік біліп, сырына үңілу, кітапты көп оқу арқылы жаттығып, төселеді. «Ақылдыадамсөздінақылсызайтпайды» —

дегенсоданшыққан.

Олай болса қазағымыздың нақыл сөздері мақал - мәтелдерді айтайық.Берілген мақал мәтелдерді дұрыс айтып, көп нүктенің орнына тиісті сөздерді қойындар.

Сөз қадірін білмеген өз қадірін білмейді.

Жіптің ұзыны, сөздің қысқасы жақсы.

Көлді жел қозғайды, ойды сөз қозғайды.

Жанған от тәнді жылытады, жақсы сөз жанды жылытады. Жауынмен жер көгереді, батамен ел көгереді.

Айтылған сөз – атылған оқ.

Қотыр қолдан жұғады, пәле сөзден жұғады.

Сауатсыздың сөзіне сүрініп құларсың.

Артық сөйле, кем сөйле, таразылап тең сөйле.

Жаман сөз жылатады, жақсы сөз жұбатады.

Тау мен тасты су бұзар, адамзатты сөз бұзар.

Жақсы сөз – жарым ырыс.

Құлаққа кірген суық сөз – көңліңе барып мұз болар.

Жаман сөз – жанға кірген тікен.

Таудай сөздің тарыдай түйіні бар.

Тіземнен сүріндірсең сүріндір, Тілімнен сүріндірме.

Жылы-жылы сөйлесең, жылан інінен шығады

Орынсыз сөз - өзіңе тиер.

Сөзің қысқа болсын, қолың ұста болсын.

Сөз сүйектен өтеді, таяқ еттен өтеді.

Қарағым деген жылы сөз -

Тон болып тәнді жылытпаса да, жанды жылытады.

Орынды айтылған сөз -Орнына қағылған шеге сияқты.

7.Менің пікірім (келісемін, келіспеймін, өйткені...)

Менің пікірім

1 Сөз - сөйлеушінің ойын, сезімін, мінезін, тәртібін де көрсетеді. 2Ойнап сөйлесең де, ойлап сөйле.

4 Жақсы байқап сөйлер, Жаман шайқап сөйлер.

4 Өлеңді қосылып айтқан жақсы, Сөзді тосып айтқан жақсы.

5 Бастың көркі – жүз, жүздің көркі – көз. Ауыз көркі – тіл, тілдің көркі – сөз.

8. Сөйлеудегі ең жақсы қасиет – ой-пікірін қысқа әрі дәл айтып жеткізушілік. Алтын-гауһардың қымбат саналуы – олардың аздығынан. Олардың аздығы тазалығы десек, қысқа, қоспасыз, ұғымды сөз де қадірлі. Орыстың аса шебер жазушысы А.П.Чеховтың:«Қысқалық-таланттың сыңары» — деуі де сондықтан Ал, қазақтың «Көп сөз көмір, аз сөз алтын», «Көп сөйлеген я жолдасынан, я құрбысынан айрылады», «Жақсы байқап сөйлейді, жаман шайқап сөйлейді», «Аңғармай сөйлеген- ауырмай өледі», «Сөз қуған бәлеге жолығады», «Жақсы сөйлесе аузынан нұр төгіледі, жаман сөйлесе аузынан жын төгіледі», «Жақсының сөзі назалы, жаманның сөзі ызалы». Ғұламалар: «Көп нәрсенің қадірі болмайды»-дегенді айтуының сөйлеуге де тікелей қатысы бар.Олай болса мына суреттерге қараңдаршы...(Егер жапырақ жалғыз болса )

Сол сияқты сөздің де қадірін түсіну керек. Әр сөзді байқап, терең ойланып барып, тіл қату керек!

«Айтылған сөз - атылған оқ» - дейді екен. Көрінісімізді тамашалайық.

Не айтатыныңды ойлап ал.

Күндердің күнінде бір байлыққа мақтанған әйел данышпанға келіпті.

- Ата мен сіз сияқты данышпан болғым келеді. Бірақ менің кемшілігім бар, адамдарды

өсектегенді жақсы көремін. Осы мінезімнен қалай арылсам екен?

- Жақсы, Базарға бар, тауықтың қанатын сатып ал, қайтарда үйіңе жеткенше бір қанатын жолға тастап отыр.

Әйел таң қалды, алайда өзі сыйлайтын адмның айтқанын ені етпей орындап келеді.

- Өте жақсы, енді базарға бар да қайтарда сол қанаттарды жинап кел.

- Ол мүмкін емес қой? Оларды жел ұшырып кетті ғой?

- Ендеше айтқан сөз де солай өсек айтпас бұрын не айтарыңды ойлап ал- деді қария.

9. Төменде берілген сөздер мен сөз тіркестерінен сыйласымды қарым - қатынас жасауға негіз болатын адам мінезінің сипаттарын бір бөлек, кедергі келтіретін сипаттарды бір бөлек етіп жазыңдар.

Сыйласымды, жағымды. Жағымсыз сипаттар.

От тигендей лап ете қалу; жұмсақ; икемге көңгіш; келісімпаз; бір сөзге шарт етіп тұтану; бәріне бас шұлғи беру; қызыл кеңірдек болып таласу; сәл нәрсеге бола ренжу; тау қозғалса да қозғалмайтын сабырлы; өзін жоғары ұстау; менмен; кішіпейіл; мақтаншақ; сыпайы; ұшып қонба жеңілтек; байсалды.

Сөз қадірі.

Еркебұлан: Сөз — сәуле, Күннің нұрын шашыратқан. Тынысы тіршіліктің — Шашу Хақтан. Аймалап бар дүниені жерде, көкте, Нәр сепкен жан біткенге жапырақтан.

Ұмсынай: Сөз — шырақ, Көз алдыңды жарқыратқан. Сөз — бұлақ, таудан суын сарқыратқан. Сөз — теңіз, төлегейін тулататын, Сөз — тұлпар, сәйгүлік ой арқыратқан. Ержас: Сөз — қуат, Құлын жүрек жұлқынтатын. Бойыңнан бура бұлшық бұлқынтатын. Жер тарпып көк дөненнің тақымында, Желдіртіп жөнелердей зіркінді атың.

Нұртас: Сөз — жалын, Ошақ ішін маздататын. Қуат мол лапылындаазғанатым.

Жандырыпөртесе де алауында, Наздыұн, нәзікәуен саз жататын.

Еркеназ: Сөз — ұстаз, Ақжағасынкіршалмаған. Ашуыкернесе де ұрсаалмаған.

Шапағатшашыпмейірайналаға, Жүзінен, жанарынаннұрсаулаған.

Адина: Сөз — ұстаз, Жан сарайыжарқыраған. Білімніңақбұлағысарқыраған. Күй толы көкірегікүмбірлеген. Таусылмасақылкені алтын адам.

Аслы: Сөз — ұстаз, Минуты кем шалқымаған. Күні кем қорғасынбопбалқымаған. Шарқұрып, биіккеөрлеп, асқарасып, Күні кем қыранқұстайқалқымаған.

Аспайдытүсінгенгеназданөкпем. Асығысаскетіпжұрттысөкпен.

Қаймағынқалыңдатсабұлқазақем, Кетпейдіжелге, құмғатерімтектен.

Қорытынды:

Сөйлеудің қасиеті әдептілігі мен әдемілігіне қоса, шындығында жалған айту, өтірік сөйлеу кісілікке жатпайды. Халық өтірікшіні жексұрын ретінде жек көре отырып, айыптайды.

Жеткіншек ұрпақты: «Өтірік сөз өрге баспайды», «Өтірікшінің шын сөзі зая кетеді» - деп, жалған сөйлеуден жирендіріп, шындыққа үндейді. Тегінде шын сөйлеу - әдептіліктің ең негізгі белгісі. Данышпан Абай: «Адамның бес дұшпаны бар: өсек, өтірік, мақтаншақ, еріншек бекер мал шашпақ» - деп көрсетеді. Сондықтан өз пікіріңді алдымен өзін құрметте, айтылып, аяқсыз қалып қоятын сөзді айтпа. Әрбір сөзің мен ісің табиғатыңа, өмірлік қағидаларыңа сай болса «Адамдар қалай ойлап қалады екен» - деп жалтақтама. Егер ісің мақұлдана қалар болса, «ісіме берілген баға артықтау болып кетті - ау» - деп те қысылма. Сөз бен ақиқат екі түрлі болған кезде сөзіңнен тез қайтқаның дұрыс. Айтқан сөзің түсініксіз болса - айтар ойың түсініксіз болғаны. Кейде үндемей қалғанда үлкен сөз айтқанмен бірдей. «Сөйлесем, сөзім - өзіме төре, үндемесем өзім - өзіме төре» - депті Сағди.

Бағалау : Сендерге сабақ ұнады ма? Сабақтан не үйрендік? Жақсы.

Бүгін барлық оқушылар сабаққа жақсы қатысып отырды, сондықтан барлығымыз жақсы баға алдық!

Тәрбие сағатымыз аяқталды.Қонақтарымызбен қоштасайық!

## Сабақтың тақырыбы: «Кітапханаға саяхат»

**Білімділік:** Білімнің кілті кітап арқылы берілетінін ұғындыру, кітаптың адам өміріндегі маңызы, ғылым мен білімнің пайдасы жайлы түсіндіру; Рухани жаңғыру бағдарламасына сай, балаларға қазақ ақын-жазушылары туралы мәліметтер беру. **Дамытушылық:** Оқушылардың бойында ұлттық сананы ояту; кітапқа деген қызығушылығын арттыру; сүйіспеншілік, мақтаныш сезімін ұялату, ұлттық рухты сіңіру.

**Тәрбиелік:** Кітапты сүйуге, оны күтіп, таза ұстауға тәрбиелеу.

Оқушылармен амандасу. Оқушыларды түгендеу. Қызығушылықты ояту.

«Кітап-ғалым, тілсіз мұғалім» деп тегін айтылмаған ғой. Бүгінгі тәрбие сағатымыз бәрімізді білімді, өнерлі болуға тәрбиелеп, талай ғажайып істердің құпиясын ашуға көмектесетін ақылдың кені-кітапқа арналады.

«Пайда ойлама, ар ойла,  
Талап қыл артық білуге.

Артық білім кітапта,  
Ерінбей оқып көруге».

Абай Құнанбаев «Ой қозғау»

Оқушыларға жетекші сұрақтар беріледі.

1. Мектепте кітапхана бар ма?
2. Кітапхана не үшін керек?
3. Алматы қаласында қандай кітапханалар бар?

Сендер кітапханаға не үшін барасыңдар?

1. Ең бірінші кітапхана қанша жыл бұрын пайда болған?
2. Қазақстанда ең бірінші кітапханақай жылы ашылған?
3. Кітап қорында қанша кітап болған?
4. Ең ірі кітапхана қайда орналасқан?
5. Алғашқы директоры кім болған?
6. Кітапханаға 1991 жылы қандай ат берілді?
7. Ұлттық кітапханада неше оқу залы бар?
8. Кітапханаға бір жылда қанша оқырман келеді?

1 Ең бірінші кітапхана осыдан сегіз мың жыл бұрын пайда болған.

2 Қазақстанда ең бірінші кітапхана 1883 жылы Семейде ашылған.

3 Кітап қорында 260 том кітап болған.

4 Қазақстан Республикасындағы ең ірі кітапхана- Ұлттық кітапхана. Ол Алматы қаласында орналасқан.

5 Кітапхананың алғашқы директоры – мемлекет қайраткері Ораз Жандосов. О. Жандосов кітапханаға Қазақстан туралы, қазақ тіліндегі басылымдарды жинаған.

6 Кітапханаға 1991 жылы «Ұлттық кітапхана» деген ат берілді. Кітапханаға 1 жылда 1 миллионнан астам оқырман келеді, 2 миллиондай кітап қолға беріледі.

7 Ұлттық кітапханада 14 оқу залы жұмыс істейді.

8 Кітапхана – Қазақстандағы тарихи, мәдени ескерткіштердің бірі.

Үлгі - сөзі атаның, үйренеміз мақалың - дегендей «Мақал - мәтел» сайысына көшеміз. Мен мақалдың сыңарын айтамын, сендер жалғастырасыңдар:

- Кітап – білім бұлағы, ... (білім өмір шырағы)
- Кітапсыз білім жоқ, білімсіз ... (күнің жоқ)
- Кітапсыз үй - ... (жансыз дене).
- Күш – білімде, ал білім – ... (кітапта)
- Артық ғылым кітапта, Ерінбей...( оқып көруге).



• Наданмен дос болғанша, ...(Кітаппен) дос бол.

• Оқысаң озарсың...(оқымасаң тозарсың)

«Құпия хаттарға» жауап беру Әр топқа құпия хаттар жазылған конверттер таратылып беріледі. Жауабын әр топ ойланып, ақылдаса отырып айтады. Соңғы тыныштық сәті. Балалар, бүгінгі сабағымыз аяқталды. Заманымыздың заңғар жазушысы Мұхтар Әуезовтің сөзімен айтқанда, «Кітап – әр адамның өмірлік досы». Сондықтан, балалар сендер кітаптарды оқып кітаптармен дос боласыңдар деп ойлаймын. Сабақтан алған әсерлеріңізді стикерге жазып тақтаға жабыстырамыз. Деп сабағымызды аяқтаймыз! Қош, сау болыңыздар!

## **Сабақтың тақырыбы: 1 мамыр-Қазақстан халықтарының бірлігі күні**

Мақсаты: Халықтар арасындағы достықты нығайту, осы мақсатта студенттердің достық қарым-қатынастарын қалыптастыруды жалғастыру, Қазақстанның өркендеуіне достық арқылы өз үлестерін қосуға баулу.

Көрнекілігі: 1. Достық тақырыбына арналған топтардың арасында қабырға газеттері.

2. Ұлттар достығын бейнелейтін суреттер.

3. Шара өтетін жерлерге кептерлер, күннің, гүлдің, шарлардың көмегімен безендіру.

4. Видео слайд

Әнұран

Жүргізуші: Бірінші мамыр!

Достықтың ұлы мейрамы

Тоғысар сенде жандардың ізгі ойлары

Татулық пенен бірлікке ынтымақ, адамзат,

Өзіңді сәнмен қошемет етіп тойлайды!

(1 мамырға арналған видео-көрініс)

Қайырлы күн қымбатты ұстаздар, студенттер, бүгінгі шараға қатысушылар! 1 мамыр Қазақстан халықтарының бірлігі күніне арналған «Ынтымағы жарасқан туған өлкем – Қазақстан!» - атты тәрбие сағатына қош келдіңіздер! Қазақстан Республикасын мекен еткен 130 дан астам ұлт өкілі күні бүгінге дейін ынтымақтастыққа, бір үйдің баласындай тату-тәтті жарасымды тіршілік кешіп келеді. Жүзі басқа болғаны мен жүрегі бір, тілі басқа болғаны мен тілегі бір, мақсат-мүддесі ортақ, бірлігі мықты, достығы берік ұлттар қазақ елінің салт-дәстүріне, ұлттық құндылықтарына құрметпен қарайды, сондай-ақ қазақ халқының қарапайымдылығы, қонақжайлылығы, бауырмалдылығы үшін ерекше бағалайды, бастысы өздері қоныс тепкен Қазақстан жерінің барлық ұланымен ауыз бірлікте, туыс болуды көздейді. Бүгінгі шараның да мақсаты халықтар арасындағы достықты нығайту, осы мақсатта студенттердің достық қарым-қатынастарын қалыптастыруды жалғастыру, Қазақстанның өркендеуіне достық арқылы өз үлестерін қосуға баулу.

монолог.

«Бір кісі бармақтай құсты ұстап алып торға қамап қояды. Тұтқын құс күні-түні дамыл көрмей «Отан, Отан, Отан ...» деп шырылдай береді. Құстың иесі: «Мұның да Отаны болғаныма, ал Отаны болса қайда екен?» құсты ұшырып жіберейін де, ұшқан жағына қарап, ғажайып елге апаратын жолды біліп алайын деп» деп ойлайды. Сөйтіп торды ашып, құсты босатып жібереді. Құс ұшып шығып бар болғаны 10 қадам жердегі тастақты тақырдың арасында өскен жалғыз түп тікенге барып қонады. Сөйтсе, әлгі бұтада ұясы бар екен «Демек құстың Отаны – ұя салған жері болды ғой» деп ойлайды жаңағы адам. Шынында да адам түгілі құстарда ұя салып, мекендеген жеріне бауыр басып кетеді екен! Міне, тыңдарман қауым сөзімнің соңын мына бір өлең жолымен қорытындылаймын.

Туған жердей жат елдің болмайтыны ақиқат  
Оған көңіл толмайтыны ақиқат.

Алтын торда алтын құс өсірсең де, бұлбұл құс  
Өскен бағы болмаса, қонбайтыны ақиқат!

Жүргізуші: Жүздерімізге шуақ, бойымызға қуат әкелген 1-мамыр Қазақстан Халықтарының  
ынтымағы мен бірлігі күні құтты болсын

Жүргізуші: Күте тұғын асыға әр күнін біз,

Арналатын ең тәтті ән жырымыз

Мерекелі мерейлі айдың басы

Құтты болсын Бірінші Мамырымыз!

Қазақстан Республикасының Президентінің жолдауы еліміз үшін де, әрбір тұрғын үшін де  
асыға күтер оқиғаға айналды. Жолдаудың әр жолында көңіліңді көтеретін жылы шуақ, елдің  
ертеңгі көрінісін көз алдыға келтіретін нұрлы қуат бар. Жаңа Қазақстанның көркейіп  
нұрлануына бірлесе үлес қосайық, ағайын.

Жүргізуші: Қазір республикамыздың мектептері 9 тілде: қазақ, орыс, өзбек, ұйғыр, тәжік,  
украин, татар, неміс және ағылшын тілдерінде білім береді. 15 тіл ана тіл ретінде оқылады. 22  
ұлттық-мәдени бірлестіктердің жексенбілік мектебі бар.

Міне, осыған сәйкес «Тапқыр достар» ойынын ұйымдастырмақшымыз. Студенттер 3 топқа  
бөлінеді. Ол ойынның шарты ортадан 3 оқушы шығады. Жүргізуші ынтымақ, бірлік, достық  
жөнінде мақал-мәтелдердің басы айтылады, жалғасын жаңағы 3 оқушы айтады, осылай ұпай  
санымен есептеліп жеңімпаз анықталады.

Ырыс алды – (ынтымақ)

Бірлік болмай – (тірлік болмас)

(Ынтымақтың түбі) – игілік

Бірлік, ынтымақ - (байлық, бақ)

Тірлік, тірлік түбі - (бірлік)

(Татулықта) табыс мол

Біршілік болмай (Тіршілік болмайды)

Дос басыңа қарайды (Дұшпан аяғыңа қарайды)

Дос сыртыңнан мақтар, дұшпан (көзіңе мақтар)

Жүргізуші: Бұл күні қырқаларға гүл тұнады,

Бар әлем бір-ақ сәтте құлпырады.

Әлемге дос құшағын жая келген,

Армысың, бар халқымның ынтымағы!

Флешмоб «Достық биі»

Жүргізуші: Ынтымағы жарасқан береке күн,

Білдіреді болашақ ел ертеңін.

Татулық пен достығың арта берсін,

Құтты болсын бүгінгі мереке күн.

Күні кеше ғана Елбасы жолдауынан қуат алып жігерленген жұртшылық бірлік пен тірлік,  
бейбітшілік, достық салтанат құрғанда дана бақыт пен шаттық, ынтымақтастық орнаған да ғана  
болашағымыз баянды болатынына кәміл сенеді. Жүргізуші: Қазақ жері достықтың гүлстаны  
Ән «Атамекен»

Жүргізуші: Ұлыстарымыз тамыр болған ежелден,

Кімдер қашсын қазақтайын ер елден

Достығымыз ғасырларға жарасқан

Туған елім, шарықтай бер кемелден!

«Ынтымағы жарасқан туған өлкем – Қазақстан» - атты 1 мамыр Қазақстан халықтарының  
бірлігі күніне арналған тәрбие сағаты осымен аяқталды.

## **Сабақтың тақырыбы: Жеңіс деген шат күлкісі баланың»**

Мақсаты: Балаларды адамгершілікке, отанын сүюге, оны қорғауға баулу. Отанға деген сүйіспеншілігін арттыру. Оларға патриоттық тәрбие беру. Балаларды Ұлы Отан соғысымен, Қазақстандықтардың ерлік істерімен, таныстырып, ой өрісін дамыту. Балаларды үлкен адамдарды сыйлай білуге, оларды қадірлеуге тәрбиелеу.

Көрнекілігі: Ұлы Отан соғысы туралы кітаптар, батырлар суреттері.

Сәлеметсіңдерме, балалар!

- Балалар қазір қандай жыл мезгілі?

- Көктемде ауа райында қандай өзгерістер болады?

- Біз қандай елде тұрамыз?

- Президентіміздің аты кім?

- Бүгін қандай күн?

1941 жылы 22 маусымында ойламаған жерден немістер біздің елімізге шабуыл жасаған, яғни соғыс ашты.

Бұл соғыс Ұлы Отан соғысы деп аталды, әрі бұл соғыс 4 жылға созылды. Сөйтіп, 1945 жылы 9 – Мамыр күні біз фашистерді жеңіп шықтық.

Соғыста Кеңес Одағының бірге біздің Қазақстан Республикасы да жан аямай шайқасты.

Даңқты қарулы күштердің және еңбек армиясының құрамында млн қазақстандықтар болған.

Ат ауыздығымен су ішкен, ер етегімен су кешкен сұрапыл соғыста ерлермен бірге қолдарына

қару алып, Отанын қорғауға біздің батыр апаларымыз Әлия Молдағұлова мен Мәншүк

Мамбетова ерлік көрсетіп, батырлықпен қаза тапты. Бауыржан Момышұлы екінші

дүниежүзілік соғыстың даңқты жауынгері, халық қаһарманы қазақтың көрнекі жазушысы.

- Балалар Отан - туған жер туралы тақпақтар.

Оқушы

Отан үшін жанымызды береміз,

Отан үшін барлығына көнеміз.

Отаның да, ананың да алдында,

Осы өмірде парызды өтеп кетеміз.

Оқушы

Туған жерде толамыз,

Ертең жігіт боламыз.

Отан ортақ үйіміз,

Көңілді ән мен күйіміз.

Иә сұралып соғыс ешкімді аямады. Ана жарынан айырылды, бала әкесінен айырылды. Бірақ

үміт оты еш өшкен жоқ. Бала әкесін күте күте берді.

Дүние жүзі халқы бостандық алды. Халық Отан ұғымың терең сезіне түсті. Қаһарман ерлік пен

еңбек жеңіп шықты. Зұлымдық басқыншылық тізе бүкті. Бірлік, ерлік, халықтар достығы нығая түсті.

Арылтып жаудан жерінді,

Табанға жаншып өлімді.

Жеңіспен желпіп өмірді,

Оралды ерлер көңілді,

Десеңдер бұл қай күні.

Тоғызыншы мамыр күні!

- Балалар жеңіс туралы кім тақпақ айтады.

оқушы

Ернар Қызғанып, гүлін жасырып,

Қылтаһақтар да көктеді.

Соғыстың соңғы көктемі.

Жап-жасыл шыбық, тал-дағы,

Ұлы Отан соғысына қатысқан батырларымыз: Бауыржан Момышұлы, Мәншүк Мәмбетова, Әлия Молдағұлова, Мәлік Ғабдуллин, Талғат Бигелдинов.

Ел алдындағы борыштарын өтеп, еліміздің амандығын, жеріміздің тұтастығын, қорғап қалған ерлерге тағзым етеміз. Олар еліміздің жарқын болашағын, жас ұрпақ өмірін, халықтың бақыты мен қуанышын сақтап қалды. Ардагерлер ерліктері арқасында біз осы күнге жеттік. Біздің өз қалауымызбен еркін өмір сүріп, шаттана күлгеніміз бәрі де сол Ұлы Отан соғысы жеңісінің жемісі. Әрине соғыс болмасын!

Біздер соғысқа қатысып батыр болмайық. Біз бейбіт күннің батырлары болуға тырысайық. Ел үшін аянбай еңбек етіп, білім, өз жеріміздің, патриоттары болайық.

Балалар, біздің шекараны кім қорғайды?

Балалар: Солдаттар.

Жеңіс деген шат күлкісі баланың,

Тыныштығы жер мен жаһан даланың.

Жеңіс деген сылдыр күлкі, асқақ ән,

Тыныштығың сол Жеңістен басталған,- дегендей Әнімізді қабыл алыңыздар!

Ән: «Жауынгер сапқа тұр»

Осымен «Ұлы жеңіс - жасасын» атты тәрбие сағаты аяқталды.

## **Сабақтың тақырыбы: «Менің гүлзарым»**

Сабақтың мақсаты: Балалардың гүлдер туралы білімдерін кеңейту өлең тақпақтар арқылы тіл

Байлығын артыру, табиғатты қорғауға, сүйе білуге ,оларды күте білуге тарбиелеу.

Сабақтың әдіс тәсілі : Өнгімелесу, түсіндіру, көрсету, саяхат, тәжірибе,

Сабақтың көрнекілігі: Суретт ер,Бөлме гүлдері.

Сабақтың барысы:Ұйдастыру кезең.

Арайлап таң атты

Алтын сауле таратты

Жарқырайды даламыз

Жарқырайды қаламыз

Қайрлы таң балалар!

Қайрлы таң қонақтар!

Балалар қараңдаршы біздің топқа бүгін көп қонақтар келіпті.

Кәне амандасайық.

Балалар: Сәлеметсізбе!

Енді әдемі отырып, мені мұқият тындаңдар Т

балалар мен бүгін топқа келе жатқанда дәрізде ,бір гүлді тауқып алдым , сол гүлді топқа сол гүлді топқа әкелдім қураған гүлді көрсету

Сендер оның атын білесіңдур ме

Хлорофитум

Ал бізде осы гүл бар ма топта ?

Үстелдің үстіне қойып ,жанына екінші гүлмен салыстыру үшін қою.

Балалар салыстырады,қураған гүлге көмук керек екенін айтады (жері кеуіп қалған,жапырақтары қураған)

Көмектеспей тұрып, алдымен есімізге түсірейікші

- Гүл – ол өсімдік, қай табиғатқа жатады?

Тірі табиғатқа жатады .

- Балалар, гүлдер не үшін керек?

Гүлдер әдемілік үшін керек, гүлді туған күн иесіне мерекеде аналарға сыйлау үшін керек.

Гүлдер ауаны тазартады.

- Гүлдер қайда өседі? (бейне таспадан, гүлдердің түрін көрсету)

Далада, бөлмеде, алаңда, орманда.

Дұрыс балалар, гүлдер екіге бөлінеді дала гүлдері және бөлме гүлдері

- Гүлдер әдемі болып өсу үшін не қажет?

Топырақ, күннің көзі, су қажет.

- Балшыққа отырғызуға бола ма?

Жоқ!

- Балалар, гүлдер қалай қоректенеді екен?

Гүлдер тамыр арқылы қоректенеді.

- Тамыр не үшін керек?

Гүлдерді тамыр ұстап тұрады, тамыр арқылы су жібереді.

Кәне кім гүлдің құрылымын пазылмен жинап, айтып береді. Тамыры, сабағы, жапырағы, гүлдері.

Балалар тамыр арақылы су қалай көтерілетінін көргілерің келе ме?

Тәжірибе: стақанға боялған қызғылт суға, ақ мата батырып көрсету. Балалар сендер гүл туралы көп біледі екенсіңдер, шаршаған шығарсыңдар бойымызды сергітіп алайық.

Сергіту сәті «Табиғат» (музыка)

Балалар гүлдер әлеміне саяхатқа барғыларың келеме?

- Саяхатқа бару үшін қалай киіну керекпіз, қазір жылдың қай мезгілі? Көктем, күннің көзі шығып тұр

- Балалар саяхатқа бара жатқанда өзімізді қалай ұстауымыз керек? Жолда шулауға, қоқыстарды лақтыруға, гүлдерді жұлға, көбелектерді ұстауға болмайды.

Музыка әуенімен «гүл» әлеміне саяхатқа кеттік!

Балалар кәне гүлдердің жұпар иісін иіскейікші.

Балалар қақпасы жабық екен ғой. Сол кезде гүл ханшайымы келіп қалады, Балалар сендер менің гүлдерімді көруге келдіңдерме? Сендер менің тапсырмаларымды орындасаңдар сендерге гүлдерімді көрсетемін. Кіреміз ақырын

Қандай тамаша! Иісін иіскендерші Жұпар иісі қандай тамаша!

1 тапсырмасы:

- Кәне кім тақпақ біледі гүл туралы

Тақпақ:

1. Ұмытпай күнде,

Су құямын гүлге

Тұрады гүлім

Құлпыртып түрін

2. Үйде тұрып өсетін

Әкеп гүлдің көшетін

Топырақты салдымда

Отырғыздым қалбырға

2 тапсырмасы:

Мына құралдар не үшін қажет?

Үстелде (су құйғыш, қопсытқыш, су шашқыш)

3 тапсырмасы:

Гүлдерді санап беріңдерші.

Гүл ханшайымы: Балалар сендер білесіңдерме көктемнің алғашқы гүлін қандай гүл екен?

Бәйшешек дұрыс балалар.

Сол гүлдерді сендерді сендерге сыйлағым келіп тұр.

Балалар саяхат ұнады ма сендерге, гүлдер әдемі екен бірақ гүлдемеңді

Өзіміз жапсырып гүлдендірейікші кәне үстелге жақындаңдар

Алдарыңдағы құмды мына дайын гүлдердің көшетіне, желімді жағып

Құмды себелейміз. Қараңдаршы қандай әдемі гүл болып шықты.

Қорытындылау: Балалар сабақ ұнады ма сендерге?

Біз не туралы көп білдік? Гүл не істей алады?

Гүлдейді, желден шайқалады, су ішеді, қурайды, жұпар иіс шығарады.

Осымен біздің сабағымыз аяқталды, қонақтарымызға сау болыңыз деп,

Бәйшешек гүлдерін сыйлайық.

## **Сабақтың тақырыбы: Ұстазым, сізге мың алғыс !**

Мақсаты: Білім адамзат баласы бас иер асыл тұлға, ұстаздардың ерен еңбегін, мол қадірін, тарихтағы баға жетпес орнын паш ету, жас ұрпақты ұстаздарды құрметтеуге, адамгершілікке сыйлап түсіне білуге үйрету, ұстаз мамандығының қыры мен сырын түсіндіру, ұстаз еңбегін әрқашанда бағалай білуге үйрету.

Көрнекілігі: Ұлағатты сөздер жазылған плакаттар, кеспе парақшалар, гүлдер, шарлар.

Барысы: 1. Тәрбие сағатының ашылуы, Ұстаздарды мерекелерімен құттықтау.

2. Ұстаздарға арнау. (өлең оқу)

Қорытынды.

Мұғалім: Құрметті ұстаздар, оқушылар! "Ұстазым, сізге мың алғыс!" атты мерекелік шоуы ашық дей отырып, қадірлі ұстаздар, сіздерді төл мерекелеріңізбен құттықтаймыз!

Сіздердің шәкірттерді тәрбиелеп, білім нәрін сусындатудағы жас буынға дұрыс бағыт-бағдар беру жолындағы еңбектеріңіз жана берсін демекпіз!

Төл мерекелеріңіз құтты болсын аяулы ұстаздар!

1-жүргізуші: Армыыздар ардақты ұстаздар! Баршамыздың сауатымызды ашып, білім нәрімен сусындатып, өмірге қанат қақтырған ұлағатты ұстаздар! Мерекелеріңіз құтты болсын!

2-жүргізуші: Мадина. Ғылым иесі ғалым да, ел қорғаған батыр да, тілінен бал тамған ақын да, тегеуіріні темір балқытқан жұмысшыда, егін салып, мал бағып терін төккен шаруа да, көкті шарлаған ғарышкер де ұстаздан білім үйреніп тәлім алған. Ұлағатты ұстаздар сіздерге бүкіл адам баласы бас иеді. 1-жүргізуші:

Ұстаз, ұстаз қасиетті есімің,

Құттықтайды барша халық осы күн,

Өзің берген біліміңе қандырып,

Талай ұлан шәкірттерді өсірдің.

Құрметті ұстаздар олай болса, 11-сынып оқушыларының құттықтауларын қабыл алыңыздар.

Флешмоб (мұғалімдерді құттықтау)

(слайд арқылы құттықтау).

Мұғалімдерге арнау.

Оқушы: ұстаздардың әсерлі үнімен асықпай мәнерлеп сөйлеген сөзінен әрбір оқушыға деген қамқорлықтың, аналықтың, әкелік сезімнің, дана ойдың ыстық лебі есіп тұрғандай.

Иә, адамның жан дүниесін түсініп, еңжітпей қателігін сезіндіре білу-бұл нағыз шеберлік емес пе?

Оқушы: Шәкірттер сіздерді айтып мақтанады,

Бейнелерің жүректерде сақталады.

Біз, жастар, биіктерден көрінеміз,

Үмітпен сенімдерің ақталады.

Оқушы: Жақсылық атаулыға жарым жандар,

Жамандық атаулыға қарсы жандар.

Баланы сусындатып өсіруге,

Білімнің бұлақ көзін

Ән: "Ұстазым" орындайтын Аяулым

Ұрпақпен өмір жолы жалғанады,

Көңілде күндер тусын алдан әлі.

Ән шашу әсем-әуен, түрлі өнер,

Бүгінгі күн сіздерге арналады.

"Ұстазым менің" әнімен Ақжарқын ортаға шақырамыз.

1-жүргізуші: Нұрбол.

Асыға сәлем жолдап жүрекпен біз,

Бірге өсіп ен жайлаған ұл мен қыз,  
Тәтті күй, асқақ ән мен әсем би,  
Сіздерге тарту етіп ұсынамыз,- дей келе, алдарыңызда мектебіміздің мың бұралған биші қызымызды ортаға шақырамыз (Хорезм биімен Асылтас).

2-жүргізуші: Құрметті ұстаздар! Оқушылар арасында мына номинациялар бойынша сауалнама жүргізген болатынбыз. Сол сауалнаманың қорытындысы бойынша Жанат апай ең ақылды ұстаз номинациясы бойынша марапатталады, Ең сүйікті ұстаз Мағила апай, Ең қамқор ұстаз Ақсан апай, ең мейірімді ұстаз Бибігүл апай, ең сұлу ұстаз Лаура апай, ең белсенді ұстаз Айгүл апай марапатталады. Алғыс хаттарыңыз құтты болсын!

1-жүргізуші: "Ұстазым менің ұстазым."

Мен алғаш мектеп есігін ашқанымда,

Күнім болып көріндің аспанымда.

Білім болып егілдің жас жанымда,

Гүлің болып төгілдің асқарыңа.

Біз дегенде ұмытып бас қамын да,

Қас қағымға қасыңнан тастадың ба?

2-жүргізуші: Ертіп кеттің елемей қиындықты,

Асқарына ғылымның бастадың да.

Қолым жетіп шын бақыт ұшпағына,

Аялы алақаныңнан ұшқанымда.

Кім боп, қайда жүрсенде қасымдасың,

Адал еңбек, алғысым ұстазыма!

1-жүргізуші: Сіздерге мықты денсаулық пен баянды бақыт, еңбектеріңізге шығармашылық табыс тілейміз! Әрдайым ел игілігі үшін еңбек етіп, егемен еліміздің ертеңі болатын өрелі өрендерді өсіріп, тәрбиелеп, ұяларыңыздан ұшыра беріңіздер!

2-жүргізуші: Дария судың ағыны, Құрметтеген шәкіртті, сыйымызға риза бол, Мұғалімдер қауымы! Осы "Ұстазым, сізге мың алғыс" атты кешіміз аяқтаймыз.

Хор. "Ұстазым"





## 2023-2024 оқу жылындағы 8 «Ә» сыныбының тәрбие жұмысының жылдық есебі

1. Оқу жылының жылдық жұмыстарындағы сыныптың тәрбие жүйесін жоспарлау мен тиімділік мақсатын талдау:

2. Оқушылардың дамуында әлеуметтік жағдайының динамикасын талдау:

*Барлық 18 оқушының 13 қыз, 5 ұл.*

*Көп балалы отбасынан - 4 бала*

*Аз қамтылған отбасынан - 3 бала*

*Үйде оқытылатын бала - 1*

### 3. Сынып ұжымы дамуына талдау:

Сыныпты жалпы зерттегенде сыныпта белсенді бірнеше оқушылар бар.

Сыныптағы оқушылардың бір-бірімен қарым-қатынасы өте жақсы, қалыпты.

Сыныптың топ басшысы Себенова Сабина және оқу секторы Рахатқызы Ұмсынай, бірнеше сынып белсенділері бар. Үздік оқитын оқушылар: Баймуканова Дария.

Сынып оқушыларының қарым-қатынастық мінезі – қыз балалар өзара да, ер балалармен де сыпайы қарым-қатынаста. Қыз балалар сынып ішінде шешім қабылдағанда басымдылық көрсетеді.

Сынып оқушылары көркем еңбек, домбыра, би, дене шынықтыру пәндерінен түрлі үйірмелерге қатысады.

Оқушылар мектептің түрлі іс-шараларында қатысып, белсенділік таныта білді.

4. Мектеп өміріне сынып оқушыларының қатысуын талдау:

Мектеп шараларында сынып оқушыларының қатысуға қызығушылығы бар, белсенділік көрсете біледі. Сонымен қатар, 8 «Ә»-сыныптар арасындағы топтық жарысқа ауызбіршілікпен қатысып, тең түсті.

5. Сынып оқушыларының дамуына талдау:

- Оқушылардың көркем-эстетикалық, еңбек және шығармашылық таным деңгейі, сынып кабинетінің тазалығын ұстау, мектеп формасын кию, сынып кезекшілігін жауапкершілікпен атқаруда, олардың еңбек, көркем –эстетикалық деңгейін
- « жақсы» деп бағалауға болады.
- 2023-2024 оқу жылының ІІ жартыжылдығында сынып құрамында өзгеріс болды. Бір оқушы-Иманғалиева Бану кетіп, Табинбаева Сабрина келді. Оқу үлгірімі – орташа . І -тоқсанда---- 28%, ІІ-тоқсанда ----33,33% , ІІІ -тоқсанда---- 38,88%, ІV -тоқсанда---- 33,33%, Жылдық үлгірімі – 38,88% көрсетті. Жылдық үлгірімі бойынша үздік оқушы: Баймуканова Дария. Афанасьева А., Рахатқызы Ұ., Екпінділер саны: 4 бала -Саменқызы А., Себенова С., Түйешина Л., Табинбаева С.

6. Отбасы мен педагогикалық қарым-қатынастың талдануы

Сыныптағы ер балалар мен қыз балалардың қарым-қатынасының қалыптасуында кемшіліктерді жоюға, болдырмауға, тәрбие туралы әңгіме өткізуге мектеп психологы Сырымова Нұрия мен Анаргүл ат салысты.

7. Сынып жетекшісінің тәрбие жұмысының тиімділігі мен сыныптағы тәрбие үрдісінің ұйымдастырылуына талдау:

*Сыныпта өткен тәрбие шараларының мазмұнынан оқушылардың аса ықыласпен қабылдағаны:*

«Білімдіден шыққан сөз, талаптыға болсын кез» - деп Абай атамыз айтқандай ақыл-ой тәрбиесінде пікірлесу, пікірталас арқылы ой дамыту, оқушы тұлғасының өзіндік ерекшеліктеріне сәйкес оның дарынын дамытуға, интелектісін арттыруға ат салысатын адамның өзі осыған сай болғаны дұрыс болу мақсатында оқушыларды соған сай етіп тәрбиелеу біздің басты міндетіміз. Оқу жылының басында тәрбие бағыттарының тақырыптарына сәйкес күнтізбелік тақырыптық жоспар құрылып, бекітілді. Биылғы оқу жылындағы тәрбие жоспары бойынша үш құндылықпен жұмыс жасайтын боламыз.

Олар: Ұлттық мүдде, Ар-ұят, және талап

Ұлттық мүдде де

- Отаншыл, мемлекетшіл және намысшыл
- Мемлекеттік рәміздерді қадірлейді
- Елінің тарихын құрметтейді
- Ұлттық мирасты мәдениетті дәріптейді
- Құқықтық және экологиялық мәдениетті жоғары бағалайтын болады

Ар-ұят құндылығында

- Ар-ұят, адалдықты жоғары бағалайды
- сөзіне берік, ісіне жауапкершілікпен танытады
- Ата-анасына сүйіспеншілікпен қарайды
- Достарын, сыныптастарын сыйлайды
- Кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетуге тәрбиелейміз

Талап құндылығында

- Жан мен тән тазалығын сақтайды
- Дұрыс тамақану мәдениетін түсінеді
- Қоршаған орта тазалығын сақтайды
- Ақпараттық медиа және қаржылық сауаттылық
- Ізденімпаз, жасампаз тұлға ретінде тәрбиелейміз

1 қыркүйек білім күнін "Мектебім-мейірім мекені!" атты тәрбие сағатымыз бен бастау алды. Тәрбие жоспарымен қатар балаларға қосымша жолда жүру ережесі бойынша тақырыптар да қосымша өтізілді. Ол тақырыптар Білім класс платформасына бекітілген тақырыптармен тәрбие жоспарының тақырыбымен толтырылды. 1 қыркүйек-білім күні «Мектеп-мейірім мекені», «Мектеп-мейірбандық мекені», Отбасылық татулық, қоғамдағы татулық. ЖЖЕ. Жол жүру ережесінің пайда болуы. Жол белгілерінің халықаралық тілі, «Отбасылық дәстүрлер», «Спорт ойындары күні», «Бір отбасы-бір кітап», «Денсаулықтың 6 шарты- таза ауа, дұрыс тамақтану, қозғалыс, тыныш ұйқы, көтеріңкі көңіл-күй, күйзеліске түспеу». ЖЖЕ. Қозғалысты реттеу нысандары, «Ұстаз! Сіздің алдыңызда, Жолда жүру ережесі, «Оян, ар мен адалдық», «Ұлттық валюта күні» ЖЖЕ. Жол белгілері, «Үнемділік инноваторы», "Мейірімділікпен сенім есігін ашады", «Тарихпен тіл тамырлас», «Ұлттық рух – тәуелсіздік тірегі», «Таным. Тағылым. Тәрбие». Жемқорлыққа балалық шақтан жол жоқ! ЖЖЕ. Жаяу жүргіншілермен велосипедшілердің міндеттері мен жол жүру ережелерін бұзғаны үшін жауапкершілігі, екінші жарты жылдықта-1 мамыр-

Қазақстан халықтарының бірлігі күні, «Жеңіс деген шат күлкісі баланың», Менің гүлзарым», «Ұстазға алғыс». Қорытынды сабақпен оқу жылымызды аяқтадық. Оқу жылының қорытындылауы жаман емес жақсы деген бағамен аяқтадық.Былғы оқу жылының қорытындысы осындай. Келесі оқу жылында бұдан да жақсы жетістік пен жақсы нәтеже көрсетеміз деген ойдамыз



**"Бала тәрбиесіндегі  
ата-ананың рөлі" 8" ә" сынып**













